тәуелсіз кезеңдерінің бірі ретінде пайда болады. Р.Қ. Қадыржановтың анықтамасы бойынша, «қоғамның топтасуы оның табысты реформалануының әлеуметтік-саяси және мәдени іргетасы болып табылады». Бірыңғай келісілген ұстанымдарды әзірлеу, сондай-ақ оларды қоғамның тануы және қолдау тенденциясы жаңғырту үрдістерін жүзеге асырудың ажырамас бөлігі болып табылады. Қазақстан транзиттік қоғамының даму спектрін Н. К. Қалиев зерттейді. Ол ҚР Парламенті мен саяси партиялардың өзара іс-қимыл технологиясын қолданыстағы заңнама шеңберінде қарастырады. Оның пікірінше, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды тұрақты талдау және пайымдау қоғамдық өмірге қатысу форматындағы ынтымақтастық негізінде пісіп-жетілген және өзекті мәселелерді шешудің жаңа жолдарын іздеу қажет [4, с. 31-37]. Жалпы, зерттеушілер демократияландыруды посткоммунистік қайта құрудың қажетті негізі ретінде анықтайды. Ол қоғам мүшелерінің азаматтық және саяси құқықтарының жан-жақты нақты көрінісі ретінде әрекет етеді. Оның аясында саяси жүйені реформалау азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуына бағытталған. Қазақстанды дамытудың неғұрлым қолайлы және бейімделген өзіне тән ерекшеліктеріне қоғамды демократияландырудың либералдық бағыты жатады деп пайымдаймыз. Демократияландыру Қазақстанды саяси жаңғырту үрдісінде әртүрлі әлеуметтік-саяси күштерді топтастыру үшін іргелі негіз қалайды. Қазіргі кезеңдегі саяси даму демократияның жаңа идеялық тенденцияларын қалыптастыру мүмкіндігін білдіреді. Үздіксіздік және серпінділік-тарихи мұра сабақтастығының идеялық-адамгершілік басымдықтарын сақтауға және халықтың ғасырлық дәстүрлеріне негізделген адамгершілік қағидаларын сақтауға негізделген Қазақстандық қоғамның өтпелі кезеңінің негізгі бағыттары. Бұл ереже саяси шындықтың қалыптасқан жағдайлары мен шындықтарына сәйкес тез және жан-жақты қайта құру динамикасы мен қабілеті сияқты саяси жаңғырудың іргелі аспектісін ескерудің өзектілігі мен қажеттілігін алға тартады. Әлеуметтік міндеттерді шешу контексінде жоғары технологияларды қолдану негізінде өзінің экономикалық әлеуетін тұрақты түрде арттыру жолындағы қозғалыс өзекті болып отыр. Осы өлшемде Қазақстанның саяси жаңғыруының маңызды ерекшелігі мемлекет, қоғам және жеке тұлға мүдделерінің топтасуы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Амелина А.Н. Политическое будущее Казахстана. Москва: ПРИОР; 2017. С. 309.
2. Яковлев А.П. Политические процессы постсоветского пространства. Москва: Сمارт; 2019. С 75.

3. Дьяченко С.А. Политический транзит в современном Казахстане. – Астана: Елорда. - 2001. – С. 384.

4. Калиев Н.К. Парламент и политические партии: проблемы взаимодействия // АльПари. – 2005. - № 3. – С.31-37. 10. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана. 11 ноября 2014 г. НұрлыЖол – путь в будущее/ www.akorda.kz

Амалбеков Е.Н.

*Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының магистранты
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН ҚАРАП ЖӘНЕ ШЕШУДЕГІ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ

Басқа мемлекеттердің еңбек дауларын қарап және шешу бойынша тәжірибесін талдау арқылы біз өзіміздің еңбек дауларын реттеу бойынша ішкі заңнамамызды жетілдіруге мүмкіндік аламыз. Еңбек дауларын реттеу бағытында әр мемлекеттің жүзеге асырып жатқан іс-шараларыда әртүрлі және өзіндік ерекшеліктері де бар.

И.Я. Кисилевтің пікірінше, заң ғылымында еңбек құқығының ұлттық және аумақтық жүйесін зерделейтін және салыстыратын, еңбекті құқықтық реттеу аясында дүниежүзілік тәжірибені жинақтайтын салыстырмалы еңбек құқығы деп аталатын жаңа бағыт пайда болды. Бұл тәжірибе ұлттық еңбек құқығын терең түсіну үшін оны зерделеумен жетілдірудің қажетті де және жемісті құрамдас бөлігі[1,3б.].

Р. Бланпеннің пайымдауынша, еңбекті құқықтық реттеудегі шетелдік жүйелерді талдау ауқымды артықшылық береді – өзіндік ұлттық тәжірибені халықаралық тәжірибемен салыстыра отырып қарауға мүмкіндік береді; шетелдің құқықтық жүйелерді зерделей отырып, белгілі бір келелі мәселе басқа мемлекетте өзгеше шешемін тапқандығына көз жеткізе отырып, мәдени таңғалысқа душар боласың. Және бұл тағы бір рет сол өзінің ұлттық еңбек құқығындағы келелі мәселені басқаша көзқараста, келелі мәселенің мәнін байытылған түсінікпен жаңа тұрғыдан қайта талдауға және бағалауға мәжбүрлейді[2,4б.].

Келесі автордың пікірінше, салыстырмалы-құқықтық зерттеудің ең маңызды міндеттерінің бірі ұлттық еңбек құқығының дамуын дүниежүзілік үрдіспен салыстыру және оның негізінде еңбек құқығының ұлттық жүйесі қандай деңгейде осы үрдіске сәйкестендірілгендігін, ол дүниежүзілік дамудың алдында ма немесе одан артта қалып қойды ма немесе өзге қарама қайшы бағытта дамуда ма деген сұрақтарға жауап алуға болады[3,24б.].

Жалпы дүние жүзінде еңбек дауларын қарап және шешуде қолданылатын тетіктердің екі нұсқасы қалыптасқан:

1) сот арқылы шешу;

2) әкімшілік органдар арқылы шешу.

Дүниежүзілік Еңбек Ұйымы еңбек дауларын реттеу жүйесін үш түрге жіктеген:

1) еңбек дауларының алдын алу және реттеу функциясы мемлекеттік органдарға жүктелген, атап айтқанда еңбек министрліктерінің, еңбек департаменттерінің жергілікті жерлердегі еңбек мәселелері бойынша құрылымдық бірліктері татуластыру және төрелік функциясын жүзеге асырады. Ал мемлекеттік емес жеке құрылымдар бұндай реттеуге шектелген түрде қатысады. Осындай аталған жүйесі бар мемлекеттер қатарында Африка, Азия, Европа, Америка, бірқатар араба мемлекеттері бар.

2) қолданыстағы ішкі заңнамасына сәйкес еңбек дауларын алдын алу және реттеу үшін құрылған тәуелсіз ұйымдар. Мұндай ұйымдар тәуелсіз комиссиялар, төрелік түрінде құрылуы мүмкін. Олардың өздерінің ішкі құрылымдық бірліктері және қызметін реттейтін өзіндік регламенті болады. Олардың қызметі мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатындығына қарамастан, олар қандай да бір еңбек саласындағы мемлекеттік органдардан, кәсіподақтардан, саяси партиялардан, бизнес өкілдерінен тәуелсіз қызмет атқарады. Мысал ретінде «АҚШ-да құрылған Делдалдық және татуластыру федералдық қызметін, Ұлыбританиядағы Кеңес беру, татуластыру және төрелік қызметі, Ирландиядағы Еңбек қатынастары бойынша комиссия, Оңтүстік Африка Республикасындағы Татуластыру, делдалдылық және төрелік бойынша комиссияны[4] келтіруге болады.

3) еңбек дауларын алдын алумен және оны реттеумен байланысты міндеттерді еңбек саласындағы мемлекеттік органмен қандай да бір тәуелсіз органның арасында бөлу (аралас, біріге отырып реттеу). Мысалы, Камобджалық тәжірибеде елдің еңбек және кәсіби-техникалық білім министрлігінің еңбек департаментімен Төрелік кеңестің арасында аталған міндеттерді бөлу орын алған[4]. Сондай-ақ испаниялық тәжірибеде мұндай міндеттерді бөлу жұмыс берушілердің ұйымдарымен кәсіподақтардың арасында орын алуы мүмкін (Татуластырудың және төреліктің салааралық қызметі[4]).

Еңбек дауларын шешудегі германиялық тәжірибені талдаудан бастайық. Германияда жеке еңбек дауларын шешу арнайы еңбек дауларын шешу үшін құрылған соттар арқылы жүзеге асады және басқа мемлекеттерде, бізде жиі қолданылатын соттан тыс балама тетіктерде (ADR) қолданылуда, бірақ басымдылық арнайы соттарға беріледі. Тек ұжымдық дауларды шешуде келістіру процедуралары, бәсірелік, төрелік, белгілі бір фактілерді анықтаушы үшінші жақтың көмегі және т.б. қолданылуы мүмкін.

Еңбек дауларын шешу үшін құрылған арнайы соттар үш сатылы болып келеді:

- 1) бірінші сатыдағы еңбек даулары бойынша соттар (Arbeitsgerichte);
- 2) екінші сатыдағы еңбек даулары бойынша апелляциялық аумақтық соттар (Landesarbeitsgerichte);
- 3) жоғарғы сатыдағы еңбек даулары бойынша соттар

(Bundesarbeitsgericht)[5].

Бұл соттардың құрамында қалыптастыруда ерекшеліктер бар. Олардың әрқайсысында кәсіби судья және халық заседательдері болуы тиіс. Бірінші инстанциялық соттың құрамы аталған тұлғалардан басқа бір маманнан (Berufsrichter) және жұмыс берушілер ұйымымен және кәсіподақтармен тағайындалған екі кәсіби емес мүшелерден (ehrenamtliche Richter) тұруға тиіс.

Ал Еңбек даулары бойынша соттар туралы Заңда аталған соттардың айрықша соттылығына жатқызылған істердің шеңбері қарастырылған[6]:

- 1) ұжымдық даулардан туындайтын азаматтық-құқықтық даулар;
- 2) ұжымдық келіссөз жүргізуге қабілетті тараптар арасындағы, тараптармен үшінші тұлғалар арасындағы ереуілге шығу немесе қауымдастық бостандығына қатысты мәселелер бойынша азаматтық даулар;
- 3) еңбек қатынастарынан туындайтын, еңбек қатынастарының бар екендігі немесе жоқ екендігіне байланысты, еңбек қатынастарына түсу туралы келіссөздерден және олардың салдарынан туындайтын, еңбек қатынастарымен байланысты деликтерден туындайтын, жұмыс құжаттарынан туындайтын жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы азаматтық-құқықтық даулар;
- 4) жұмысшылармен немесе олардың асырауға мұқтаж мұрагерлерімен жұмыс беруші арасындағы еңбек қатынастарымен заңи немесе экономикалық тұрғыдан байланысты наразылықтан туындайтын азаматтық-құқықтық даулар және т.б.

Германияда соттан тыс еңбек дауларын реттеу институттары дамыған. Сондай институттардың бірі татуластыру процедурасы (Güteverhandlung)[64] танылады. Бұл тетікті қолдану кезінде судьямен дауласушы тараптар араларындағы еңбек дауын соттан тыс тәртіпте реттеу туралы келісім жасайды, ал келісімге келе алмаса араларындағы дау сотқа қайтарылады.

Келесі еңбек дауларын соттан тыс реттеудің тағы бір тетігі келістіру процедурасы (Güterichter)[7] болып табылады. Оған сәйкес істі қарап жатқан судьялар істі қарауға қатыспайтын судьяны келістіру жүргізу үшін іске тартады, ал дауласушы тараптар да келісе отырып, соттан тыс делдалды іске қатыстырады. Бұл жерде де дауласушылар келісімге келмесе, іс сотта қаралып шешілуге жатады.

Сонымен бірге бірінші сатыдағы еңбек даулары бойынша соттар істі ресми қарауды бастар алдында тараптардың арасында бітімгершілік рәсімін өткізуі керек.

Жеке еңбек дауларын шешуде кәсіпорында құрылатын кеңестерде қатысуы мүмкін. Мұндай кәсіпорын кеңестері жұмысшылардың мүдделерін білдіреді. Кәсіпорын туралы конституциялық заңға сәйкес жұмыс берушімен кәсіпорын кеңесі арасындағы дауға қатысты келісімге келе алмаса олар төрелік комитетке жүгіне алады. Кез келген жұмысшы оларға қатысты әділетсіз қарым-қатынас орын алса, қандай да бір кемсітушілікке ұшыраса немесе жұмыс беруші болмаса кәсіпорынның өзге жұмысшысы тарапынан жағымсыз жағдайда қалдырылса, жұмыс берушіні шағымдай алады және олардың шағымдарын кәсіпорын кеңесімен қаралуы тиіс. Егер кәсіпорын кеңесіде,

жұмыс берушіде шағыммен келіспейтін болса, болмаса кәсіпорын кеңесі жұмыс берушімен келісімге келе алмаса, кәсіпорын деңгейінде құрылатын төрелік комитетке (Einigungsstelle)[8] жүгінуге құқылы. Мұндай комитет құрамына тәуелсіз төраға, жұмыс беруші тағайындайтын тұлғалар, кәсіпорын кеңесі тағайындайтын тұлғалар кіреді және олардың саны бірдей болуы қажет. Оның құрамына кіретін мүшелерінің саны жұмыс берушімен кәсіпорын кеңесімен келісе отырып анықталады.

Қытай Халық Республикасының еңбек дауларын реттеуде өзіндік ерекше тәжірибесі бар. «Еңбек туралы» ҚХР-ның Заңында[9] еңбек дауларын реттеу мәселелеріне қатысты жеке тарау қарастырылған, осы Заңмен қатар еңбек дауларын реттеуде 2007 жылдың 27 желтоқсанында қабылданған «Еңбек дауларындағы медиация және төрелік туралы» ҚХР Заңының[10] ережелері тікелей қолданылады.

ҚХР Еңбек Заңының 77-бабына сәйкес еңбек даулары төреліктің көмегімен немесе соттық тәртіпте немесе бітімгершілік процедураларының көмегімен шешілу мүмкіндігі белгіленген.

Еңбек дауларын реттеу бірнеше сатыдан өтуі мүмкін:

1) дауласушы тараптар өздерінің арасындағы дауды ең алдымен әрбір мекемеде орын алатын еңбек дауларын татуластыру бойынша комиссияға жүгінуге міндетті;

2) егер дауласушы тараптарды татуластыру мүмкін болмаса және олардың біреуі төрелік талқылауды талап етсе, арасындағы еңбек дауы еңбек даулары бойынша төрелік комиссияда қаралады;

3) егерде еңбек даулары бойынша төрелік комиссияның шығарған шешімі орындалмаса, халық сотына жүгінуге жол беріледі. Еңбек дауларын шешкен кезде дауласушы тараптар аталған ретті сақтауға міндетті.

Еңбек дауларын татуластыру бойынша комиссия құрамы жұмысшылардың өкілдерінен, жұмысқа жалдаушылардың өкілдерінен және кәсіби одақтың өкілдерінен тұрады, төрағасы кәсіби одақ өкілдері арасынан тағайындалады.

Ал еңбек даулары бойынша төрелік комиссия құрамы еңбек әкімшілігі органының өкілдерінен, оларға деңгейлесі кәсіподақ өкілдерінен және жұмысқа жалдаушылардың өкілдерінен қалыптастырылады. Төрағасы ретінде еңбек әкімшілігі органының өкілдерінен арасынан тағайындалады.

Сонымен бірге бұл аталған еңбек институттарына арызбен жүгіну үшін арнайы мерзім белгіленген:

– еңбек даулары бойынша төрелік комиссияға дау туындаған күннен бастап алпыс күн ішінде жүгіну қажет және арызды алғаннан кейін комиссия өзінің шешімін алпыс күн ішінде шығаруға міндетті;

– еңбек даулары бойынша төрелік комиссияның шығарған шешімімен келспеген жағдайда, осы шешімді алған күннен бастап он бес күн ішінде сотқа жүгінуге міндетті[10].

Ұжымдық еңбек келісім-шартын жасауға қатысты дау туындаған кезде және ол дау шешілмесе, сәйкес халық үкіметінің еңбек әкімшілігі органы келістіру процедурасын өткізеді, ал бұдан еш нәтиже шықпаса, еңбек даулары

бойынша төрелік комиссияға жүгінуге жол беріледі, сондай-ақ бұл комиссияға ұжымдық еңбек келісім-шарты орындалмаған жағдайда да жүгінуге жол беріледі. Ал бұл аталған жағдайларда нәтиже шықпаса, халық сотына жүгінуге жол беріледі. Бұл жағдайда да сотқа жүгінуге он бес күндік мерзім берілген.

ҚХР Еңбек заңнамасында қарастырылған еңбек дауларын шешу тетіктерімен қатар, осы жеке еңбек дауларын шешудің өзге де жолдары «Еңбек дауларындағы медиация және төрелік туралы» ҚХР Заңында қарастырылған, дәлірек айтсақ медиацияның және еңбек даулар төрелігі комитетінің көмегімен жүзеге асады.

Осы Заңның 2-бабында жұмысқа жалдаушымен жұмысшының және қызметкердің арасында туындайтын жеке еңбек дауларының түрлері белгіленген:

- 1) еңбек қатынастарын анықтау бойынша;
- 2) еңбек келісім-шартын жасау, орындау, өзгерту, бұзу немесе тоқтауға байланысты даулар;
- 3) тізімнен алып тастаумен, лауазымнан босатумен, жұмыстан шығарумен, жұмыста қалудырумен байланысты даулар;
- 4) жұмыс уақыты, демалыс уақыты, әлеуметтік сақтандыру, әл-ауқат, қызметкерлерді оқыту, еңбекті қорғау мәселелері бойынша даулар;
- 5) еңбекке ақы төлеу, өндірістік жарақатты емдеу бойынша медициналық шығыстар, субсидиялар мен өтемақылар төлеу мәселелері бойынша даулар;
- 6) заңнамалық және нормативтік құқықтық актілермен қарастырылған өзгеде жағдайлармен байланысты даулар[10].

Жұмысшы еңбек дауын шешу бойынша келісімге келу үшін кәсіподақтың немесе үшінші жақтың көмегіне жүгіне алады. Сондай-ақ дауласушы тараптар келесідей жағдайларда медиатордың көмегіне жүгіне алады:

- 1) дауласушы тараптар келісімге келе алмаса;
- 2) дауласушы тараптардың келіссөз жүргізуге ниеттері болмаса;
- 3) дауласушы тараптар келісімге келсе, бірақ ол келісімнің талаптары орындалмаса[10].

Ал еңбек дауларын шешудің келесі түрі еңбек даулар төрелігі бойынша комитетке жүгіну болып табылады, оған келесідей жағдайлар орын алса, жүгінуге жол беріледі:

- 1) дауласушы тараптар медиация нәтижесінде келісімге келе алмаса;
- 2) дауласушы тараптардың медиатордың көмегімен келіссөз жүргізуге ниеттері болмаса;
- 3) дауласушы тараптар медиациялық келісімге келсе, бірақ ол келісімнің талаптары орындалмаса[10].

Ал еңбек даулар төрелігі бойынша комитетінің шешімі орындалмаса ғана халық сотына жүгінуге жол беріледі.

Бұл еңбек дауларында біріге отырып қатысушылардың саны он адамнан асса, араларынан өкіл тағайындап, сол өкіл арқылы дауды шешуге қатысуға жол беріледі.

Сонымен бірге аталған Заңда еңбек дауларын реттеудің тағы бір екі тетігі

қарастырылған. Атап айтқанда үш жақты үйлестіруші орган және еңбек істері жөніндегі басқарма арқылы реттеуге болады.

Үш жақты үйлестіруші органның құрамына уездік деңгейден төмен емес халықтық үкімет жанындағы еңбек істері жөніндегі басқарма өкілдері, кәсіподақтар және дау орын алған кәсіпорын өкілдері кіреді.

Ал еңбек істері жөніндегі басқарма тек белігілі бір еңбек дауларын реттеу құзырына жатқызылған. Ондай даулардың түрлері келесідей:

- 1) жалақыны төлеуді кідіртсе;
- 2) жалақыны толық көлемде төлемесе;
- 3) өндірістік жарақатты емдеу бойынша медициналық шығыстар, экономикалық субсидиялар мен өтемақылар төлеу кідірілсе туындайтын даулар[10].

Медиативтік процедураларды келесідей ұйымдар жүргізуге құқылы:

- 1) кәсіпорынның еңбек даулар медиациясы бойынша комитеті;
- 2) базалық деңгейдегі медиация жүргізу бойынша заңға сәйкес құрылған ұйым;
- 3) құзыретінде еңбек дауларына медиация жүргізуге құқығы бар, болыстық деңгейде (кварталдық басқару деңгейінде) заңға сәйкес құрылған ұйым[10].

Кәсіпорынның еңбек даулар медиациясы бойынша комитеті кәсіподақпен тағайындалатын немесе еңбек ұжымымен сайланатын еңбек ұжымының өкілдерінен және кәсіпорынның жауапты тұлғаларымен тағайындалатын сол кәсіпорынның өкілдерінен тұрады. Төрағасын екі жақ келісе отырып немесе кәсіподақ тағайындайды. Сонымен қатар оның мүшелеріне де қойылатын талаптар бар: кәметтік жасқа толған, заң білімі бар және т.б.

Медиациялық арыз жазбаша немесе ауызша нысандарда берілуі мүмкін. Ауызша нысанда берілетін болса, медиациялық ұйым хаттама жүргізу тиіс, онда арызданушыға қатысты мағлұматтар, дауға қатысты мән-жайлар, туындау себептері, уақыты мазмұндалады.

Медиациялық келісімге келсе, сәйкес түрде рәсімделеді, ал егер келісімге келмесе, медиациялық арыз қабылданған күнен бастап он бес күн ішінде төрелікке жүгінуге жол беріледі[10]. Сонымен қатар еңбекке ақы төлеу, өндірістік жарақатты емдеу бойынша медициналық шығыстар, субсидиялар мен өтемақылар төлеу мәселелері бойынша дауларға қатысты медиациялық келісім жасалса, бірақ жұмысқа жалдаушы белгіленген мерзімде міндеттемесін орындамаса, онда жұмысшы осы келсімді қоса арызбен халық сотына төлемдерді өндіріп алу туралы бұйрық шығару үшін жүгінеді.

Еңбек дауларында шешуде қытайлық нұсқадағы төреліктің жұмысын ұйымдастыруда және онда істерді қарау тәртібінде өзіндік ерекшеліктері бар. Еңбек даулары төрелігі комитеті әр қалада, әр уездерде, аудандарда құрылады, олар сол қала немесе уезді кіретін провинцияның (автономдық ауданның) үкіметтерінің шешімімен құрылады. Ал қалалдағы үкімет сол қалаға кіретін аудандарда, уездерде аталған төрелік комитеттерді құруы мүмкін. Құрамы кәсіпорын өкілдерінен, кәсіподақ өкілдерінен еңбек істері жөніндегі басқарма өкілдерінен тұрады және мүшелері саны тақ санды болуы тиіс.

Төрелік комитетке келесідей міндеттер жүктеледі:

1) комитетке жұмысқа арнайы шақырылған немесе қоса атұарылатын лауазымдағы қызметкерлерді лауазымына тағайындайды немесе лауазымынан босатады;

2) еңбек дауларын қарауына қабылдайды;

3) маңызды немесе күрделі еңбек дауларына талқылауды жүзеге асырады;

4) төрелік жұмысына қадағлауды жүзеге асырады[10].

Сонымен қатар комитеттің төрелеріне қатысты талаптар қойылған:

1) бұрын судьялық лауазымды атқарған болуы тиіс;

2) құқық аясында ғылыми-зерттеу немесе оқытушылық жұмысын атқару тиіс және орта деңгейден тқмен емес қызметтік атаққа ие болуы тиіс;

3) құқықтық білімі болуы тиіс және еңбек ресурстарын басқару аясында немесе кәсіподақта бес жыл өтілімі болуы тиіс;

4) үш жылдан төмен емес адвокаттың қызметпен айналысу құқығына лицензиясы болуы тиіс[10].

Еңбек дауының ведомстволық бағыныстылығы еңбек келісім-шартының жасалу орнымен немесе жұмыс берушінің орналасқан жерімен анықталады, яғни арыз еңбек келісім-шарты жасалған орындағы немесе жұмыс беруші орналасқан жердегі төрелік комитетке беріледі және сол жерде қаралады.

Төрелік арыз беру үшін талаптың ескіру мерзімі сақталуы тиіс, яғни құқығының бұзылғандығы туралы білген кезден немесе білу тиіс болған кезден бастап бір жыл мерзім[10].

Күрделі еңбек даулары үш төремен қаралады, ал қарапайым даулар жалғыз төремен қаралуы мүмкін. Төрелік арыз төреліктің қарауына қабылдау туралы шешім ондай арыз келіп түскен күннен бастап бес күнде шығарылуы тиіс, егер арыз қабылданса, бес күн ішінде төрелік құрамының құрылғандығы туралы және істің қаралатындығы туралы дауласушы тараптарға хабар береді.

Одан кейін төрелік отырысының уақыты мен орны туралы, ол болар алдында бес күн қалғанда дауласушы тараптарға хабарланады. Төрелікте іс жүргізген кезде хаттама жүргізіледі. Егер дауласушы тараптар келісімге келсе, бітімгершілік келісім рәсімделеді, ал егер келісімге келмесе, төрелік ұйғарым шығарады. Істі қарау мерзімі төрелік арыз қабылданған күннен бастап қырық бес күнді құрайды, күрделі мән-жайлар орын алатын болса, ол мерзім он бес күнге созылуы мүмкін, ал егер аталған мерзімдер ішінде ұйғарым шығарылмаса, дауласушы тараптар сотқа жүгінуге құқылы.

Еңбек дауларын реттеуде франциялық тәжірибенің өзіндік ерекшеліктері бар. Еуропа мемлекеттерінің ішінде еңбек дауларын реттеуде француздық нұсқаны ең тиімді, алдыңғы қатарлы нұсқа ретінде қарастырады.

Франциялық нұсқа Германия мемлекетінде қалыптасқан нұсқаға ұқсас келеді, бұл елдерде еңбек даулары шешу арнайы мамандандырылған еңбек істері бойынша соттарға жүктелген.

Франциялық нұсқадағы еңбек соттарының (прюдомальдық сот (Conseil de prud'hommes)[11]) құзырына жатқызылған еңбек дауларымен байланысты істерді екі топқа жіктеуге болады:

- жұмысқа жалдаушымен олар жалдайтын жұмысшылар арасында жасалған еңбек келісім-шартынан туындайтын барлық жеке еңбек дауларымен байланысты істер;

- жұмысқа жалдаушымен олар жалдайтын жұмысшылар арасында жасалған шәкірттік келісім-шартынан туындайтын барлық жеке еңбек дауларымен байланысты істер.

Сондай-ақ талаптың құны ескерілмейді.

Екі жақтық теңдік қағидасы негізінде жұмысқа жалдаушылардың бірлестіктері және кәсіподақтар ұсынған тұлғаларды бес жыл мерзімге сайлай отырып аталған еңбек соттарының құрамы қалыптасады. Судьялыққа сайлаудың өзінің арнайы процедурасы бар. Ол үшін әр тарапқа арналған жеке-жеке сайлау алқалары құрылады, нәтижесінде жұмысшылар мен қызметкерлерге арналған сайлау алқасы және жұмысқа жалдаушыларға арналған сайлау алқасы қалыптасады. Сайлау құқығын жүзеге асыру үшін тұлға он алты жасқа толған болуы қажет. Ал сайланатын судьяға жеке талаптар қойылады: жасы жиырма бірге толуы қажет; Франция Республикасының азаматы болуы қажет; арыз бергенге дейін екі жыл бойы кәсіби қызметте болуы қажет немесе он жыл бойы жұмыс жасау қажет; соттылығы болмауы қажет немесе құқықтарына тыйым салынбаған немесе шектелмеген болуы қажет. Сондай-ақ судьялыққа кандидат тұлғаларда заңи білімінің болуы міндетті емес[12].

Сонымен бірге еңбек сотының жанында префектпен тағайындалатын заңгер мамандығы бар, кеңесу даусына ие хатшы қызмет атқарады. Еңбек соттарының құрылымында татуластыру бюросынан және сот бюросынан тұратын арнайы мамандандырылған бөлімдер қарастырылған. Бұл бөлімдер келесідей салалар бойынша еңбек дауларымен байланысты істерді қарап және шешуге маманданады:

- өндіріс бойынша;
- сауда бойынша;
- ауылшарушылығы бойынша;
- жоғарғы лауазымдағы мемлекеттік қызметкерлердің істері бойынша;
- өзге де жұмысшылардың істері бойынша[13,141б.].

Келіп түскен арыз келесідей кезектілікті сақтай отырып, қаралуы міндетті: ең алдымен арыз жабық сот отырысында дауды бітімгершілікпен шешу мақсатында татуластыру бюросына жіберіледі, онда әр тараптың жағынан бірдей санды судьялардың қатысуымен татуластыру жүзеге асады және әрбір тарап жеке-жеке тыңдалады. Судьялардың басты міндеті дауласушы тараптарды бір ымыраға келуіне жағдай жасау болып табылады. Егер дауласушы тараптар татуласқан жағдайда арыз берген тарап өзінің қойған талабынан бас тартады немесе екі тарапта өзара талаптарынан бас тартып келісімге келеді. Мұның барлығы сот отырысының хаттамасына тіркеледі және

бұл жағдайда хаттамаға сот шешімінің күші беріледі[12]. Заңда көрсетілген келесідей жағдайларда хаттама мен қатар міндетті түрде даудың мәні бойынша шешім шығару қарастырылған:

- жұмысқа жалдаушы жұмысшыға еңбек кітпашасын беруден бас тартса;
- жұмысқа жалдаушы жұмысшыны жалақы көрсетілетін құжатпен таныстырудан бас тартса;
- және т.б. жағдайларда[12].

Ал егер татуластыру бюросында дауласушы тараптар келісімге келе алмаса, іс сот бюросына жіберіледі. Сот бюросында әрбір дауласушы тараптан ұсынылған бір судьядан құралған екі судья дауды қарауды жүзеге асырады. Сот отырысы сот бюросындағы сияқты жабық түрде емес, ашық түрде жүргізіледі. Сот отырысына қатысушылар құрамына келсек, дауды қарауға екі судьядан басқа хатшы, тараптардың өкілдері қатысады. Бұл жерде әдеттегі сот ісін жүргізудегі сияқты емес жұмысшының өкілі ретінде жұбайы, туысқандары, әріптестері, кәсіподақтың қорғаушылары қатыса алады.

Дауды қарау тәртібі азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген ережелерге сәйкес анықталады. Бірақ дауды қараудың және шешім қабылдаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Көп жағдайда істі қарау ауызша нысанда өтеді, сондай-ақ даудың күрделілігіне қарай мүмкіндігінше жылдам, қарапайым процедуралардың көмегімен өткізілуі мүмкін. Істі қарау бойынша қабылданатын шешім екі судьямен бір ауыздан қабылдануы тиіс. Егер судьялар бір-бірімен келісімге келмеген жағдайда іс жаңадан сол бюрода, азаматтық соттың судьясының төрағалық етуімен қаралады және төрағаның дауысы басымдылыққа ие болады.

Әрі қарай іс бойынша шығарылған сот шешімінің апелляциялық шағымдалу немесе шағымдалмау мәселесі сол сот шешімінде белгіленген талаптың құнына тікелей байланысты. Егер талаптың құны әр жыл сайын белгіленетін шектен (4000 еуродан)[14] асатын болса, онда тараптардың апелляциялық шағым беру құқығы жүзеге асады және оларға шағым беру үшін бір ай мерзім беріледі. Берілетін апелляциялық шағым кез келген мәселемен (құқық мәселесімен де, факт мәселесімен де) байланысты болуы мүмкін. Ал апелляциялық соттың құрамы үш және одан көп тақ сандағы кәсіби судьялардан тұрады және істі қараған кезде соттың құрамы үш судьядан кем болмауы тиіс. Апелляциялық тәртіпте іс еңбек сотының шығарған шешімін ескере отырып, арнайы мамандандырылған әлеуметтік палатада басынан бастап прокурордың міндетті қатысуымен қайта қаралады.

Егер апелляциялық соттың шығарған шешімімен келіспейтін болса немесе еңбек сотының шешіміндегі талаптың құны белгіленген шектен төмен болса (4000 еуродан төмен)[14], тараптарға кассациялық шағым беру құқығы беріледі. Кассациялық шағым беру мерзімі екі айды құрайды және оны беру үшін келесідей негіздер орын алуы тиіс:

- 1) заң бұзушылықтар орын алуы тиіс;
- 2) істі қараған сот өзінің құзыреті шегінен шығуы тиіс[14].

Кассациялық сот апелляциялық сот сияқты істі басынан бастап мәні бойынша қарамайды, ол тек заңның істі шешуде дұрыс қолданғандығын ғана тексереді. Осыған байланысты кассациялық соттың келесідей құзыреті бар:

- 1) еңбек сотының шешімін толық түрде немесе бір бөлігінде қалдыруға;
- 2) заң бұзушылық орын алса, еңбек сотының шешімін жоя отырып, басқа еңбек сотының қарауына беруге;
- 3) апелляциялық соттың шешімін толық түрде немесе бір бөлігінде қалдыруға;
- 4) заң бұзушылық орын алса, апелляциялық соттың шешімін жоя отырып, басқа апелляциялық соттың қарауына беруге құқылы.

Кассациялық тәртіпте істі қарау Кассациялық соттың әлеуметтік мәселелер бойынша палатасында[15] кәсіби судьялардың және екі прокурордың қатысуымен жүзеге асады.

Сонымен қатар еңбек қатынастарымен байланысты кейбір істер басқа мамандандырылған соттар қаралуы мүмкін. Атап айтқанда өндірістегі оқыс оқиға салдарынан келтірілген зиянды өтеумен байланысты істер Әлеуметтік қамсыздандыру аясындағы істер қарау бойынша трибуналдардың қарауына жатқызылған[16].

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, АҚШ-да еңбек дауларын реттеуді Делдалдық және татуластыру федералдық қызметі (FMCS) түріндегі арнайы мемлекеттік орган жүзеге асырады. Дауласушы тараптардың өтінімі негізінде еңбек дауларын реттеуде делдалдылық қызмет атқарады, ал іріде, күрделі еңбек даулары орын алған кезде делдалдылық қызметті өз бастамасы бойынша жүзеге асыруға құқылы.

Бұл орган әртүрлі бағытта қызмет атқарады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Киселев И.Я. Зарубежное трудовое право. –М.: Издательская группа НОРМА-ИНФРА-М, 1998. –263 с.
2. Comparative Labour Law and Industrial Relations in Industrialized Market Economies. Deventer, 1993. –573 p.
3. Schgregle J. Comparative industrial relations: pitfalls and potentials // International Labour Review. -1981. -No1. –P. 24-33.
4. Intersectoral Service of Mediation and Arbitration – SIMA)) / Руководство по совершенствованию системы урегулирования трудовых споров / Группа технической поддержки по вопросам достойного труда и Бюро МОТ для стран Восточной Европы и Центральной Азии; International Training Centre (ITC). – Москва: МОТ, 2013.// https://www.ilo.org/wcmsp5/groups/public/---europe/---ro-geneva/--sro-moscow/documents/publication/wcms_306640.pdf
5. Germany: Individual disputes at the workplace – alternative disputes resolution // <https://www.eurofound.europa.eu/publications/report/2010/germany-individual-disputes-at-the-workplace-alternative-disputes-resolution>

6. Arbeitsgerichtsgesetz // https://www.gesetze-im-internet.de/arbogg/_2.html
7. Establishment-level arbitration committee // <https://www.eurofound.europa.eu/efemiredictionary/establishment-level-arbitration-committee>
8. Закон КНР «О труде» (Принят на 8-м заседании Постоянного комитета Всекитайского собрания народных представителей восьмого созыва 5 июля 1994 года, введен в действие с 1 января 1995 г.)// <https://chinahelp.me/work/zakon-knr-o-trude>
9. Закон КНР «О медиации и арбитраже трудовых споров» (принят 29 декабря 2007 г. на 31-м заседании Постоянного комитета ВСНП 10-го созыва; вступил в силу с 1 мая 2008 г.)// <https://chinahelp.me/work/zakon-knr-o-mediatsii-i-arbitrazhe-trudovyih-sporov>
10. Французско-русский юридический словарь//https://887.slovaronline.com/5799-conseil_de_prud'hommes
11. Code du travail: Livre IV: La résolution des litiges - Le conseil de prud'hommes ... (Articles L1411-1 à L1471-1) // https://www.legifrance.gouv.fr/codes/section_lc/LEGITEXT000006072050/LEGISCTA000006145395/#LEGISCTA000006145395
12. Шиян В.И. Трудовые споры и порядок их разрешения: учебно-методическое пособие / В.И. Шиян; Федеральное агентство по образованию, Московский гос. индустриальный ун-т, Ин-т дистанционного образования. - Москва : МГИУ, 2009. - 165 с.
13. Франция. Судебная система//<http://www.pe-a.ru/fr/fr-courts>
14. Борискова И.В. Судебная система Франции// <https://cyberleninka.ru/article/n/sudebnaya-sistema-frantsii-1>
15. И.А. Андреева Судебная система Франции на современном этапе// <https://cyberleninka.ru/article/n/sudebnaya-sistema-frantsii-na-sovremennom-etape/>
16. Гусов К.Н., Толкунова В.Н. Трудовое право России. -М., 2005.—492 с.

Амалбеков Е.Н.

*Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының магистранты
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.*

ЕҢБЕК ДАУЛАРЫН РЕТТЕЙТІН ЗАҢНАМАНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Еңбек дауларын шешетін заңнамамен органдардың дамуы өндірістің дамуымен және жалдамалы еңбек қатынастарына мемлекеттің араласуымен тығыз байланысты болды. 16-18 ғасырларда Европаның бірқатар мемлекеттерінде еңбек жағдайларын реттейтін алғашқы заңдар қабылдана бастады. 1562 жылы Англияда қолөнермен айналысқысы келетіндерге жеті жылдық шәкірт оқуынан өту қажеттігін белгілейтін Заң қабылданды. Жалпы Англияны еңбек аясындағы стандарттарды қалушы алғашқы мемлекет ретінде қарастыру қажетті.

18 ғасырдың аяқ кезінен бастап Еуропаның өндірісі дамыған мемлекеттерінде либералдық идеологияның кеңінен етек жаюы орын алды. Мұнымен бірге еңбек қатынастары аясындағы жұмысшылар мен жұмыс берушілердің құқықтық теңдігі, еңбек шартының еркіндігі абсолютті деп танылды. Бірақ бұған қарамастан бүкіл өндіріс құралдары қолдарында шоғырланған жұмыс берушілер өздерінің талаптарын қоя отырып үстемдік танытты. Бұл басталған өзгерістер әрі қарай өзінің жалғасын тапты Англияда жұмысқа жалдауға болатын балалардың жасы белгіленді, жұмыс уақытының шегі, демалыс күндері және өзге де еңбек жағдайларын белгілейтін заңдар қабылданды. Англияда 1834 жылы осы еңбек жағдайларының сақталуын қадағалайтын алғашқы жұмыс (фабрикалық) инспекциясы құрылды.

Ал Францияда да бұл еңбек қатынастары аясындағы үрдіс өзінің жалғасын тапты. 19 ғасырдың бас кезінде 1806 жылы еңбек дауларын шешетін еңбек әділеттігі арнайы мекемесі дүние жүзінде алғаш рет құрылды.

Жалдамалы еңбекке тарту жасы 9 жастан 12 жасқа дейін көтерілді, сонымен қатар 16 жасқа толмағандарды ауыр жағдайлы денсаулығына зиян және қауіпті) жұмыс түрлеріне тартуға, демалыс және мереке күндері, түнгі уақытта жұмысқа тартуға тыйым салынды. Бұл өзгерістер Германия, Голландия, скандинавия елдерінде қамтыды.

Әрі қарай Еуропа елдерінде ұжымдық келісім-шарттар заңдастырылды, сонымен қатар еңбек даулары бойынша татуластыру комиссиялары және еңбек төреліктері құрыла бастады.

1824 жылы Англияда жұмысшылардың одағын құруға тыйым салу алынып тасталды және кәсіподақтар (трэд-юнион) құрыла бастады. 1871 жылы қабылданған Заңмен ондай кәсіподақтар ресми тіркеу тәртібі белгіленді, ал 1875 жылғы Заңмен оларды соттық қудалауға тыйым салынды.

Францияда да бұл үрдіс өзінің жалғасын тауып, 1791 жылғы Заңмен тыйым салынған жұмысшылар одағы 1864 жылы ғана жұмыстарын қайта жандандыра бастады. 1892 жылы мүдделер туралы дауларды аралық соттарда да қарап шешуге мүмкіндік беретін «Татуластыру туралы» Заң қабылданды[1,3-15.].

Мұндай жұмысшылар одағын құруға Германияда да рұқсат етілді. 1869 жылы Германияда «Өндірістегі тәртіп туралы» Заң қабылданды. Оған сәйкес дербес кәсіпкерлер мен жалдамалы жұмысшылардың арасында еңбек қатынастары ерікті түрде жасалған келісім-шартпен реттелді. Жұмыс беруші тарапынан кәсіподақты тану құқығы белгіленді, осыған байланысты кәсіподақтар ресми түрде еңбек дауларына қатыса алды[2,1-2]. Ал 1901 жылы соттық функцияларды да, татуластыру функцияларында жүзеге асыратын кәсіптік соттар құрылды. 1918 жылы құқық туралы дауларды да, мүдделермен байланысты дауларды да шешетін бітімгершілік камералары құрылды, одан кейін 1926 жылы еңбек дауларын қарап және шешу үшін дербес соттар жүйесі құрылды[3,83-95бб.].

Еңбек дауларын шешудегі сондай ұйымдардың бірі 19 ғасырдың ортасында Англияның әрбір ірі өндіріс орталықтарында жұмыс берушілердің

бастамасы бойынша да, жұмысшылардың бастамасы бойынша да құрылды және татуластыру камералары деп аталды[4,291б.]. 1896 жылы татуластыру-бәсірелік процедураларды белгілейтін, осыған сәйкес татуластыру палаталарын құруды көздейтін «Өндірістік келісімдер туралы» Акті қабылданды. Ал 1919 жылы еңбек министрімен тараптардың өкілдері арасынан тағайындалатын және бейтарап мүшелерден тұратын өндірістік соттар құру туралы Заң қабылданды. Олар мемлекет араласатын еңбек шиеленістерін ерікті төрелік функциясын жүзеге асыра отырып шешті. Сондай-ақ бұл Заңға сәйкес тараптардың келісімісіз еңбек дауларын тергеу бойынша комиссия құру мүмкіндігі қарастырылды және олардың ұсыныстары Парламентте қаралды[5].

Ресей империясында Европаның аталған елдерінен қалыс қалмады және еңбек дауларын шешу бойынша механизмдер қалыптастырыла бастады. Сондай механизмдердің бірі ретінде 1834 жылы Манфуктуралық кеңестің мәскеулік бөлімі өндірістік сотты құру бойынша жоба жасаған болатын. Ондай сотты құрудағы басты мақсат кәсіпкерлердің, жұмысшылардың, капиталистердің, фабрика иелерінің шағымдарын, олардың арасындағы шиеленістерді шешу болып табылды. Алайда бұл жоба жүзеге асқан жоқ, одан кейінде осы жобаны жүзеге асыру бойынша сәтсіз ұмтылыстар жасалған болатын және олардан ешбір нәтиже шықпады.

Сондай ұмтылыстардың бірі ретінде еңбек дауларын шешу бойынша «Өндірістік соттар туралы» Заңның жобасы жасалуы танылды. Жоба бойынша өндірістік соттың құзырына жұмысшылар ереуілімен, тәртіптік жазалаумен, жұмыс орнында денсаулыққа келтірілген зиянды өтеумен және т.б. еңбек жағдайларымен байланысты шиеленістерді шешу жатқызылды. Ондай сотта іс жүргізу бітімгерлік талқылаудан және соттың өзінде іс жүргізу сияқты екі сатыдан өтті. Бірақ бұл жобада құпталмады.

1906 жылы да осындай сотты құру бойынша тағы да заң жобасы дайындалды. Осы жобаның алдыңғы жобалардан ерекшелігі құрылатын өндірістік сотты жалпы сот жүйесіне енгізу және оның құрамына бірдей сандағы жұмысшылар мен капиталистердің мүдделерін білдіретін заседательдер, Сенатпен тағайындалатын бейтарап төраға кірді. Бұл жобаның да әрі қарайғы тағдыры сәтсіз болды.

Тек Революциядан кейін ғана еңбек дауларын шешетін механизмдер қалыптаса бастады, атап айтқанда 1917 жылы бір жағында Петроградтық жұмысшылар кеңесі мен солдат депутаттары бар екінші жағында Петроградтың завод және фабрика иелерінің қоғамы бар келісім жасалды. Оған сәйкес жергілікті әрбір заводта бітімгершілік камералары және жергілікті камералардың шешімдеріне берілетін шағымдарды қарайтын, шешімі дауласушылар үшін міндетті болып табылатын Петроградтағы барлық кәсіподақтар үшін ортақ болып табылатын Орталық бітімгершілік камерасы құрылды[5,209-210бб.].

Әрі қарай сол жылы Германия мен Францияның тәжірибелерін ескере отырып сол кездегі Уақытша Үкімет еңбек дауларын шешетін бітімгершілік камералар және аралық соттар туралы Ереже қабылдады. Олардың құрамы

әдеттегідей тәртіпте қалыптасты, яғни тең дәрежеде жұмысшылардың өкілдерінен және кәсіпкерлердің өкілдерінен құрылды. Оларды әрбір өндіріс салалары бойынша құруға жол берілді. Жұмыс қағидаты келесідей болды, бітімгершілік камерасы еңбек дауын шеше алмаса, ол дау әрі қарай аралық соттың қарауына берілді.

Кеңес өкіметінің орнауымен, жұмысшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды бірінші орынға қою сияқты сол кезеңдегі кеңестік саясатқа байланысты бұрынғы Уақытша Үкіметпен қабылданған бірқатар ережелер өзінің күшін жойды және жаңа Еңбек кодексінің жобасын дайындау жобасы басталып кетті.

РСФСР Халық комиссарлар кеңесінің 18 мамыр 1918 жылғы «Еңбек инспекциясы туралы» Декретімен[7] бұрынғы орын алған фабрикалық және тау инспекциялары жойылып оның орнына Еңбек Халық Комиссариатының және оның жергілікті жерлердегі Еңбекті қорғау Бөлімдерінің қарамағында Еңбек инспекциялары құрылды. Осы жердегі Еңбек Халық Комиссариатының басты міндеті әлеуметтік-еңбек аясында кеңестік саясатты тарату және жүзеге асыру, еңбекті мемлекеттік басқару[8,116-118бб.] болып табылды. Ал аталған Декреттің 8-тармағына сәйкес оларға жұмысшылар қауымының мүдделерін қорғау аясындағы Кеңес билігінің декреттерін, қаулыларын және т.б. актілерін қолданысқа енгізілуіне бақылау және қадағалау жүргізу, сондай-ақ жұмысшылардың қауіпсіздігін, өмірін және денсаулығын қорғау бойынша қажетті шаралар қолдану жүктелді[9].

Ал 1918 жылдың желтоқсан айында болашақта қабылданатын Кеңес Одағының еңбек заңнамаларына негіз болатын Еңбек туралы заңдар Кодексі[10] қабылданды. Бұл Кодексте еңбек дауларын реттеу тәртібін белгілейтін арнайы тарау орын алған жоқ, алайда бірқатар жекелеген нормаларында еңбек жағдайына қатысты кейбір дауларды шешуге қатысты жергілікті еңбек бөлімдеріне немесе кәсіподақтарға шағыммен жүгіну тәртібі белгіленді. Атап айтқанда сынақтан өткен бірақ жұмысқа алынбаған жұмысшы өзі мүшесі болып табылатын кәсіподаққа шағымдануға құқылы болды, ал кәсіподақ өз кезегінде жұмысшының шағымын негізді деп тапса, онда жұмыс беруші өкілдерімен шығамданушы жұмысшыны тұрақты жұмысқа алу туралы келіссөз жүргізе алды. Егер мұндай келіссөз ешбір нәтиже бермесе, бұл дау жергілікті еңбек бөлімінің қарауына беріледі, ал ол бойынша жергілікті еңбек бөлімінің шығарған шешімі аяқты болып табылады және шағымдалуға жатпайды[11].

Сонымен қатар еңбек дауларын шешуді белгілейтін ережелер осы Кодекстің жұмысшыны басқа жұмысқа ауыстыру тәртібін белгілейтін нормаларда да орын алды, енді бұл жерде шағым ең алдымен жергілікті еңбек бөліміне берілді, ал егер жергілікті еңбек бөлімінің шешімімен келіспеген жағдайда мүдделі тұлғаларға ол шешімді жоғары тұрған инстанцияға облыстық еңбек бөліміне немесе Еңбек Халық Комиссариатына шағымдау құқығы берілді[11]. Жұмыстан шығару мәселесіне қатысты орын алған дауларға қатысты да осындай тәртіп қолданылды.

1918 жылғы Кеңестік алғашқы еңбек заңнамасында еңбек дауларын шешу құзыретіне кейбір дау түрлері бойынша кәсіподақтар ие болса, басқа жағдайларда жергілікті еңбек бөлімдері, облыстық еңбек бөлімдері немесе Еңбек Халық Комиссариаты ие болды, яғни еңбек даулары әкімшілік тәртіпте қаралып шешілді. Сонымен қатар ол Кодексте еңбек дауларын шешу тәртібін белгілейтін арнайы тарау орын алмады. Алайда бұған қарамастан бұл Кодекс ережелері келесі қабылданған еңбек заңдарына бастама, негіз ретінде қаралды.

Одан кейін елде жүргізіліп жатқан жаңа экономикалық саясат жаңа еңбек заңнамасының өзгеде заңдардың қабылдануына ықпалын тигізді. Осындай жаңа еңбек заңнамасы 1922 жылдың 9 қарашасында қабылданған РСФСР Еңбек заңдары туралы кодекс[12] болып табылды.

Осы Кодекстің қабылдануымен орын алған сол кездегі жағдайды автордың келесідей сипаттауынан байқауға болады: XX ғасырдың 20 жылдарының аяғында елде кезекті бағы өзгерту орын алды, ол еңбек қатынастарын реттеу мәселелеріне тікелей ықпал еткен болатын: алға қойылған мақсатқа жету үшін барлық ресурстарды жұмылдыру, жұмыс күшін арзандату, еңбек тәртібі мен жазаны қатаңдату, бас бостандығынан айрылғандардың еңбегін пайдалану және берілетін кепілдіктерді төмендету. Бұл кезеңде жұмысшылардың құқықтарын қорғау бойынша тиімді жүйе қалыптастыру мәселесі мүлдем қозғалмады. Ұлы Отан Соғысы кезеңінде және одан кейінгі кезеңде де еңбек құқықтарын қорғауға бағытталған еңбек құқығы институттары жағымды бағытта дамымады. Ал бұл институттардың жандануы тек қана XX ғасырдың 50 жылдарының аяғында орын алды[12,136-137бб.].

1922 жылғы Еңбек кодексінде алғаш рет еңбек шиеленістерін шешуді және еңбек құқықбұзушылықтарын қарастыруды жүзеге асыратын органдар туралы жеке тарау (XVI) қарастырылды. Еңбек құқықбұзушылықтарын, жалдамалы еңбекпен байланысты даулардың барлығын қарап және шешудің екі тәртібі белгіленді:

1) мәжбүрлі тәртіпте;

2) бітімгершілік іс жүргізу тәртібінде[13]. Сәйкесінше мәжбүрлі тәртіпте іс жүргізу халық соттарының айрықша сессияларында жүзеге асты, ал бітімгершілік іс жүргізу тараптардың өкілдерінен құралатын бағалаушы-шиеленістік комиссияларда, бітімгершілік камераларында және аралық соттарда жүзеге асты[13].

Аталған тараудың өзге ережелерінде аталған органдардың құзырына жатқызылған нақты істер белгіленді. Халық соттарының қарауына Еңбек кодексінің және еңбек туралы өзге де ережелерді, ұжымдық келісім-шарттардың талаптарын бұзумен байланысты қылмыстық қудалануға жататын барлық құқықбұзушылықтар, сондай-ақ бітімгершілік камераларына берілмеген жұмыс берушімен жұмысшылар және қызметкерлер арасындағы жеке және ұжымдық даулардың барлығы жатқызылды. Ол соттың айрықша сессиясының құрамы халық судьясынан, Еңбек Халық Комиссариатының бір өкілінен және кәсіподақтың бір өкілінен тұрды[13].

Ал бағалаушы-шиеленістік комиссиялардың, бітімгершілік камераларының және аралық соттардың қарауына

1) ұжымдық келісім-шарттарды жасау, орындау, талдау және өзгертумен байланысты барлық даулар;

2) аталған ұйымдарда қарап және шешуге тараптардың келісім болған жағдайда еңбек келісім-шарты бойынша тараптардың арасында туындайтын барлық даулар[13].

Бұл аталған ұйымдарға дауды беру үшін міндетте шарттардың бірі бұл тараптардың келісімінің орын алу болып табылады.

Ұжымдық шартты қолданысқа енгізумен байланысты даулар ең алдымен бағалаушы-шиеленістік комиссияларда қаралуы тиіс, егер онда ондай дау шешімін таппаса ғана бітімгершілік камераға жүгінуге жол беріледі.

Аралық соттарда бітімгершілік камераларда қаралған дауларда, қаралмаған дауларда, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда орын алған шиеленістерде, сондай-ақ мемлекеттің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін шиеленістерде қаралып шешіледі. Аталған еңбек шиеленістер орын алғанда оларды қарап және шешу үшін аралық соттарды құрудың ерекше тәртібі қарастырылған, атап айтқанда мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда орын алған шиеленістер бойынша кәсіподақтардың талабы бойынша Еңбек Халық Комиссариатының жергілікті органдары құрады, ал мемлекеттің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін шиеленістер бойынша Жалпыресеілік Орталық Атқару Комитетінің, Халық Комиссарлар Кеңесінің және Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің айрықша қаулысы бойынша құрылады[13].

Ал бағалаушы-шиеленістік комиссияларда еңбек және ұжымдық келісім-шарттарды қолданумен (ұжымдық келісім-шарттың мәніне қарсы, оның жекелеген бөліктерін жою және оған жаңа немесе қосымша шарттар енгізумен байланысты дауларды қоспағанда) байланысты даулар, Еңбек кодексінде белгіленген даулар қаралып шешіледі[13].

Бұл аталған ұйымдар еңбек дауларын қарау нәтижесінде қабылданатын актілеріде әртүрлі болып табылады. Атап айтқанда бағалаушы-шиеленістік комиссиялар шешім қабылдаса, бітімгершілік камералары келісім жасайды, ал аралық соттар қаулы қабылдайды және бұл актілерді жүзеге асырудың өзіндік ерекшеліктеріде бар.

1922 жылғы Еңбек кодексіндегі еңбек шиеленістерін шешу тәртібін белгілейтін нормаларды әрі қарай толықтыру және нақтылау мақсатында 1928 жылдың 29 тамызында СССР Орталық атқару Комитетімен, СССР Халық комиссарлар Кеңесімен «Еңбек шиеленістерін бітімгершілік-аралық және соттық қарау туралы» Ереже[14] қабылданды. Бұл Ережемен 1922 жылғы Еңбек кодексінде еңбек дауларын шешу механизмдері ретінде қарастырылған бағалаушы-шиеленістік комиссиялардың, бітімгершілік камераларының және аралық соттардың құқықтық мәртебесін, олардың құрамын қалыптастыру тәртібін, ең бастысы іс жүргізу тәртібін белгілейтін нақты нормалар бекітілді, сонымен қатар аталған ұйымдардың қызметіне арнайы қадағалауды жүзеге асыратын органдарды белгіледі.

Аталған ереженің 10-тармағында бағалаушы-шиеленістік комиссиялардың қарауына жатқызылмаған істердің шеңбері белгіленген. Ондай істердің қатарына:

1) барлық кәсіпорындармен мекемелерде жалдау және жұмыстан шығу құқығына ие тұлғаларға, мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық кәсіпорындар мен мекемелердің жауапты жұмысшыларын жұмыстан шығару және жұмысқа қайта қабылдаумен байланысты істер;

2) кәсіподақтың талабы бойынша жұмысшылармен еңбек келісім-шарттарын бұзу туралы істер;

3) жалақыны мемлекеттік нормалаумен және штаттың өзгеруімен белгіленген лауазымдық жалақыны өзгертумен байланысты істер;

4) ұжымдық және еңбек келісім-шартындағы міндеттемелерден туындамайтын, тұрғын жайларды беру және бөлу, жұмысшылардың тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты жұмысшы мен жалдаушы арасындағы шиеленістер;

5) халық сотының еңбек сессиясымен, бітімгершілік камералармен немесе аралық соттармен шешілген, сондай-ақ аталған органдардың қарауындағы еңбек істері;

6) бағыныштылық тәртібінде тәртіптік жазалау туралы істер[14].

Сонымен бірге бағалаушы-шиеленістік комиссиялардың міндетті қарауына келесідей шиеленісті істер жатқызылған:

1) басқа жұмысқа ауыстыру және ауыстыруға байланысты жалақыны сақтау немесе демалыс күндерге жәрдем ақы төлеу мәселелері бойынша;

2) норманы толық орындамау кезінде ақы төлеу мәселелері бойынша;

3) жарамсыздығына және міндеттерін орындамағандығы үшін жұмыстан шығару мәселелері бойынша;

4) жұмысшыға тиесілі құралды пайдаланғандығы үшін өтемақы төлеу мәселелері бойынша;

5) арнайы киім және арнайы тамақ беру, қажетті жағдайларда олар үшін ақшалай өтемақы төлеу, қысқартылған жұмыс күнін және ұзартылған демалысты қолдану мәселелері бойынша;

6) орынбасарлық кезінде әртүрлі біліктілікті қажет ететін жұмыстар орындағандығы үшін ақы төлеу мәселелері бойынша;

7) бос тұрып қалғандығы үшін ақы төлеу мәселелері бойынша;

8) кесімді нарядқа дайындық үшін ақы төлеу мәселелері бойынша;

9) аяқталмаған кесімді нарядқа ақы төлеу мәселелері бойынша;

10) материалдарды, құрылғыларды, бұйымдарды зақымдағаны үшін жалақыдан ұстап қалу және ақауға ақы төлеу мәселелері бойынша;

11) жұмыстан шеттетілген уақыты үшін ақы төлеу мәселелері бойынша;

12) берілмеген демалыс үшін ақшалай өтемақы беру мәселелері бойынша;

13) сынақта болған уақыт үшін ақы төлеу мәселелері бойынша;

14) жұмысшыға тиесілі сыйақы мөлшерін анықтау мәселелері бойынша;

15) нормадан тыс жұмыстар үшін ақы төлеу мәселелері бойынша;

16) жалдаушының кінәсі бойынша жұмысшымен еңбек шарты бұзылған жағдайда демалыс жәрдемақысын төлеу мәселелері бойынша[13].

Сонымен бірге жоғарыда аталған оғандардың қызметінің дұрыс ұйымдастырылуына қадағалауды жүзеге асыратын және олармен шығарылған актілердің күшін жоюды жүзеге асыратын қадағалаушы орган ретінде КСРО Еңбек Халық Комиссариаты, одақтас республикалардың еңбек халық комиссариаттары және жергілікті еңбек органдары танылды. Дәлірек айтқанда бағалаушы-шиеленістік комиссиялардың шешімін қадағалауды губерниялық, аймақтық еңбек органдары, ал бітімгершілік камералары мен аралық соттардың шешімдеріне қадағалауды сол сәйкес ұйымдарды ұйымдастырған еңбек органдарынан жоғары тұрған еңбек органы жүзеге асырды.

Олардың шешімдерінің күштерін жою үшін келесідей негіздер орын алу қажет болды:

1) заңмен немесе ұжымдық келісім-шартпен салыстыру бойынша еңбек жағдайының нашарлауы;

2) заңмен немесе ұжымдық келісім-шартпен белгіленген нормалардың жоғары шегінен асып кету;

3) аталған ұйымдарда іс жүргізуді ұйымдастыру және істі қарау шегі туралы ережелерді бұзу және бұл бұзушылықтар шығарылған шешімнің мәніне ықпал етсе;

4) шешім шығаруға негіз болған құжаттардың жалғандығы немесе мәліметтердің жалғандығы, егер бұл мән-жайлар сот үкімімен немесе сот шешімімен немесе өзгеде даусыз дәлелдемелермен анықталған болса;

5) істі дұрыс шешу үшін елеулі маңызы бар мән-жайлардың аталған ұйымдарға істі қарау кезінде белгісіз болғандығы анықталса;

6) соттың қарауындағы немесе сотпен шешіліп қойған іс болса[13].

Алайда, көптеген жұмысшылар өздерінің құқықтық сауатсыздығымен және еңбек заңнамасының жетілмегендігін түсінуімен байланысты жұмысынан айрылу қорқынышына байланысты еңбек құқықтарын өзін-өзі қорғау тәсілдерін әлі де пайдаланбайды. Олардың қорқыныштары негізсіз емес, өйткені еңбек заңнамасында өзін-өзі қорғау ұғымы бекітілмеген. Жоқ нақты регламенттеу рәсімдерін, мерзімдерін және нысанын хабарлама жұмыскердің жұмыс берушінің құқығын жүзеге асыру туралы қорғайды. Еңбек құқықтарын өзін-өзі қорғаудың және оларды жүзеге асырудың нақты нысандары да бекітілмеген. Жұмыскер әрдайым өзін-өзі қорғау құқығын дереу қолдана алмайды.

А.А. Андреев, егер жеткілікті негіздеме болмаса, жұмыскердің өзін-өзі қорғау құқығын жүзеге асыруын жұмыс беруші өзін-өзі қорғау құқығын теріс пайдалану ретінде қабылдауы мүмкін және жұмыскердің тәртіптік жауапкершілігіне алып келеді. А. А. Андреев еңбек құқықтары жұмыскерлерін өзін-өзі қорғау тек жұмыстан бас тартуды ғана емес, сонымен бірге ымыраға келу үшін жұмыс берушімен келіссөздерді де білдіреді деп санайды. Ол әртүрлі дағдарыс жағдайында жұмыскердің жұмысты орындаудан бас тартуы жағдайды нашарлататынын айтады [4, 214-215 б.].

Проблемалық сәт ереуілге құқықтың еңбек құқығы саласындағы өзін-өзі қорғау тәсілдеріне жататындығы туралы мәселе болып табылады. Ю.П.

Орловский ереуілді әр түрлі мемлекеттердің заңнамасында әр түрлі реттелетін әлеуметтік құбылыс және ереуіл құқығы ретінде ажырату керек деп дұрыс айтады. Ереуіл әлеуметтік құбылыс ретінде қызметкерлердің кәсіби мүдделерін қорғау және олар мәлімдеген талаптардың мақсаттарына қол жеткізу үшін қолданылатын ұжымдық ерікті түрде тоқтата тұруды білдіреді [8, 695 б.].

Сонымен бірге, ол жұмысшылардың жалақыны еңбек шартында белгіленген мөлшерде ғана өндіре алатындығына назар аударады, ал жалақы мөлшерін ауызша келісу және жалақыны көбірек төлеу фактілері ескерілмейді. Ол бұл мәселені Еңбек кодексіне еңбек шартының жалған шарттарының жарамсыздығы туралы нормаларды енгізу арқылы шешуді ұсынады.

Н.А. Князева сонымен бірге еңбек құқықтарын өзін-өзі қорғау туралы қолданыстағы құқықтық нормалар жұмысшылардың өзін-өзі қорғауға конституциялық құқығын негізсіз шектейтінін айтады және жеке еңбек құқығы институттарының нормаларында өзін-өзі қорғаудың арнайы (жеке құқықтарды қорғау үшін қолданылатын) құралдарын нақтылау және жұмыс берушінің теріс пайдалануына жол бермейтін тетіктер құру қажет деп санайды [9, 116 б.].

Сондықтан еңбек заңнамасында жұмыскердің еңбек құқықтарын өзін-өзі қорғаудың нақты шектерін нақты анықтайтын нормалар да бекітілуі керек.

Еңбек құқықтарының өзін-өзі қорғауды регламенттейтін еңбек заңнамасы ережелерінің бұлдырлығы және толық болмауы құқықтық мемлекеттің мынадай қағидаттарына: құқық пен заңның үстемдігіне, құқық үстемдігіне, заңдылыққа, адам мен азаматтың құқықтық қорғалуына, мемлекет пен жеке адамның өзара жауапкершілігіне анық сәйкес келмейді. Құқықтық мемлекет құруға конституциялық бағытталуына байланысты бұл жағдайға жол берілмейді. Өзін-өзі қорғаудың нақты және қолданыстағы тетіктері ғана адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жан-жақты қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіні анық, осыған байланысты заң шығарушының еңбек құқықтарын өзін-өзі қорғау институтын елемеу, құқықтық өзін-өзі қорғаудың екінші және қосымша сипатын атап өту мәселелерін тудырады. Еңбек құқықтарын өзін-өзі қорғау институты дереу заңнамалық жетілдіруді талап етеді деп санаймыз.

ҚР Еңбек кодексінде «еңбек құқықтарын өзін-өзі қорғау» ұғымының заңды анықтамасын бекіту керек, егер мүмкін болса, еңбек өзін-өзі қорғаудың барлық қол жетімді нысандарын (негіздерін) біріктіру керек. Атап айтқанда, жұмыскердің өзін-өзі қорғауын қолдану үшін негіз ретінде жұмыс берушінің жұмыскер заңнамаға сәйкес бас тарта алатын жұмысты орындау туралы нұсқауын (бұйрығын) бекіту керек.

Жұмыскердің өзін-өзі қорғау құқығын іске асыру және жұмыс берушінің өзін-өзі қорғау кезеңіне ақы төлеу жөніндегі жалпы сипаттағы нақты ережелерді белгілеу қажет, бұл заңға тәуелді және нормативтік емес деңгейлерде құқықтық өзін-өзі қорғау туралы нормаларды түсіндіру қажеттігінен бас тартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, жұмыс берушіні еңбек құқығын өзін-өзі қорғауды жүзеге асыру туралы хабардар етудің нақты ережелерін, оның аяқталуымен өзін-өзі қорғау құқығын іске асыруды бастауға

болатын мерзімдерді, өзін-өзі қорғауды қолдану себептерін, оларды жою қызметкерді еңбек құқығын қорғауды тоқтатуға міндеттейді.

Кем дегенде, «жұмыскерлерге өзін-өзі қорғауға кедергі жасау заңды жауапкершілікке әкелетінін» көрсету керек. Азаматтардың құқықтық тәрбиесіне де назар аудару керек, өйткені құқықтық мәдениет пен құқықтық сауаттылық деңгейі айтарлықтай төмен болып қалуда. Еңбек құқықтарын өзін-өзі қорғауды жүзеге асыру мүмкіндіктері туралы жұмыскерлерге құқықтық ақпарат беруге ерекше мән беру керек. Атап айтқанда, жұмыс берушіні жұмысқа жаңадан келгендердің барлығын еңбек заңнамасында бекітілген өзін-өзі қорғау құқықтарымен таныстыруға міндеттеу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уздимаева Н. И. Правовая самозащита: российские и международные стандарты: учеб. пособие / Н. И. Уздимаева; науч. ред. д-р юрид. наук проф. Н. И. Матузов. - Саранск: Изд-во Мордов. ун-та, 2017. - 304 с.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414>

3. Стрельникова И. Ю. История зарубежной политической и правовой мысли: учебное пособие для магистров / И. Ю. Стрельникова. - Симферополь: ИТ «АРИАЛ», 2018. -196 с.

4. Андреев А. А. Проблемы самозащиты работниками своих трудовых прав /А. А. Андреев // Вестник университета имени О. Е. Кутафина (МГЮА). - 2017. - № 10 (38). - С. 213-217.

5. Зуева Ю. В. Самозащита в системе юридических механизмов обеспечения социально-правового статуса субъекта права (введение в проблему) / Ю. В. Зуева // Юридическая наука и практика: Вестник Нижегородской академии МВД России. - 2019. - № 2(46). - С. 239-244.

6. Карташов В. Н. Теория государства и права: учебное пособие для бакалавров / В. Н. Карташов. - Ярославль: ЯрГУ, 2012. - 274 с.

7. Лютов Н. Л. Российское трудовое законодательство и международные трудовые стандарты: соответствие и перспективы совершенствования: научно-практическое пособие / Н. Л. Лютов. - М.: Центр социально-трудовых прав, 2012. - 127 с.

8. Орловский Ю. П. Трудовое право России / Ю. П. Орловский. - М.: Издательство Юрайт, 2014. - 854 с.

9. Князева Н. А. Защита прав работников на своевременную и в полном объеме выплату заработной платы / Н. А. Князева // Актуальные проблемы российского права. - 2019. - № 1 (98). - С. 111-118.

Биржанова К.С.

доцент кафедры конституционного,
международного права и таможенного дела
Евразийской юридической академии им. Д.А.Кунаева

О ЗНАЧИМОСТИ СТАТЬИ 1 КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ПРОЦЕССЕ ФОРМИРОВАНИЯ ГРАЖДАНСКОГО ОБЩЕСТВА И ПРАВОВОГО ГОСУДАРСТВА

Концептуальная модель нашего государства предельно ясно представлена в статье 1 нашей Конституции: «Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским, правовым и социальным государством, высшими ценностями которого является человек, его жизнь, права и свободы». Именно в данной норме учреждается образ современного Казахстана, с системой связанных между собой и вытекающих один из другого представлений о нашей государственности. И эта концепция имеет первостепенное значение, как наиболее справедливое выражение уровня исторического развития казахстанского общества и степени его ожиданий, связанных с осознанием целей и перспектив его практического преобразования. В этой статье каждое слово, идея представляют собой целый категориальный аппарат, начиненный определенными, систематизированными, апробированными в ходе формирования и развития демократических государств, знаниями и представлениями об их общественном устройстве.

Начнем с того, что согласно понятийному подходу Казахстан по форме государства является республикой, в которой верховная власть принадлежит главе государства, президенту, избираемого непосредственно народом, на ограниченный срок и с юридической ответственностью за свою деятельность. Форма государства, а их всего два вида - монархия и республика, как реальное объективное явление, представляет собой сложное политико – правовое образование, которое состоит из трех составных частей: форма правления, форма государственного устройства и форма политико – правового режима. Однако, довольно часто, в теории и на практике понятие формы государства подменяется понятием форма правления, т.е. целостное государственное образование сводится к её составному элементу. На самом деле такой подход обедняет представление о государственности того или народа, стирает его особо значимые обстоятельства естественно – исторического характера, такие как особенности и степень экономического развития страны, расстановку политических сил в обществе, национальные особенности, географическое положение, климатические условия. В то же время, в не меньшей степени, на ход становления и развития государства оказывают влияние субъективные факторы в лице духовных, национальных, политических лидеров страны, национальных героев, политических партий, движений.

Поэтому каждое государство, проявляясь вовне в определенной форме, представляет собой как бы «продукт» соотношения объективных и субъективных обстоятельств, который может быть разным. При всей диалектической взаимосвязанности объективного и субъективного в процессе развития общества, объективная сторона остается определяющей, однако, без умаления роли субъективной стороны. Дело в том, что объективная сторона жизни общества существует независимо от сознания людей, содержание которой определяют природные условия, национальные особенности и традиции, естественные потребности людей в пище, одежде, продолжении рода, крыше над головой и способах их удовлетворения. В том числе взаимосвязь классов, наций и других социальных групп, определяющих экономический и политический строй. Эти обстоятельства как раз и создают те условия, в которых вынуждено начинать свою жизнь каждое новое поколение людей. Причем понимание объективности факторов развития общества и сознательное воздействие на них означает только внесение изменений в объективный мир. Нельзя же отказаться от пищи, крыши над головой, безопасности, как необходимые для жизни вообще. Для удовлетворения постоянно растущих потребностей членов общества будут неизбежно возникать требования новых решений, привлечения новых средств. По мере осознания объективной природы потребностей общественного развития будет повышаться роль общественного сознания. Научно обоснованные знания, аккумулированные в общественном сознании, получают свое практическое воплощение в организации жизни общества, и государства. При всей их универсальности они несут в себе, то особенное, что свойственно только данной организации общества.

Это особенное в становлении и дальнейшем развитии страны находит свое выражение в закономерных проявлениях определенной формы правления, формы государственного устройства и формы политико – правового режима, благодаря которым мы имеем представление о многообразии форм функционирования государств.

В процессе глобализации происходит достаточно интенсивная унификация государственно - правовых явлений. В настоящее время в монархии доминируют три вида известных форм правления: абсолютная, дуалистическая и конституционная (парламентская). В республиках сложились также три основные формы правления: президентская, смешанная и парламентская. Само понятие «форма правления» указывает на то, кто осуществляет управление страной, кому реально принадлежит власть. Поэтому под формой правления понимают организацию высших органов государства, порядок взаимодействия между ними и верховной властью. Форма правления устанавливает модель государственной власти в стране и, таким образом, становится определяющим элементом формы государства. Согласно п.1 ст.2 Конституции РК, Казахстан является республикой с президентской формой правления. Данная форма правления в РК нашла свое законодательное утверждение в Конституции 1995 года, до её принятия, в Казахстане была

парламентско – президентская форма правления, т. е смешанная, с приоритетом власти у Верховного Совета РК. Эта форма правления сложилась соответственно реальной расстановке политических сил в обществе тех лет. Только что образовавшееся независимое молодое государство, наполнялось политической энергией, направленной на построение подлинно демократического государства. Этот путь оказался невероятно сложным в условиях распада всей экономической системы Казахстана, служившей в советское время сырьевой базой огромной страны. Реальное отсутствие денег, безработица, пустые магазины не делали общество депрессивным, а способствовали поиску новых средств и способов налаживания жизни. Пока общество решало проблемы своего выживания, государство, в этих сложнейших обстоятельствах определялось по форме своей организации. При всем этом государственная власть в Казахстане сохраняла свою устойчивость, в первую очередь, благодаря возникшим совершенно естественно, широким правам и свободам членов общества, как объективно необходимых для сохранения баланса между обществом и государством. Складывалась демократическая политическая система. В политику приходили люди со знанием реального состояния общества и государства, со своими инициативами и искренними намерениями помощи и поддержки планов выхода из сложившейся ситуации. Именно из таких людей состоял Верховный Совет Казахстана, за деятельностью которого могли наблюдать все граждане, т.к. их заседания транслировались с утра и до позднего вечера. Тогда расстановка политических сил складывалась в пользу законодательной власти, которая определяла экономическую, внутреннюю и внешнюю политику, безопасность страны. Однако одно дело гореть желанием помочь стране, другое дело, уметь принимать нужные и своевременные решения. В этом части и проявилась слабость законодательной власти, потому что для принятия необходимых законов нужны были опыт и знания по управлению страной, умение во время реагировать на вызовы времени, а большинство депутатов этими качествами не обладали. Там, где Верховный Совет затруднялся принять жизненно важное решение на помощь приходил опытный политик, прошедший все ступени власти Президент страны Назарбаев Н.А. Это привело к тому, что к середине 1995 года основные властные полномочия в государстве сосредоточились в руках Президента, причем, надо полагать, данный процесс складывался достаточно объективно. Его инициативы по привлечению иностранных инвестиций, решение судьбы ядерного оружия и ряд других сделали Казахстан не только узнаваемым, но и привлекательным для всего мира, как миролюбивой и демократической страны. Таким образом складывалась история формирования формы правления в Казахстане, как результат соотношения реальных объективных и субъективных факторов того времени.

Говоря о свободе выбора своей государственности, известный ученый и государственный деятель Шайкенов Н. А. в то время писал: «Народу Казахстана историей предоставлен, без всякого преувеличения, редкий шанс создать свою полноценную государственность и цивилизованное общество.

Поэтому цена ныне принимаемых и реализуемых политических, экономических и юридических решений так высока как для его ближайшего, так и отдаленного будущего» [1, с.34]. Академик Г.С. Сапаргалиев, принимавший самое активное участие в разработке первой Конституции РК, так оценивал то положение страны: «С момента образования самостоятельной Республики Казахстан прошло менее двух лет. Но в жизни народа Казахстана этот срок по насыщенности и глубине политических и социально — экономических изменений можно приравнять десятилетиям» [2, с.5]. Таким образом, Казахстан, став суверенным, впервые после длительного перерыва, длившегося сотни лет, в результате мирного распада СССР, находясь в образе социалистической республики, но уже исчерпавшей себя, должен был выработать концепцию нового переустройства общества и государства. Это было время, связанное в первую очередь, с правильным определением сущности нового государства. Необходим был осторожный подход с учетом сложившихся общественно — политических, экономических и национальных проблем, внезапно навалившихся на хрупкое состояние нашей страны. Одним из самых главных стал вопрос о реализации права казахов на самоопределение. Утверждение, при признании полного суверенитета многонационального народа Казахстана, что государство в Казахстане является результатом реализации права политического самоопределения казахской нации, вызвала целенаправленную спекуляцию этой идеи. То есть не просто было и с государственно – территориальным устройством страны, когда в начале 90-х прошлого века мы были встревожены сепаратистскими движениями в северных территориях Казахстана и активизацией казачества Семиречья, которые начали бряцать своим оружием. Возникли различные организации и движения русскоязычного населения за отделение северных территорий Казахстана. Напряженность между народами этих регионов можно было снять только в результате конституционного признания Республики Казахстан формой государственности самоопределившейся казахской нации. Первая Конституция независимого Казахстана действительно положило конец сепаратизму в нашей стране и закрепило основы территориальной целостности, утвердила неприкосновенность и неделимость территории Казахстана. Любые поползновения на территориальную целостность страны становились вне закона, и следует отметить, призывы такого толка сразу же прекратились. Снижению межнациональной напряженности способствовало также, предусмотренное Конституцией, признание полного суверенитета многонационального народа. Таким образом, обеспечивалось политическое единство людей разных национальностей, без каких — либо привилегий, преимущества представителям коренной нации в политической, экономической, социально — культурной и иных сферах общественной жизни.

Идея национальной государственности была объективно необходима и имела историческое обоснование: казахи жили на исконной земле своих предков, веками её оберегали, не уступая её никому. Логическим подтверждением такого положения стало признание национальной

территориальной целостности, в форме унитаризма.

В значительной мере мирный и непрерывный путь развития независимого Казахстана был заложен своевременным принятием первой Конституции. Поэтому стремление принять Конституцию, не откладывая на более поздние сроки, было продиктовано требованием времени, чтобы предотвратить возможное кровопролитие. Тем более такие примеры уже имелись во многих прежних союзных республиках (Грузия, Армения, Азербайджан, Узбекистан, Киргизия, Таджикистан) и заложить основы стабильного развития страны. Это был показательный пример для страны и всего мира решать ключевые проблемы без насилия и раздора, опираясь только на потенциальные возможности Конституции.

Политико - правовой режим в процессе формирования и развития РК складывался как демократический, исходя из признания того, что первоисточником власти является народ, что государственная власть по своей природе и сути должна быть подлинно народной, осуществляться в интересах и под контролем народа.

Чрезвычайно важным являлось установление правовых основ открытого общества, основные положения которого должны были способствовать всестороннему развитию человека и общества. Признавались политический, экономический и идеологический плюрализм, что значительно расширяло пределы свободы.

Благодаря Конституции РК, принятой 28 января 1993 г. страна получила правовые устои для успешного внутреннего устройства и активного вхождения в мировое пространство. На основе преобладающих основополагающих положений первой Конституции РК, дальнейшем развитие государство получило свое выражение в ст. 1 Конституции 1995 г. где определяется уже образ государства, который должен стать средством воплощения Конституции в жизнь. Смысл его существования сводится к служению интересам человека, выступать гарантом его жизни, прав и свобод, путем обеспечения общей организованности, нормального и гармоничного развития всего общества, оказывая, как это обосновывается сейчас в развитых государствах, «публичные услуги» обществу.

Роль нашего государства в условиях переходного периода возрастает, прежде всего, в плане формирования государственной идеологии, в основе которой должны быть ценности необходимые для формирования гражданского общества, правового и социального государства.

Так, указывая на правовой характер государства, законодатель подразумевает возникновение и развитие гражданского общества, поскольку, как известно, правовое государство без гражданского общества существовать не может. В свою очередь, возможность развития гражданского общества, зависит от состояния прав и свобод человека в стране. Признание и гарантии естественных прав и свобод человека являются необходимыми условиями устойчивого динамичного развития гражданского общества, основой которого являются развитая частная собственность и рыночная экономика.

Облик гражданского общества определяется состоянием рыночной экономики, который проявляется его в таких признаках, как самодостаточность, самообеспеченность, саморазвитие, достаточная независимость от государства, высокая культура и высокая нравственность. Формой существования гражданского общества является правовое государство, характерные признаки которого обусловлены содержанием гражданского общества. В первую очередь, это верховенство правового закона. В любом государстве законы обладают верховенством, но в правовом государстве правовой закон признается таковым, если его нормы не противоречат естественным правам и свободам человека, т.е. устанавливается приоритет естественного права над позитивным правом. Государство ограничено в своих действиях законом, подчинено воле народа и призвано обеспечивать права и свободы граждан.

В ст. 1 Конституции РК заложены основы социального типа государства, которые обязывают государство заботиться об установлении социальной справедливости во всех сферах жизнедеятельности граждан, с тем, чтобы обеспечить определенный уровень равенства в обществе, достойные условия существования каждому члену общества. Социальное государство — это тип государства, который неизбежно возникает только при наличии гражданского общества и правового государства с высоким уровнем культурного развития народа, с превалированием нравственных ценностей.

Для нынешнего переходного периода нашей страны социальная ориентация данной модели должна быть направлена на смягчение и преодоление таких проблем как бедность, углубление неравенства и рост безработицы. Стабилизация уровня жизни населения и более равномерное распределение материальных и нематериальных благ между различными группами населения – залог реализации данной нормы действующей Конституции Республики Казахстан.

Список использованной литературы:

1. Шайкенов Н.А. Конституция и конституционные реформы в Республике Казахстан. Материалы республиканской научно – практической конференции «Конституция Республики Казахстан и актуальные проблемы государства и права». Алматы, 1993.

2. Сапаргалиев Г.С. Конституция Республики Казахстан. Алматы, 1993.

ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫН КЕПІЛГЕ САЛУ

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 64-бабында жер учаскелері меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерін пайдалану кезіндегі құқықтары қарастырылған [1].

Егер осы Кодекс және өзге де заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың;

1) жер учаскесінің оның нысанасынан туындайтын мақсатта пайдалана отырып, жерде дербес шаруашылық жүргізу;

2) ауыл шаруашылық және өзге де дақылдар егістіктеріне және отырғызылған көшеттерге, өндірілген ауылшаруашылық өнімі мен учаскесін пайдалану нәтижесінде алынған өзге де өнімге және оны өткізуден түскен табысқа меншік, шаруашылық жүргізу, оралымды басқару;

3) өз шаруашылығының қажеттері үшін жер учаскесінде бар құмды, сазды, қиыршық тасты және басқа да жалпы таралған пайдалы қазбаларды, шымтезекті, өкпелерді, жер үсті және жер асты суларын кейіннен мәмілелер жасасу ниетін көздемей, белгіленген тәртіппен пайдалану, сондай-ақ жердің өзге де пайдалы қасиеттерін пайдалану;

4) жер учаскесі мемлекеттік қажеттер үшін алып қойылған (сатып алынған) жағдайда келтірілген залалды толық көлемінде өтетіп алу;

5) жерді аймаққа бөлуді ескеріп, меншік, шаруашылық жүргізу, оралымды басқару құқығымен жер учаскесінің нысаналы мақсатына қайшы келмейтін тұрғын үйлер, өндірістік, тұрмыстық және өзге де үйлер (құрылыстар, ғимараттар) салу;

б) белгіленген құрылыс экологиялық, санитариялық-гигиеналық және өзге де арнаулы талаптарға сәйкес суландыру, құрғату және өзге де мелиорациялық жұмыстар жүргізу, тоғандар мен өзге де суаттар жасау құқығы бар.

2. Уақытша жер пайдаланушылар үшін осы баптың 1-тармағының 2), 3), 5) және б) тармақтарында көзделген өкілетті жер учаскесін беру актісімен немесе жалдау шартымен (өтеусіз уақытша жер пайдалану туралы шартпен) шектелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы жер кодексінің 65-бабына сәйкес жер учаскелері меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерін пайдалану кезіндегі міндеттері [1].

1. Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар:

1) жерді оның нысаналы мақсатына сәйкес, ал уақытша жер пайдаланған кезде - жер учаскесін беру актісіне немесе жалдау шартына (өтеусіз уақытша жер пайдалану шартына) сәйкес пайдалануға;

2) тиісті санитариялық және экологиялық талаптарға сәйкес келетін өндіріс технологиясын қолдануға, халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиян келтіруіне, өздері жүзеге асыратын шаруашылық және өзге де қызмет нәтижесінде санитариялық эпидеологиялық, радиациялық және экологиялық жағдайдың нашарлатуына жол бермеуге;

3) Қазақстан Республикасы жер кодексінің 140-бабында көзделген жер қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;

4) жер салынған, жер учаскелерін пайдалану ақысы мен заңдар мен шартта көзделген басқа да төлемдерді уақытылы төлеуге;

5) жан-жануар дүниесін, орман, су ресурстары мен басқа да табиғи ресурстарды пайдалану тәртібін сақтауға, жер учаскесінде орналасқан заңдарға сәйкес мемлекет қорғайтын тарих, сәулет ескерткіштері, археологиялық мұра мен басқа да объектілердің қорғалуын қамтамасыз етуге;

6) жер учаскесінде шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асырған кезде құрылыс, экологиялық, санитариялық - гигиеналық және өзге де арнаулы талаптардың (нормалардың, ережелердің, нормативтердің) сақталуын қамтамасыз етуге;

7) жердің жай-күйі мен пайдаланылуы туралы жер заңдарында белгіленген мәліметтерді мемлекеттік органдарға уақытылы табыс етіп отыруға;

8) басқа меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарын бұзбауға;

9) топырақтың құнарлығын ластану, қоқыстану, азып-тозу және нашарлау, сондай-ақ топырақтың құнарлы қабатын сыдырып алу оның біржола жоғалуын болғызбау үшін қажет болған жағдайларды қоспағанда, басқа тұлғаларға сату немесе беру мақсатымен құнарлы қабатты өндіріп алуға жол бермеуге;

10) осы Кодексте көзделген тәртіппен сервитуттар берілуін қамтамасыз етуге міндетті.

2. Уақытша жер пайдаланушылардың уақытша жер пайдалану туралы шарттарда көзделген басқа да міндеттері болуы мүмкін.

3. Жер учаскелерінің меншік иелері мен учаскедегі жер пайдаланушыларға, егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, жер учаскесіне ауытпалықтар артатын барлық міндеттер (оны мақсаты бойынша пайдалануды, сервитуттар беруді, салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуді және басқаларын) жүктейді.

4. Жер учаскесін пайдаланудың нысаналы мақсаты мен режимін, сервитуттары және нормативтік құқықтық актілер негізінде белгіленген басқа да пайдалану талаптарын жер учаскесі мен меншік иесінің немесе жер пайдаланушының өз бетімен өзгертуіне болмайды.

Осы Кодекске сәйкес жер учаскесіне құқықтары бола алмайтын жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері.

1. Заң атілерінде көзделген негіздер бойынша тұлға осы Кодексте белгіленген нормаларға сәйкес ол (тұлға) алуына құқық Қазақстан Республикасының Азаматтық заңдарында белгіленген ережелер бойынша бір

жыл ішінде иеліктен алынуға тиіс немесе аталған мерзімде осы Кодекске сәйкес жерге сондай субъектінің алуына болатын құқық етіп қайта ресімделуге тиіс.

2. Меншіктегі немесе жер пайдаланымдағы жер учаскесі иеліктен алынған кезде үйлердің (құрылыстардың, ғимараттардың) иеліктен алынуына байланысты, жер учаскесін айыру құқығы актілеріне сәйкес алушыларға бұл құқық сондай тұлға тиесілі болатын құқық етіп қайта ресімделуге тиіс.

Әлемде көпшілік деңгейдегі құқықтық қатынасты реттеп тұрған екі құқықтық жүйе бар. Бірі - англо-саксондық құқық жүйесі, екіншісі континенталдық құқық жүйесі. Қазақстан континенталдық құқық жүйесіне кіреді. Осы континенталдық құқық жүйесі жариялы құқық және жеке құқық болып бөлінеді. Жариялы құқық - мемлекеттің мүддесін қорғайтын құқықтық институт болса, ал жеке құқық - жеке мүдделерді қорғайтын құқықтық институт. Біздің азаматтық құқықтық қатынас деп жүргеніміз осы жеке құқықтық қатынастан бастау алады. Жеке құқықтық қатынас оның қатысушыларының теңдігіне негізделеді. Тіпті мемлекеттің өзі азаматтық құқықтық қатынасқа түскенде тараптардың теңдігіне негізделген жеке құқықтық қатынастың субъектісіне айналады. Егер де мемлекет осы қағиданы бұзатын болса, мемлекетпен және оған бағынышты субъектілермен жеке құқықтық қатынасқа түсуді тәуекел етуші жеке меншік иелерінің қатары кемиді.

Біз сөз еткелі отырған құқықтық көзқарас жеке меншік иелерінің жеке мүдделерімен тікелей байланысты жеке құқықтық қатынастың объектісіне келіп тіреледі.

Сот билігіне емтихан тапсыру кезінде заңгерлерді жариялы (қылмыстық әкімшілік) құқық және жеке құқық (азаматтық, шаруашылық) құқық мамандары екендігін анықтау үшін, осы екі құқықтық бағытта әртүрлі казустар (шығарылғандар) тапсырмасы берілуі керек. Сонда сот билігіне өткісі келетін заңгердің қылмыстық құқық немесе азаматтық құқық маманы екендігі анықталады. Сосын, еліміздің сот билігі саласында қылмыстық құқықтық мамандары көбейіп кеткендігі анықталса, олардан сот қызметіне емтихан қабылдап, бюджет қаржысын босқа кетіруді тежеу керек. Мұндай сұраптау-сараптамасын жүргізу сот билігінің әділ жүргізуіне ықпал тигізеді. Егер осы бағыт басшылыққа алынбай, сот билік тек қана қылмыстық құқықтық мамандарымен толықтырылса, олардың азаматтық істерді қарауына қиындық туады. Себебі олар жоғары заңгерлік білім алу кезінде қылмыстық құқық жүйесін жақсы меңгергендіктен, азаматтық (шаруашылық) істерді қарауда келеңсіздіктер жіберетіні көрініп тұрады. Тіпті түбегейлі азаматтық құқықпен айналысатын заңгер, қылмыстық құқықты жан-жақты меңгерген заңгер болып қайта қалыптаса алмайды. Мемлекет осыған мән беріп англо-саксондық және континенталдық құқықтар жүйесінде жеке (азаматтық) құқықтық мамандарын дайындауды жолға қоюы тиіс. Сонда осы құқықтық қатынаспен байланысты халықаралық шарттар жасауда, халықаралық сот істерін жүргізуде қазақстандық заңгерлердің мерейі үстем болып отыр. Осы мәселе еліміздегі сот реформасының басты бағыты ретінде зерделенуі керек [2,126.].

Қазақстан Республикасы жер кодексінің 76-бабында кепілдің нысанына

толық түсініктеме берілген, яғни:

1. Кепіл салушыға жеке меншік құқығы мен немесе жер пайдалану құқығы мен тиесілі жер учаскесі кепіл нысаны болуы мүмкін.

1. Егер заңдарда өзгеше белгіленбесе, жер учаскесінің және жер пайдалану құқығының кепіліне жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы ережелер қолданылады.

2. Кепілге салынған жер учаскесі немесе жер пайдалану құқығы кепіл ұстаушының меншігіне айналған жағдайда, осы Кодекске байланысты жер учаскесіне құқығы бола алмайтын тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасы жер кодексінің 66-бабында белгіленген нормалар қолданылады. Ал 77-бапқа сәйкес жер учаскесін және пайдалану құқығын кепілге салуды шектеу былайша анықталады.

1. Жер учаскесіне немесе жер пайдалану құқығына қатысты мәмлелер жасауға тыйым салынған жағдайларла (Қазақстан Республикасы жер кодексінің 33-бабының 2-тармағы және 36-бабы) жер учаскесін және жер пайдалану құқығын кепілге салуға жол берілмейді.

Егер жер учаскесінің бір бөлігін нысаналы мақсатына сәйкес дербес учаске ретінде пайдалану мүмкін болмаса, жер учаскесінің бұл бөлігін немесе оның бір бөлігіне жер пайдалану құқығын кепілге салуға жол берілмейді. Кепілге салынатын жер учаскесінде немесе оның кепілге салынатын бөлігінде орналасқан үйді (құрылысты, ғимаратты) қоса кепілге салмайынша, бөлінетін жер учаскесінің бәрін немесе бір бөлігін не бүкіл жер учаскесіне немесе оның бір бөлігіне жер пайдалану құқығын кепілге салуға жол берілмейді. Бөлінбейтін жер учаскесінде орналасқан үйді (құрылысты, ғимаратты) қоса кепілге салмайынша, бөлінбейтін жер учаскесін немесе оған жер пайдалану құқығын кепілге салуға жол берілмейді.

Үй (құрылыс, ғимарат) орналасқан және оны пайдалануға қажетті бөлінетін жер учаскесінің бір бөлігін немесе бөлінетін жер учаскесінің бір бөлігіне жер пайдалану құқығын қоса кепілге салмайынша не үй (құрылыс, ғимарат) орналасқан бүкіл бөлінбейтін жер учаскесін немесе бүкіл бөлінбейтін жер учаскесіне жер пайдалану құқығын қоса кепілге салмайынша, ол үйді (құрылысты, ғимаратты) кепілге салуға болмайды. Қысқа мерзімді өтеуді уақытша және өтеусіз уақытша жер пайдалану құқығының кепілге салуға жол берілмейді.

Үйлер (құрылыстар, ғимараттар) бар жер учаскесін немесе сондай жер учаскесіне жер пайдалану құқығын кепілге салу 78-бапта көрсетілген.

1. Бөлінетін жер учаскесіне орналасқан үйді (құрылысты, ғимаратты) кепілге салу онымен бірге, егер таратпатардың келісімінде жер учаскесінің немесе жер учаскесінің бір бөлігіне жер пайдалану құқығының аталғанына үлкен бөлігі кепілге берілмейтін болса, үй (құрылыс, ғимарат) орналасқан және оған қызмет көрсетуге қажетті бөлінетін жер учаскесінің бір бөлігі немесе бөлінетін жер учаскесінің бір бөлігіне жер пайдалану құқығы, не бүкіл жер учаскесі немесе бүкіл жер учаскесіне жер пайдалану құқығы кепілге салынатынын білдіреді.

Бөлінбейтін жер учаскесіне не өзінде орналасқан жылжымайтын мүлікке қызмет көрсетуге әдейі арналған жер учаскесіне орналасқан үйді (құрылысты, ғимаратты) кепілге салу, сонымен бірге бүкіл жер учаскесінің немесе бүкіл жер учаскесіне жер пайдалану құқығының кепілге салынатынын білдіреді. Үйлер (құрылыстар, ғимараттар) кепілге салынған жағдайда тиісті жер учаскесінің немесе оның бөлінетін бөлігінің не жер учаскесіне немесе оның бөлінетін бөлігіне жер пайдалану құқығының құны ескерілуге тиіс.

2. Егер бөлінбейтін жер учаскесінде ортақ меншікті (өзге де ортақ заттың құқықтығы) үйлер (құрылыстар, ғимараттар) орналасқан болса, үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) кепілге салу сонымен бірге үйлерді (құрылыстарды, ғимараттарды) орналастыруға, күтуге және пайдалануға қажетті жер учаскесінің кепілге салынатынын білдіреді. Егер аталған жағдайларда кепіл нысанасы заңдарда белгіленген тәртіппен бөлінген үйдің (құрылыстың, ғимараттың) бір бөлігі немесе ортақ мүлікке құқықтағы үлес болса, кепіл сонымен бірге жер учаскесіндегі кепілге салынған үй (құрылыс, ғимарат) бөлігінің алаңына сәйкес келетін үлеске белгіленеді. Кондоминиум объектісінде орналасқан үй-жайды кепілге салу сонымен бірге кондоминиумға қатысушылар арасындағы қатынастарды реттейтін заңдарға сәйкес анықталатын ортақ мүліктегі және жер учаскесіндегі үлестің де кепіл нысанасы болатынын білдіреді.

3. Мемлекеттік жер пайдаланушылар белгілі бір жер учаскесінде орналасқан үйді (құрылысты, ғимаратты) және оның осы үй (құрылыс, ғимарат) орналасқан, оған қызмет көрсетуге арналған бөлігін кепілге салатын жағдайда ғана өздеріне тиесілі тұрақты жер пайдалану құқығын кепілге салуға құқылы (Қазақстан Республикасы жер кодексінің 39-бабының 2-тармағы).

79-бапта жер учаскесін және жер пайдалану құқығын кепілге салу тәртібі қарастырылады.

1. Жеке меншік құқығында немесе уақытша өтелу ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығында жер учаскелері бар жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалар кепілге салушы бола алады.

2. Мемлекеттік жер пайдаланушылар осы Кодекспен белгіленген тәртіпте және шарттарда өздеріне тиесілі тұрақты жер пайдалану құқығын кепілге салуға құқылы.

2. Жеке және заңды тұлғалар кепіл ұстаушы болуы мүмкін.

3. Ортақ бірлескен меншіктегі немесе ортақ бірлескен жер пайдаланудағы бөлінбейтін жер учаскесін кепілге салуға ортақ меншікке немесе ортақ жер пайдалануға қатысушылардың барлығының жазбаша келісімі болған жағдайда жол беріледі.

4. Ортақ меншік құқығында жер учаскелері бар тұлғалар ортақ меншікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі негізінде жер учаскелерін кепілге сала алады. Мемлекеттен бөліп төлеу арқылы жеке меншікке сатып алынатын жер учаскелерін кепілге салуға Қазақстан Республикасы жер кодексінің 24-бабының 4-тармағында белгіленген тәртіппен шарттарда жол беріледі.

1) Жер учаскесін немесе жер пайдалану құқығын кепілге салу үшін жеке және заңды тұлғалар ықтимал кепіл ұстанушыға: оның жер учаскесіне құқығын куәландыратын құжаттарды (жер учаскесіне жеке меншік құқығына актіні, уақытша жер пайдалану (жалдау) құқығына актінің тұрақты жер пайдалану құқығына актіні (мемлекеттік жер пайдалану үшін);

жер учаскесіне құқықты тіркеу туралы куәлікті;

ортақ бірлескен меншікке немесе ортақ бірлескен жер пайдалануға қатысушылардың жазбаша келісімін;

жер учаскесін немесе жер пайдалану құқығын кадастрлық (бағалау) құны актісін;

жер учаскесінде орналасқан жылжымайтын мүлікті бағалау құны актісін;

жер учаскесі шекаралының жоспарын;

кепіл салушыға шарт жасасу мерзіміне дейін белгілі болған ипотека нысанасына қатысты үшінші тұлғалардың барлық құқықтарының тізбесін (кепілге салу, пайдалану, жалдау, сервитут құқықтарын, жер учаскесіне немесе жер пайдалану құқығын басқа да ауыртпалықтарды);

жер учаскесі бойынша нақты деректер белгілеу үшін қажетті басқа да материалдарды табыс етеді;

жер учаскесінің немесе жер пайдалану құқығының бір бөлігі кепілге салу кезінде жер учаскесінің жалпы жоспарында оны кепілге салу көзделген бөлігі көрсетілуге тиісті.

5. Жер учаскесінің немесе жер пайдалану құқығының кадастрлық (бағалау) құны актісін, сондай-ақ жер учаскесі шекарасының жоспарын - жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдар, жер учаскесінде орналасқан жылжымайтын мүліктің бағалау құқығының актісін және жер учаскесіне немесе жер учаскесінің құқығына ауыртпалықтардың болуы (болмауы) туралы мәліметтерді белгіленген тәртіпте жылжымайтын мүлікке құқықты және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеу органдары береді.

6. Жер учаскесінің немесе жер пайдалану құқығының құны туралы екіжақты келісімге қол жеткізген кезде, негізгі міндеттеменің белгіленіп отырған сомасын қамтамасыз ету үшін кепілге салушының кепіл ұстаушы арасында жер учаскесін немесе жер пайдалану құқығын кепілге салу туралы екі данада шарт жасалады.

7. Ипотекалық несиені қамтамасыз ету үшін жер учаскесін немесе жер пайдалану құқығын кепілге салу туралы шартқа осы учаскенің шекаралары жоспарының көшірмесі қоса берілуге тиіс.

8. Ипотека туралы шартта жер учаскесін немесе жер пайдалану құқығын кредиторға немесе үшінші тұлғаларға беру, оның мақсатына сәйкес, ипотека туралы шарт бойынша кепілге салынған меншіктегі немесе жер пайдаланудағы жер учаскесін пайдалану бойынша кепілге салушының және (немесе) үшінші тұлғалардың құқықтарын шектеу, сондай-ақ бұл учаскеден жеміс және табыс алу көзделуі мүмкін емес.

9. Кепілге салушы кепіл ұстаушының талабы бойынша оның құқығын ипотекалық куәлік берумен растауы мүмкін, бұл орайда кепілге салу туралы

шарттың барлық даналарында оның берілгендігі туралы тиісті жазба жасалады.

10. Ипотекалық куәлік бір данада жасалып, кепіл ұстаушыға беріледі. Жер учаскесін немесе жер пайдалану құқығын кепілге салу туралы шарттың, сондай-ақ жер учаскесіне немесе жер пайдалану құқығына ипотекалық куәліктің нысаны мен мазмұны жылжымайтын мүліктің ипотекасы туралы заңдарға сәйкес келуге тиіс.

11. Ипотека құқығы кепілге салу шартын және ипотекалық куәлікті жер учаскесі орналасқан жерде жылжымайтын мүлікке құқықты немесе онымен жасалатын мәмілені тіркейтін органдарда мемлекеттік тіркеу уақытынан бастап пайда болады.

12. Борышкер негізгі міндеттемені орындамаған жағдайда кепіл ұстаушы жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы заңдарға сәйкес өз талаптарын қанағаттандыруға құқылы [3,78б.].

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 80-бабында жер учаскесін немесе жер пайдалану құқығын кепілге салуды тіркеу мәселесі толық қарастырылған.

Жер учаскесін немесе жер пайдалану құқығын кепілге салу жылжымайтын мүлікпен жасалатын мәмілелерді тіркеу үшін белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуге тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚАЙНАР КӨЗДЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Жер кодексі 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442-II (08.01.2022ж. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=51040583
- 2 Косанов Ж.Х. Право собственности, право землепользования и иные права на землю: монография / Ж.Х. Косанов. - Алматы: Данекер, 2002. - 176 с.
- 3 Еркінбаева Л. Қ. Қазақстан Республикасының Жер құқығы. Жалпы және Ерекше бөлімдері: оқу құралы / Л.Қ. Еркінбаева, Г.Т. Айғаринова. - Алматы: Жеті-жарғы, 2010. - 310 б.

Бисенбай А. М.

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының 2-курс магистры

Ғылыми жетекші: Дюсебаев Т.Т.

PhD доктор, доцент

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН ШАРТТЫ
ТҮРДЕ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН БОСАТУДЫҢ ҰҒЫМЫ МЕН
ҚАЛЫПТАСУ ГЕНЕЗИСІ**

Мемлекеттің құқықтық саясатының маңызды буыны, қылмыстық саясат болып табылады, оны жетілдіру қылмыстық, қылмыстық процестік және қылмыстық-атқару құқығын, сондай-ақ құқықта қолдануды кешенді, өзара байланыста түзету арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі[1].

Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйек Қазақстан халқына Жолдауында «ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ» Заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайды.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет.

Азаматтар мүддесіне қызмет ететін мемлекеттің жаңа стандарттарын әзірлеу үшін көп жұмыс атқаруымыз керек. Осы тұрғыда құқық қорғау және сот жүйелеріне негізгі рөл жүктеледі. Бұл салаға реформа аса қажет. Еліміздегі бүгінгі ахуалға орай азаматтардың сұраныстарына ықылас танытуға тиіс құқық қорғау органдарының алдына жаңа талаптар қойылуда. Бірақ құқық қорғау жүйесінің жұмысында бұрынғы дағды бойынша айыптауға бейімділік басымдау болып тұр. Азаматтардың қылмыстық жауапкершілікке негізсіз тартылатын жағдайлары да аз кездеспейді.

Қылмысты анықтайтын жедел қызмет өкілдері мен процессуалдық шешім қабылдайтын тергеушілер қылмысты ашып, істі сотқа жіберуді басты мақсат санайтын бір басшының қарамағында бірге жұмыс істейді. Алайда көрсеткіш қуалау азаматтардың құқығы мен бостандығына нұқсан келтірмеуге тиіс![2].

Бұл жолдауда кадрларды даярлау және іріктеу жүйесінде басымдыққа айналуы қажет мемлекеттік құқықтық-саясаттың ажырамас бөлігі қылмыстық, қылмыстық-атқару және қылмыстық процестік құқықтарын өзара байланыстыра отырып, кешенді түрде дамыту екендігі атап көрсетілген.

Құқықтық мемлекеттің конституциялық идеялары заңнаманың құқықтық, әділеттілік, ізгілік идеяларын арқау ете түзелуінде, құқықтық тәртіпті, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының материалдық, ұйымдық-құқықтық, саяси кепілдіктерін нығайтудың пәрменді құралдарының жасалуынан көрініс табуға тиіс. Мемлекеттің қылмыстық саясаты қылмыстық жауаптылықтан босату, жазасын өтеу, жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институттарын жетілдіруге бағытталуда. Зандылық пен құқық тәртібіне байланысты тәжірибелік міндеттерді шешуде мемлекетіміздің құқықтық жүйесінің бір тармағы болып табылатын қылмыстық заңның рөлі елеулі, ол заң бұзушылықтың қылмыс сияқты қауіпті түрімен күресуге бағытталған.

Бұл ретте, қылмыстық заңнамаға сәйкес жаза, қылмыстық жазадан босату, оның мақсаттары, түзеу, ізгілік сияқты маңызды сөздердің түпкілікті мағынасымен танысқанымыз абзал.

Қылмыстық жазадан босату – соттың үкімі бойынша сотталған адамды тағайындалған жазадан толық немесе ішінара босату. Босатудың мәні қоғамға аса қауіпті емес қылмыс жасаған адамға немесе қылмыстық қудалауды үнемдеуге негіз беретін өзге де жағдайларға сәйкес қылмыс жасаған адамға әсер етуден тұрады. Жазадан босату институтының басты мақсаты сотталған адамның түзелуін ынталандыру, тез арада оны қайта тәрбиелеу, сонымен бірге жазаны қолданбай-ақ қылмыстық құқықтың мақсаттарына қол жеткізу. Мұның барлығы қылмыстық заңның ізгілендіруін білдіреді. Жазадан босату институты – қылмыс жасаған адамдардың белгілі санатына мемлекет тарапынан жасалатын ізгілікті қадам. Жалпы жаза дегеніміз - сот үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға қолданылады және ол осы адамды құқықтары мен бостандықтарынан Қылмыстық кодексте көзделген айыру немесе оларды шектеу болып табылады[3]. Жаза – мемлекет қолындағы маңызды құрал, ол арқылы мемлекет адамды, оның құқығын, бостандығын, заңды мүддесін, меншікті, ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті, қоршаған ортаны, конституциялық құрылысты, еліміздің аумақтық бүтіндігін, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін, адамзаттың бейбіт өмірі мен қауіпсіздігін қылмыстық қастандықтан қорғайды. Ол қылмыстық жауаптылықты жүзеге асырудың басты формасы және қылмыскерліктің алдын алу шараларының бірі болып табылады [4, 366]. Жазаның орындалуы мемлекет күшімен қамтамасыз етіледі. Қылмыс пен жаза – өзара тығыз байланысты құқықтық түсінік. Мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде жаза тек қылмыс үшін қолданылады. Жазаның мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше шарасы ретінде өшіне тән сипатты белгісі бар. Ол – жағымсыз құқықтық салдарға ұшырататын сотталғандық. Жазаға тән ерекшелік – міндетті түрде жазалаудың болуы. Жазалау дегеніміз – жазаның мәжбүрлеу, зорлау сипаты. Олар күш көрсету, моральдық, материалдық және басқадай ықпал ету арқылы жүзеге асырылады. Жазаның түрлері Қылмыстық кодекстің 40-бабында толығымен қамтылған. Әрбір мемлекеттік мәжбүрлеу шарасының өз міндеті, өзіне тән мақсаты болады. Жазаның мақсаты - жаза тағайындау, оны қолдану және іске асыру арқылы мемлекет қол жеткізуге ұмтылатын әлеуметтік нәтиже. Жазаның мақсаты - әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді. Мемлекеттік мәжбүрлеудің әр шарасының өз міндеті, өзінің ерекше мақсаттары бар. Жазаның мақсаты – мемлекеттің жаза тағайындауы, оны қолдануы мен іске асыруы арқылы қол жеткізуге ұмтылатын ақтық әлеуметтік нәтижесін айтамыз. Жазаның басқа бір маңызды мақсаты – сотталушының түзелуі болып табылады. Мұндай мақсаттың болуы – Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасының адамгершілік бағытта болғандығының куәсі. Бұл мақсат – жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтына тән болып келеді.

Қылмыстық құқық саласындағы қылмыстық жазадан босату институты қылмыстық атқару құқығымен ұштасып отырады. Жазадан босатудың материалдық негізі сотталған адамға оның денсаулығына қатысты, кінәлінің түзелуі үшін жазаны толық өтеуінің қажет еместігі немесе басқа да мән-жайлардың болуымен байланысты болады.

ҚР ҚК-дежазадан босатудың мынадай түрлері қарастырылған:

- жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату;
- жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту;
- жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру;
- ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату;
- ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыру;
- айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату;
- рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату.

Мақалада қарастырылып отырған жазадан босатудың түрлері өзінің табиғи заңдылықтарына байланысты сараланады. Жазадан босату түрлерінің ішіндегі жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату институтына тоқталайық. Жаза тағайындалған адам жазаны өтеу мерзімі біткенге дейін түзелуі мүмкін, сондықтан жазаны әрі қарай орындау мақсатсыз және қажетсіз болып қалады. Осыған байланысты, қылмыстық заңда жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату институты көзделіп, ол бірқатар шартты жағдайлар болғанда адамды жазаны өтеуден одан әрі босатудан көрінеді. ҚР ҚК-не сәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын институты бас бостандығын шектеуді немесе бас бостандығынан айыруды өтеп жатқан ересек адамдарға және бас бостандығынан айыруға, бас бостандығын шектеуге немесе түзеу жұмыстарына сотталған кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылады. Бұл институттың дамуы ізгілік қағидасымен орындалып, қылмыс жасаған адамның өз қателігін түсіну арқылы жақсы өмірге ынталандырып, жүрегінде үміт отын жаңдырып, оңды мінез-құлық қалыптастыру және түзелуден тұрады. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының қағидаттарының бірі болып: адам және азамат құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтау және ізгілік болып табылады [5]. Ізгілік – адамды бірінші орынға қоятын және тұлғаны ең жоғарғы құндылық деп қарастыратын тұжырымдама және дүниетанымның принципі. Ізгілік принципінің негізі сонау көне заманнан белгілі басқа адамға деген сыйлы қатынас идеясы және оны құрал ретінде пайдаланбау болып табылады. Сондықтан гуманизм идеясы адами мәдениет пен өркениет тарихындағы орталық ойлардың бірі. Ізгілік қағидасы - адамның жеке тұлға ретіндегі жоғары құндылығын, оның еркін дамуға және қабілетін көрсетуге деген құқықтарын тану, қоғамдық қатынастар сапасына баға берудің өлшемі ретіндегі жеке адам игілігінің орнығуы. Жазаны өтеуден шартты түрде

мерзімінен бұрын босату институтының басты мақсаты - сотталған адамның түзелуіне ынталандыру, әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, қылмыстық құқық нормасының мақсатына қол жеткізуге болатын әдістерді қолдану болып табылады. Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру заң деңгейінде жаза мақсаты ретінде алғаш рет 1997 жылғы ҚР Қылмыстық кодексінде бекітілді. Дегенмен, кеңес ғалымдарының ішінде де жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру үшін қолданылады деп санағандардың болғанын айта кету қажет. Әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатының мазмұнын ашу өте күрделі шаруа.

В.Н.Кудрявцев пен С.Г.Келина қылмыстық құқықтағы әлеуметтік әділеттіліктің үш деңгейін бөліп қарастырады: криминализациялаудың әділдігі, санкцияның әділдігі, жаза тағайындаудың әділдігі [6, 1236]. Егер әділдік осы аталған үш деңгейде де жүзеге асырылса, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатына қол жеткізілді деуге болады. Құқықтағы, оның ішінде қылмыстық құқықтағы, әлеуметтік әділеттілік ұғымы оның философиялық мағынадағы мазмұнының бір қырын ғана құрайды. Ең кең мағынада әлеуметтік әділеттілік қоғамдағы түрлі құбылыстар арасындағы тепе-теңдікті білдіреді, сондықтан қылмыстық құқықта әділдік қылмыс пен оның қылмыстық-құқықтық салдары арасындағы сәйкестік мағынасында түсініледі. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату өзінің мазмұнына қарай, жазаны өтеу сатысындағы жазадан босатудың бір түрі болып табылады. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату – сотталған адамның үлгілі мінез-құлқы және еңбекке, оқуға адал көзқарасы негізінде үкім бойынша тағайындалған жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босата отырып, оған сынақ мерзімі ішінде жаңадан қылмыс жасамау шартын қояды. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының ерекшелігі сотталған адамға белгілі бір талаптарды орындауды талап етуден тұрады. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың негізі ретінде сотталған адамның қажетті деңгейде түзелуі және соттың осындай тұжырымға келуі болып табылады. Сондай-ақ, жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институтының идеясына сотталғанды адамды сынау арқылы, оның қоғамдағы дұрыс өмір сүруіне ынтасын дәлелдеу мүмкіндігін беру көзделген.

Жазаның өтелмеген бөлігі жазаны мерзімінен бұрын шартты түрде босатылушыға сынақ мерзімі болып табылады. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдануда міндетті түрде екі негіз болады. Олар: материалды және формальді. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылу үшін заңмен талап етілген жазаны өтеудің ең төменгі мерзімі жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босатудың формальді негізі болып табылады. Бұл негіздер ҚК-тің 72- бабының 3 және 4-бөліктерінде көзделген. Материалдық негіз – мерзімінен бұрын шартты түрде босатылатын адамның сотпен тағайындалған жазаны өтеу барысында өзінің түзелгендігін дәлелдеуі. Түзелгендігі ең алымен үлгілі мінез-құлқымен дәлелденеді. Бұл ретте, сотталушының түзеу мекемесінде жазасын өтеу кезіндегі жүріс-тұрысы, үлгілі мінез-құлқы, қоғамдық өмір мен тәрбиелік шараларға белсенді қатысуы, қылмысымен

келтірілген залалды өтеуге шаралар қолдануы, еңбек етуі және басқа да деректер назарға алынады.

Адамның түзелуі дегеніміз – сотталған адамның құқыққа бағынушылық мінез-құлқын, жеке басқа, қоғамға, еңбекке, қоғамдағы мінез-құлық нормаларына, қағидаларына және әдебіне жағымды көзқарасын қалыптастыру. Сотталған адамның түзелуі біріншіден оның қоғамға қауіпсіздігінен және үлгілі мінез-құлқынан басталады. Сот мұндай пікірге келер алдында сотталушының жаза өтеу мерзіміндегі барлық әрекеттеріне терең талдау жүргізеді. Ғалым, К.Ж. Балтабаевтың пікірі бойынша түзеу дегеніміз – бұл сотталған адамның психикасынан қылмыс жасауға итермелеген теріс әдеттерден аластату, оны жаңадан басқа қылмыстар жасауға апармайтын қылықтар мен көзқарастарға дағдыландыру [7, 846]. Ал, ғалым А.Б. Бекмагамбетовтің пікіріне сәйкес түзеу дегеніміз – ол қылмыстың алдын алу құралы қызметін атқарады дейді [8, 326]. С.М. Рахметовтың пікірінше түзеу дегеніміз – адам бойындағы қылмыс жасауға итермелейтін қасиеттерді жою. Түзеудің мақсаты адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін қайта қалыптастыру жаңа қылмыс жасауға себеп болатын бойындағы теріс қасиеттерден оның арылуына мүмкіндік туғызу [9, 586]. И.С. Ной түзеу терминің моральдық түзеу және заңдық мағынадағы түзеу аспектісінде қарауды ұсынады. Бұл ретте, оның тұжырымы бойынша «заңдық түзеу» деген әлеуметтік алдын алудың мақсатына жетуді білдіреді дегенді айтады. Заңдық түзеу моральдық түзеудің заңды нәтижесі және тәжірибеде олар бір-бірінен бөлінбейді [10, 1086].

Сонымен қатар, жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату институты әлеуметтік әділеттілік қағидасыменде байланысты. М.П. Мелентьев пен В.А. Корчинский бұл қағида бойынша былай жазған: Жазаның орындалу барысында қоғамға қауіптілік дәрежесі елеулі түрде түзелуге дейін төмендейді. Егер де біз сотталған адамның жағымды мінез-құлқын ескермей, оған тиісті көңіл бөлмесе, онда сөзсіз әлеуметтік әділдік қағидасымен қарама-қайшылықта боламыз [11, 776].

Ал, ғалым В.И.Селиверстов бұл мәселе бойынша былай деген: Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдардың қоғамға қауіптілік дәрежесі әр түрлі болғандықтан, әлеуметтік әділеттілік қағидасын негізге алып, олардың құқықтық жағдайының өзгеруіне жеке даралықпен қарау қажет [12]. Жалпы түзеу жолына түскен адамды түзеу мекемесінде қалдыру әділетсіздік деп санауға негізді, мұндай жағдай сотталған адамның ызасын күшейтіп, қол жеткізген жағымды нәтижеге кері әсерін тигізеді. Сондай-ақ, бұл институттың басым бағыты болып адамның өз кінәсін түсіну арқылы түзелуіне мүмкіндік беру, онды мінез-құлықты қалыптастыру, әлеуметтік ортаға бейімделуге ықпал жасау болып табылады.

Қылмыстық-құқықтық әдебиетте түзелудің түпкі нәтижесі ретіндегі сотталған адамның бойындағы оң өзгерістердің көлемі жайында түрлі ойлар айтылады.

И.С. Ной құқықтық және моральдық түзелуді бөліп қарастырады. Құқықтық түзелу деп ол сотталған адамның жаңа қылмыс жасамауын, ал моральдық түзелу деп оның санасындағы қоғамға жат көзқарастарды жоюды

түсінетін[13, 476]. И.И. Карпец бұлайша бөліп-жаруды құптамай, түзелу деп сотталған адамның жазадан қорыққанынан болса да жаңа қылмыс жасамауын түсіну керек деп санаған[14, 206]. Өз кезегінде И.В. Шмаров адамның қандай себептер бойынша (көзқарастарының өзгеруі салдарынан ба, жазадан қорыққанынан ба) қылмыс жасамайтынын анықтау мүмкіндігін теріске шығарады[15, 1156].

Н.Ф. Кузнецова «егер адам рецидив қауіпті болудан қалса, жаза қылмыскерді түзеу мақсатына жетті деген сөз», – дейді[16, 216]. Түзеу мақсатына қол жеткізілгендігінің объективтік көрсеткіштері туралы мәселе жиі көтеріледі. Өкінішке орай, ғылым сотталған адамның түзелгенін дәлелдейтін формальдық жіктерді ұсына алмайды. Сондықтан, жазаның алдына тек қана сотталған адамды құқықтық тұрғыдан түзеу мақсатын қою керек деп санайтын ғалымдардың пікірімен келіскен жөн.

Айталық, М.Д. Шаргородский жазаның көмегімен екі түрлі қалаулы нәтижеге қол жеткізуге болады деп санайды: а) жазаны өз басынан өткерген адам жазадан қорыққандығынан жаңадан қылмыс жасамайды, бірақ бұл адамды моральдық тұрғыдан түзелген адам деп тануға болмайды; б) жазаны басынан өткерген адам өзінің бұрынғы мінез-құлқын мінеп, жаңадан қылмыс жасамайды, демек, бұл субъект мораль тұрғысынан түзелді деген сөз. Екі жағдайда да адамды құқықтық мағынада түзелді деп тануға негіз бар, өйткені ол жаңадан қылмыс жасамайды[17, 636]. Олай болса, қылмыстық-құқықтық мағынада түзеу мақсаты қылмыскерден қылмыскер емес адамды жасаумен шектеледі. Ал бұл мақсатқа қол жеткізілгендігінің объективтік көрсеткіші рецидивтік қылмыстылықтың деңгейі бола алады. Заңда бекітілген жаза мақсаттарының тағы бір түрлері: 1) сотталған адамның да; 2) басқа адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу деп қылмыстылықтың себептері мен шарттарын жоюға бағытталған мемлекеттік органдар мен қоғам тарапынан жүзеге асырылатын экономикалық, әлеуметтік, тәрбиелік, құқықтық сипаттағы шаралардың жүйесі танылады. Жаза осындай шаралардың құрамдас бөлігі болғандықтан, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу – оның ажырамас қасиеті.

С.В. Максимов жалпы алдын алудың мазмұны жаза қолдану қатерімен шектеледі деп санайды. Қылмыстық құқық теориясында жалпы алдын алу деп қылмыстық заңның және оның қолданылуының адамдардың заңға сай мінез-құлқын қамтамасыз ету қасиеті түсініледі[18, 896]. Өзінің ішкі сипаты бойынша жалпы алдын алу мемлекеттік-құқықтық сипаттағы шаралар жүйесінің көмегімен адамдардың санасына психологиялық-тәрбиелік әсер ету болып табылады. Адамдарды қылмыс жасаудан айныта отырып, жалпы алдын алушылық әсер олардың бойында кейіннен мінез-құлық ережесіне айналатын психологиялық рефлекс қалыптастырады. Жазаның жалпы алдын алушылық әсерінің негізін оның алдындағы қорқыныш сезімі құрайды. Норвегиялық ғалым И.Анденестің ойынша, әшекереленіп, жазаға тартылу қаупі әрқашан қылмыс жасаудан келетін пайдадан асып түсетіндей болуы керек[19, 1146].

Жазаны арнайы алдын алушылық әсері жөнінде қай уақытқа қатысты айтуға болады деген сұрақ ғалымдар қауымын толғандырады. Бір авторлар жазасын өтеп жүрген адамдар осы кезең ішінде қылмыс жасамаса, арнайы алдын алу мақсатына қол жеткізілді деп пайымдайды. Авторлардың өзге бір тобының пікірінше, арнайы алдын алу мақсатына қол жеткізілді деу үшін адам жазасын өтеген соң да қылмыс жасамауы керек.

Бізге бірінші авторлардың пікірі дұрысырақ көрінеді, өйткені жазаны өтеген соң қылмыс жасамау – арнайы алдын алу мақсатына қол жеткізілгендігінің емес, сотталған адамның түзелгендігінің көрсеткіші. Басқаша түсінген жағдайда заңда бекітілген «қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды түзеу» және «арнайы алдын алу» мақсаттары бір-бірін айнытпай қайталаған болар еді.

Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату талаптары 1997 жылғы ҚР ҚК-нің 70-бабында көзделген. 1997 жылғы ҚР ҚК-ке сәйкес, шартты түрде мерзімінен бұрын босату түзеу жұмыстарына, әскери қызмет бойынша шектеу, бас бостандығын шектеу және бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан адамдарға қатысты қолданылған. Одан бөлек, бұл кодексте шартты түрде мерзімінен бұрын босатылуға үміткер адам өзінің құқық бұзбайтын мінез-құлқын, еңбекке адал қарағанын, көркемөнерпаздар ұйымдарының жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқанын дәлелдеу тиіс болатын.

Сонымен бірге, ҚР ҚК-нің 70-бабының 3-бөлігінде, шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың формальді негіздері, яғни тағайындалған жаза мерзімінің босатылу үшін міндетті түрде өтелуге тиіс мерзімдері көрсетілген. 1997 жылғы ҚР ҚК-де алғаш рет өмір бойына бас бостандығынан айырылған адамға жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі берілді. Ол үшін сотталған тағайындалған жазаның 25 жылын өтеуі және сот оның жазаны одан әрі өтеуді қажет етпейді деп тануы қажет болды.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап жаңа Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (2014 жылы 3 шілдеде қабылданды) күшіне еніп, қолданыла бастады. Бұл Қылмыстық кодексте бірқатар өзгерістер пайда болды.

2014 жылғы ҚР ҚК-нің 72-бабында жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату талаптары айқындалды. Шартты түрде мерзімінен бұрын босату құқығы тек бас бостандығынан айыру және шектеу жазасына сотталғандарға қолданыла бастады. Бұл кодекс талабында шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың тәртібі нақтылана түсті. 1997 жылғы ҚР ҚК-не қарағанда қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес, сотталғанды шартты түрде мерзімінен бұрын босату үшін оның құқық бұзбайтын мінез-құлқына, еңбекке адал қарауына, көркем өнерпаздар ұйымдарының жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқанына басты назар аудару қажеттілігінің болмауында.

1997 жылғы ҚР ҚК-де сот адамды шартты түрде мерзімінен бұрын босату үшін жоғарыдағы талаптарды негізге алса, ал жаңа кодексте бұл талаптар

міндетті болмай, ең басты негіз болып тиісті мерзім мен келтірілген зардапты өтеу және жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзбау болып табылады.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, жазаны жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру сотқа түзету мекемесінің қабырғасынан тыс жерде заңға бағынатын мінез-құлықтың тұрақтылығын тексеруге мүмкіндік береді, егер сотталушы шынымен "түзелгенін дәлелдеген" болса. Жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыруды қолдану сотталған адаммен тәрбие іс-шараларын жүргізуді жалғастыруға, сондай-ақ оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жалпы қылмыстық заңнамамыз замаң талабына сай өзгеріп, оның ерекшеліктеріне адам құқығы мен бостандықтары, жариялылық пен ізгілік қағидаларының басты назарда екендігі байқалып, мемлекетіміздегі түзеу мекемелеріндегі адам санын азайту бағытындағы салихалы құқықтық саясатымыздың көрінісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. <https://adilet.zan.kz>
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек. <https://www.akorda.kz/>
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
4. Оңғарбаев Е.Ә., Смағұлов А.А. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (жалпы бөлім), Қарағанды қаласы, 2005 жыл (оқулық). - 240 б.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №234-V ҚРЗ.
6. Кудрявцев В.Н., Келина С.Г. О принципах советского уголовного права // Проблемы советской уголовной политики. – Владивосток, 1985. - 260 с.
7. Рогов И.И., Балтабаев К.Ж., Уголовное право Республики Казахстан (общая часть Алматы, 2016 год (учебное пособие). - 158 с.
8. Бекмагамбетов А.Б., Ревин В.П. Уголовное право Республики Казахстан (общая часть), Алматы, 2015 год (учебное пособие). - 186 с.
9. Рахметов С.М., Алауханов Е.Ө. Жаза. Практикалық оқу құралы. Алматы, 1999 жыл (оқулық). - 180 б.
10. Ной И.С. Теоритические вопросы лишения свободы. Саратов, 1965 год (учебное пособие). - 236 с.
11. Мелентьев М.П., Корчинский В.А. Реализация принципа социальной справедливости в правоприминительной деятельности исполнения наказания. Киев, 1991 год. - 220с.
12. Селиверстов В.И. Социальная справедливость: проблемы исследования и закрепления в исправительно-трудовом праве. Проблемы дифференциации исполнения наказания, МВД СССР, 1991 год. - 175 с.
13. Ной И.С. Вопросы теории и наказания в советском уголовном праве, Саратов, 1962 год. - 164 с.

14.Карпец И.И. Наказание. Социальные, правовые и криминологические проблемы. Москва,1973 год. - 180 с.

15. Шмаров А.В., Михлин А.С., Селиверстов В.И. Критерии и показатели эффективности наказания. Уголовно- исполнительное право, Москва, 2000 год. - 138 с.

16.Кузнецова Н.Ф. Курс уголовного право. Общая часть. Учение о наказании. учебник для вузов. 1967 год. - 216 с.

17.Шаргородский М.Д. Наказание, его цели и эффективность. Ленинград, 1973 год. - 155 с.

18.Максимов С.В. Гласность и теоретические вопросы обще-предупредительного воздействия на преступность. Сов.гос. и право. 1990 год.- 320 с.

19.Анденес И. Наказание и предупреждение преступлений. – Москва, 1979. - 256 с.

Булекбаева Р. У.

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар
және Әлем Тілдері Университеті,
Халықаралық құқық кафедрасының
з.ғ.к.доцент.,
raziya.2011@mail.ru

Сыздықова А. А.

Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар
және Әлем Тілдері Университеті,
Халықаралық құқық кафедрасының
аға оқытушысы, құқық магистрі
altaevna_2011@mail.ru

МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕГІ РӨЛІНІҢ ТАРИХИ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ғылыми әдебиеттерде мемлекет пен экономика арасындағы қарым-қатынастардың әртүрлілігі әр түрлі негіздермен сипатталады: мемлекеттің экономикаға әсері, мемлекеттің экономикалық саясаты, мемлекеттің экономикаға араласуы, экономиканы мемлекеттік реттеу, мемлекеттің экономикалық қызметі, мемлекеттік кәсіпкерлік, экономиканың мемлекеттік секторы (өмір салты), мемлекеттік меншік және т. б.

Олардың барлығы әртүрлі мағынаны білдіреді, бірақ олар негізгі жалпы ойларды бөліп көрсете алады:

а) мемлекеттің "жанама экономикалық" деп атауға болатын экономикаға саяси және құқықтық институт ретіндегі әсері;

б) мемлекеттің экономикадағы алмасу, бөлу және тұтыну салаларындағы қызметі;

в) мемлекеттің өндіріс саласындағы қызметі және оған тиесілі кәсіпорындардың жиынтығы. Мемлекеттің экономикалық қызметінің соңғы екі кезеңін "тікелей экономикалық" деп сипаттау керек.

Мемлекеттің жанама және тікелей экономикалық қызметі олардың бірлігінде және мемлекет пен тұтастай экономиканың өзара әрекеттесуін сипаттайтын "мемлекеттің экономикалық рөлі" ұғымын қалыптастырудың негізі б. табылады [1].

Қоғамдағы кез келген әлеуметтік мәнісі бар мәселелерді шешуде мемлекет пен экономиканың арақатынасына және мемлекеттің экономикалық қатынастарды реттеудегі рөліне байланысты жүргізіледі. Сондықтан кез-келген қоғам үшін бұл сұрақтарды шешу теориялық ғана емес, сонымен бірге тәжірибелік мәселе болып табылады.

Кәсіпкерлікті қолдау аясында бәсекелестікті дамытуға, заң үстемдігін нығайту мен сот жүйесін жаңғыртуға айрықша назар аударылады. Бұл – негізгі бағыттар. Онсыз тиімді нарықтық экономиканы құру мүмкін емес [2, 8].

Экономикалық қатынастарды реттеудегі мемлекеттің рөлі қандай екенін дұрыс түсіну үшін, біздің ойымызша, алдымен қысқаша тарихи шолу жасалуы тиіс, нәтижесінде мемлекеттің экономикалық қатынастарды реттеуге қатысты атқаратын рөлі нақты анықталады. «Негізгі заңның әрбір азаматтың, бүкіл қазақстандық қоғам өміріндегі рөлі мен маңызын ешбір заңдармен салыстыруға болмайды», – дейді профессор Е.Е.Дүйсенов. [3].

Егер біз еуропалық тарихты қарастыратын болсақ, онда буржуазиялық революциялар кезеңінде индивидуализм идеялары, ең алдымен экономикалық салада жеке тұлғаның бостандығы мен дербестігіне байланысты дамыды. Бұл үшінші таптардың талаптарымен анықталды: олар феодалдық бағыныштылықтан босатылып, өндірістегі қабілеттерін еркін басқарады.

Индивидуализмді жақтаушылар (Д.Локк, А.Смит, Б. Констан, с. Милл, Т. Джефферсон және т. б.) адам құқықтарын қазіргі заманғы түсінудің негізін қалап қана қоймай, сонымен бірге экономикалық істерге мемлекеттің араласпау теориясын да қалады. Олар адамның өмірге, бостандыққа және меншікке құқықтарын негізгі ретінде қарастыра отырып, адамдар мен билік арасындағы қарым-қатынаста езгіге қарсы тұру құқығымен бірге кейбір басымдылықтарды, нормаларды түсінуді негіздеді.

Томас Пэн, XVIII ғасырда Америка Құрама Штаттарына сілтеме жасай отырып, қоғамның өзі әдетте Үкіметке жүктелген барлық нәрсені жасай алады деп сендірді. Оның пікірінше, мемлекет қоғамға көмектесіп қана қоймай, оның дамуына кедергі келтіреді. Мемлекеттің экономикадағы рөлі, ойшылдың пікірінше, іс жүзінде "түнгі күзетші" рөліне дейін азайтылды.

Адамның феодалдық мемлекетке толық бағынуын алмастырған Индивидуализм әлеуметтік саяси және экономикалық дамудың қуатты катализаторы болды, шығармашылыққа, өзіндік ерекшелікке және өзін-өзі анықтауға жағдай жасады, оның автономиясын бекітті.

Құқықтық мемлекеттің теориялық негізі сол кездегі экономикалық теориялар болды, атап айтқанда У. Петти, А. Смит, Д. Риккардо, и. Канттың көзқарастары және т. б.

Меркантилистердің ілімі бойынша капитализм жағдайында мемлекеттік биліктің шексіздігі және оның экономика шеңберіндегі өнеркәсіп пен сауданың дамуына ықпал ететін, субъектілердің бай әрі бақытты өмірі мен қызметін реттеудегі басымдылығы айқындалды. Өнеркәсіптердің жаңа нысандары қолдауды қажет етті, бірақ олардың дамуына байланысты реттеуде және қамқоршылық жүйесіне ауыр болып, наразылық тудыра бастады. Шынында да, азаматтардың барлық қатынастарын реттеуге тырысқан Үкімет бұл тапсырманы қанағаттанарлық түрде жеңе алмады. Францияның қарыздары үлкен мөлшерге жетті, Қазына бос болды, шенеуніктердің парақорлығы өркендеді. Мұндай жағдайларда прогрестің қажетті алғышарты физиократтардың ілімінде көрініс тапқан мемлекет қызметінің саласын тарылту, оның экономикалық қызметке араласуын шектеу болуы керек еді. Олардың Доктринасын замандастары бір сөзбен – "бостандық" деп бағалады.

Ф. Кенэ және оның шәкірттері ғарыш тәртібі бойынша материя мен адамзат бірдей бағынатын әмбебап үйлесімділік идеясынан бастады. Мемлекет адамзат баласына ең тиімді табиғи тәртіпті құратын заңдардың әрекетіне кедергі жасамауы керек[4]. Сондықтан мемлекет ағартушылықты ұйымдастыру арқылы осы заңдарды түсінуге ықпал етуі тиіс, оларды құрметтеп, қорғауы керек, бірақ оның қоғамдық өмірдің күрделі механизміне араласу әрекеттері тек Құдай белгілеген тәртіпті бұзады. Үкімет бәсекелестікке толық еркіндік бере отырып, кедергілерді жолдан шығаруы керек. Табиғи сауда саясаты-бұл еркін және шексіз бәсекелестік, бұл әр ұлтқа сатып алушылар мен сатушылардың санын көбейтуге қол жеткізіп, олардың сату мен сатып алудың ең жақсы бағасын бекітті. Физиократтардың мемлекеттің экономика саласындағы рөлі туралы көзқарастары осындай.

Ғалымдардың көзқарастары осы тұрғыдан ұқсас, атап айтқанда Д.Локк, ол мемлекеттің мақсаты меншікті қорғау қажеттілігін көрсетті және оның осы мақсаттың шегінен шығып кетуге тыйым салды.

А. Смиттің экономикалық ілімі физиократтар бастаған "еркін бәсекелестік теориясының" дамуының екінші кезеңін білдіреді. "Оның данышпандығы, - дейді Нобель сыйлығының лауреаты Милтон Фридман, - сатып алушылар мен сатушылар арасындағы мәмілелер нәтижесінде пайда болатын тауарлардың бағасы, басқаша айтқанда, еркін нарық заңдарының әсерінен пайда болатын бағалар миллиондаған адамдардың іс - әрекеттерін үйлестіре алады. Олардың әрқайсысы өз пайдасын көздейді және мәмілеге қатысушылардың әрқайсысы жеңіске жететін етіп үйлестіре алады. Көптеген адамдардың іс-әрекеттерінің нәтижесінде әрқайсысы тек өзінің жеке пайдасы туралы ойлайды, өздігінен және жоспарланбаған түрде реттелген экономикалық құрылым пайда болады. Адам Смит бұл көзге көрінбейтін нарық механизмін "көрінбейтін қол" деп атады[5]. Ол құдай адам өмірінің әмбебап үйлесімін құруға ұмтылатынына сенімді болды: мораль саласында – жанашырлық сезімі

арқылы; материалдық қатынастар саласында – ұтымды өзімшілдік арқылы. Басқаша айтқанда, адамдардың, ең алдымен кәсіпкердің ақылға қонымды өзімшілдігі адам әрекеттерінің негізгі қозғалтқышы болып табылады, ол еркін бәсекелестіктің көмегімен жеке өнімділіктің жақсы нәтижелеріне және ортақ мүдделердің үйлесімділігіне әкеледі. Жеке тұлғалардың өзімшілдік мүдделері қоғамның барлық мүшелерінің мүдделерімен шектелетін болады. Экономикалық қызметтің еркіндігі-соңғысының сәттілігінің қажетті шарты.

А. Смит мемлекеттің мақсаттары мен міндеттерін физиократтар сияқты түсінеді. Мемлекет жеке тұлғалардың қызметіне мүмкіндігінше аз араласуы тиіс, өйткені ол осы қызметке негізделген табиғи заңдарды өзгерте алмайды.

Оның пікірінше, әр түрлі мүмкіндіктерді таңдау еркіндігіне қол жеткізуге тырысатын мемлекетке келесі рөл берілуі керек, деп жазады ол: "табиғи бостандық жүйесіне сәйкес, егемендік тек үш міндетті орындауы керек-рас, үш міндет өте маңызды, бірақ қарапайым түсінік үшін айқын және түсінікті: біріншіден, қоғамды зорлық-зомбылықтан және басқа тәуелсіз қоғамдардың шабуылынан қорғау міндеті; екіншіден, қоғамның әр мүшесін мүмкіндігінше оның басқа мүшелерінің әділетсіздігі мен қысымшылығынан қорғау міндеті немесе сот төрелігін қатаң және бейтарап жүзеге асыру міндеті; үшіншіден, құру және қамтамасыз ету жеке тұлғалардың немесе шағын топтардың мүдделеріне сәйкес келмейтін белгілі бір қоғамдық мекемелерді құру әрі қамтамасыз ету міндеті, өйткені пайда кез-келген жеке тұлғаның немесе жеке тұлғалардың шағын тобының шығындарын ешқашан өтей алмайды, дегенмен олар көбінесе үлкен қоғамға өтеуден гөрі көп болады"[5]. Мемлекеттің (егемендіктің) алғашқы екі міндеті қарапайым және бір мәнді емес: бұл қоғам мүшелерін өз отандастарының немесе сыртқы мәжбүрлеуден қорғау. Егер біз мәжбүрлеуден қорғалмасақ, онда бізде нақты таңдау еркіндігі болмайды.

Адам Смит жариялаған екінші міндет полиция функциясының шеңберінен тыс - қоғам мүшелерін физикалық зорлық-зомбылықтан қорғау; оған "сот төрелігін қатаң және бейтарап орындау" кіреді. Кез-келген ерікті мәміле, кем дегенде, қандай да бір күрделілікпен сипатталса, түсініксіздік пен түсініксіз түсіндірулердің көзі бола алады. Сондықтан даулы мәселелерді шешуде делдалдықтың қандай да бір әдісі болуы керек.

Мемлекеттің делдал ретіндегі бұл рөлі ерікті алмасу тетіктерін жеңілдетуге және дамытуға ықпал ететін жалпы ережелерді - еркін қоғам азаматтары қатысатын экономикалық және әлеуметтік қатынастар саласындағы өзіндік "ойын ережелерін" құруды қамтиды. А. Смит атап өткен үшінші міндет-бұл әр Үкіметтің еркін қоғамды сақтауға және нығайтуға бағытталған тиісті түрде негізделген шараларды қабылдау міндетінен басқа ештеңе емес.

Бұл қорытынды келесі жағдайда да дұрыс, егер жеке тұлғаларға, мәселен, үкіметке шығынға кім және кім кіретінін анықтау немесе қандай да бір нарықтық мәміледен кімнің есебінен пайда көретіні де оны түсіну де қиын болады. Осы жағдайға назар аудара отырып, Адам Смит былай деп жазды: "жергілікті жағдайларға сәйкес әр адам кез-келген мемлекет қайраткері немесе заң шығарушының орнына отандық өнеркәсіптің қай түріне өз капиталын және

қай саланың өнімі ең жоғары бағаға ие болатындығын бағалағаннан әлдеқайда жақсы болуы мүмкін"[5]. Басқаша айтқанда, А. Смиттің сөздері мынаны білдіреді: мемлекеттің жағдайды түзету әрекеттері жағдайдың нашарлауымен аяқталуы мүмкін: мемлекет қабылдаған шаралар кез-келген кінәсіз тараптардың шығынға ұшырауына әкеледі немесе күтпеген жерден бақытты адамдар қайдан келгені белгісіз жеңіске жетеді.

А. Смиттің ізбасарлары әртүрлі елдерде әртүрлі мән-жағдайларға байланысты қабылдаған экономика істеріне араласпау идеясын дамытты. Бұл жағдайда Дж.Б. Сэй "ең жақсы басқару – бұл ең аз белсенділікті көрсету" деп жазды, "Мемлекет басшысы жаман ештеңе жасамағаны үшін көп жақсылық жасайды".

Ф. Бастиа бюджетті нөлге дейін жеткізу керек, бұл мемлекеттің экономикалық күреске араласпауы, халықтың жекелеген топтарын қорғауы керек деп есептеді. П.Леруа-Болье мемлекеттің міндеттері мен функцияларын зерттей отырып, мемлекет шаруашылық қызметтерін орындауға жарамсыз деген қорытындыға келеді[6]. Аргументтер ретінде бірқатар дәлелдер келтіреді

Оның пікірінше, мемлекет бірқатар функцияларды орындауына байланысты экономикалық және әлеуметтік прогресс жүргізеді. Ол әлеуметтік қамсыздандыру мен салық салудың мемлекеттік жүйесіне үлкен мән берді.

Осыған байланысты, біздің көзқарасымыз, бұл Дж. Сисмондидің тұжырымдамасы бойынша эволюциясы қызықты, ол салыстырмалы түрде қысқа уақыт ішінде мемлекеттің араласпауының қызу қолдаушысынан оның қарсыласына айналды.

Капитализмнің экономикалық құрылымын талдағаннан кейін ол: "біз "іс-әрекет бостандығы"қағидасының пайдасына сенбейміз. Біздің ойымызша, үкімет әлсіздердің күшті жақтаушысы болуы керек, ол өзін қорғай алмайтын адамның қорғаушысы болуы керек" [7, 30 б.].

Итальяндық экономист Ф. Нитти заң үстемдігінің тұжырымдамасына сәйкес былай деп жазады: "ынтымақтастықтың ең жоғары формасы ретінде мемлекет қоғамның дамуына үлкен әсер етуі мүмкін: ең үлкен ұжымдық істер тек мемлекет арқылы жасалды және оның ынталандырушы күшінің арқасында қоғам өмірінде терең өзгерістер болды. Бірақ жеке тұлға болмаған кезде ешқандай ұжымдық іс-әрекет мүмкін емес, ал мемлекет иелік ететін материалдық байлықты жеке адамдар жасайды"[7, 138 б.]. Ф.Ниттидің тұжырымдамасы бойынша экономика мемлекетсіз қосымша ынталандыру алалмайды деп санайды, бірақ оның қызметі нарықтық экономиканы дамыту талаптарымен анықталады.

XX ғасырда нарықтық экономика мен мемлекеттің экономикаға әсері арасындағы тепе-теңдікті іздеу Батыс елдерінің теориясында жалғасты. Әсіресе, бұл ізденістер XX ғасырдың 30 – жылдарының басындағы әлемдік дағдарыспен байланысты болды, ол әлемге мемлекеттің экономика ісіне араласпау теориясының осалдығын айқын көрсетті, нарықтық экономистердің нарықтық экономика мемлекеттің араласуынсыз өзін-өзі реттеуге және өзін-өзі

басқаруға қабілетті деген сеніміне күмән келтірді. Бұл жағдайлар оны шешудің жолдарын іздеудің шұғыл қажеттілігін тудырды.

Бұл мәселені шешудің бір тәсілі ретінде экономиканы басқарудағы мемлекеттің ролін күшейту ұсынылды.

Үкіметтің бақылауы, нарықтық бәсекелестік шеңберіндегі экономикалық өмірге мемлекеттің араласуы идеясын негіздеген Батыстың ірі экономистерінің бірі Дж. М. Кейнс. 30-жылдардағы дағдарыс, Ұлы депрессия жағдайында ол еркін бәсекелестік дәуірі өзінің мемлекеттік араласпау идеясымен өткен деп санайды. Оның пікірінше, капитализм көптеген жолдармен өте дисфункционалды жүйе болып табылады, бірақ егер ол "ақылға қонымды басқарылса", ол "қазіргі балама жүйелерге қарағанда экономикалық мақсаттарға қол жеткізуде тиімділікке қол жеткізе алады..."[8].

"Мен мемлекетке арқа сүйеймін; мен "Laissez faire" көзқарасын қолдаймын - шын мәнінде, ынта-жігерсіз және осы жақсы ілімді құрметтемегендіктен емес, сіз оны ұнатасыз ба, жоқ па, оның сәттілік уақыты өтті"[8].

Қысқаша айтқанда, оның теориясының мәні мынада. Мемлекет жиынтық сұраныстың мөлшеріне әсер ете алады және сұранысты ынталандыратын белсенді қаржы саясаты ғана тұтыну өндірістің дамуына және кеңеюіне кепілдік бере алады, дағдарыстарды жоя алады бұл үшін мемлекет экономикаға, ең алдымен әлеуметтік саясат саласындағы ірі инвестициялар мен іс-шаралар арқылы араласуы керек.

Оның экономикасын сау күйде ұстауға арналған Рецепт осындай. Мемлекет экономикалық өрлеу кезеңінде салық ставкаларын көтеріп, мемлекеттік шығыстарды қысқартуы керек, осылайша ақша жинайды. Ал құлдырау кезеңі қиын болған кезде салықтарды төмендету, мемлекеттік шығыстарды ұлғайту және сол арқылы экономиканы жандандыру қажет.

Осы кезеңде жұмыссыздықты азайту жолдарының бірі ретінде қоғамдық жұмыстарды ұлғайту. 30-шы жылдардың екінші жартысынан бастап Батыста Кейнстің теориясы басым бола бастады.

Осы саясаттың нәтижесінде мемлекеттің экономика ісіне араласуы маңызды болды. Алайда, уақыт өте келе, мемлекеттің экономиканы реттеуі сөзсіз кәсіпкерлік бастаманың, еркіндіктің қысқаруына алып келді, барлық салдарлармен теңдік тенденциясы арта бастады. Басқаша айтқанда, бұл теория өзінің әлеуметтік қайшылықтарын тудырды. 70-жылдардың ортасынан бастап кейнсианизмнің ауыр дағдарысы басталды. Кейнстің мемлекеттік реттеу тұжырымдамасының дағдарысы көптеген факторларға байланысты, олардың арасында ғылыми-техникалық революция нәтижесінде пайда болған технологиялық және әлеуметтік өзгерістер, сондай-ақ өндіріс пен капиталды жан-жақты интернационалдандыру бірінші кезекте тұр. Мұндай жағдайларда стихиялық нарықты реттеудің ынталандырғыштары мен тетіктерінің ролі объективті түрде өсті, ал мемлекеттік реттеудің мәні салыстырмалы түрде төмендеді.

Экономиканың мемлекеттік патернализмінен бас тартудың тағы бір факторы-еркін жеке кәсіпкерліктің экономикасы тиімдірек, икемді және өнімді. Мемлекеттік реттеу бағытын қолдайтын елдер, мысалы, АҚШ, Экономика ісіне мемлекеттің араласуы шектеулі елдерден артта қалды. Бұл жағдайда, ең алдымен, Жапония мен Германия.

Сондықтан 70-ші жылдары Кейнс Джон экономикалық және әлеуметтік салаларда мемлекеттік патернализмді күрт шектеумен нарықтың автоматизмін, жеке кәсіпкерліктің еркіндігін қолдауға басты назар аударған жаңартылған неоклассикалық доктринаның теоретиктеріне жүгінуге мәжбүр болды. Бұл жағдайда біз Рейганға АҚШ экономикасын ұзаққа созылған дағдарыстан шығаруға және Батыс Еуропа мен Жапониямен салыстырғанда бәсекеге қабілетті етуге мүмкіндік беретін "рейганомиканың" негізін қалаған М.Фридманның монетаризм тұжырымдамасын айтамыз.

Фридман өзінің теориясында тек капитализм нарықтық күштердің еркін ойынымен, еркін бәсекелестік жағдайында саяси бостандық пен экономикалық тиімділікті сәйкестендіре алатындығын дәлелдеуге тырысады. Фридманның пікірінше, экономикалық еркіндік негізгі мақсат ретінде әрекет етеді және сонымен бірге саяси бостандықты жүзеге асырудың құралы болып табылады. Экономикалық еркіндік-бұл Үкіметтің араласуын болдырмайтын нарықтық еркіндік. Жақсы жұмыс істейтін еркін нарық, ол дискриминацияны жойып, бостандыққа жағдай жасай алады деп санайды.

Тек еркін нарықтық экономика өзінің барлық мәселелерін шеше алады, "экономикаға кедергі келтіретін басқа құрылымдардың кез-келген реттеуі зиянды, сондықтан мемлекеттің капитал істеріне араласуын болдырмау керек. Фридман Жеке кәсіпкерлікті ынталандырудың, жеке инвестицияларды ұлғайтудың ең қолайлы құралы салықты азайтуды қарастырады. Жоғары салықтар өндірісті кеңейтуге және жаңартуға жұмсалатын қаражаттың үлесін азайтады. Негізінен, мемлекеттің экономикадағы рөлі нарық пен жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін заңнамалық жағдайларды қамтамасыз ету болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фридман М. Конспект лекций по науке о финансах. СПб., 1910. – с. 15-25.
2. Қазақстан Президенті Қ. Тоқаевтың Nur Otan партиясының кезектен тыс XX құрылтайында сөйлеген сөзі. «Мәслихат және әкімдік» депутаттар мен мемлекеттік қызметшілерге арналған республикалық ақпараттық журнал № 4/2020 қазан-желтоқсан.
3. Дуйсенов Э.Э. Конституция – основа межнационального согласия. // Казахстанская правда. – 2021. – 30 августа. // Интернет-ресурс: <https://www.kazpravda.kz/articles/view/konstitutsiya--osnova-mezhnatsionalnogo-soglasiya> дата обращения: 11.11.2021.
4. Фридман и Хайек о свободе. САО Institute. 1985.
5. Смит А. Исследования о природе и причинах богатства народов. М.,

Соцэкгиз, 1962. С.117.

6. Буковецкий А. И. Введение в финансовую науку. – М., 1929. – С. 147, 150.

7. Сисмонди Ж. Новые начала политэкономии. – М., 1897.

8. Цит. по Burt E. Social Perspectives in the History of Economic Theory. F. 1972. P. 234.

Болатханова З.А

к.э. н., доцент кафедры экономики и международных отношений
Университет - иностранных языков и деловой карьеры

РАЗВИТИЕ ГОСУДАРСТВЕННО - ЧАСТНОГО ПАРТНЕРСТВА В КАЗАХСТАНЕ

В сложной финансово - экономической ситуации государственно-частное партнерство может стать одним из путей реализации крупных социально значимых инвестиционных проектов и поэтому на него возлагают большие надежды, цели и задачи.

Государство организует регулирующую деятельность в сфере партнерства с частным бизнесом в трех направлениях. Во-первых, оно вырабатывает стратегию и принципы, на которых действуют отношения бизнеса с обществом в целом и с публичной властью в частности. Во-вторых, оно формирует институциональную среду для разработки и реализации партнерских проектов. В-третьих, оно непосредственно занимается организацией и управлением государственно-частным партнерством, разрабатывает его формы и методы, а также конкретные механизмы. Важнейшим аспектом ГЧП является практическое разделение многочисленных рисков между сторонами партнерства, неизбежно возникающих в процессе сооружения и эксплуатации объектов.

Сам термин "государственно-частное партнерство" является дословным переводом английского термина "public-private partnership" (PPP) и давно применяется в зарубежных государствах: Франции, Великобритании, США, Канаде, Австрии, Бельгии, Дании, Австралии. Во Франции такой опыт сотрудничества государства и бизнеса впервые был реализован еще в 1552 году при постройке канала по концессионному принципу. В Великобритании стоимость объектов частной финансовой инициативы, которая является там основной формой ГЧП, в течение последних 10 лет составляет 24 млрд. фунтов стерлингов, а в течение следующих трех лет планируется реализовать проекты на общую сумму 12 млрд. фунтов стерлингов. Ежегодно заключается до 80 новых соглашений. По данным британского правительства, такие проекты обеспечивают 17% экономии для бюджета страны /1/.

По данным Национального совета по частно-государственной кооперации, в США из 65 базовых видов деятельности муниципальных властей (водопровод, канализация, уборка мусора, школьное образование и др.) средний город использует коммерческие фирмы при исполнении 23 из них /2/.

Практическое применение государственно-частного партнерства в Казахстане осуществляется с 1991 года в форме корпоративной формы управления; приватизации, доверительного управления объектами государственной собственности (аренда), концессии.

Для любой деятельности необходима правовая основа. В 2006-м был принят Закон РК «О концессиях» и Закон «О государственно-частном партнерстве» был подписан Президентом РК 31 октября 2015 года. Он разработан в целях реализации поручения Главы государства в рамках новой бюджетной политики и Плана нации «100 конкретных шагов».

Целью закона является формирование и усиление долгосрочного сотрудничества между государством и частным сектором путем объединения ресурсов для повышения доступности и качества общественных услуг. Задачей закона является снижение нагрузки на бюджет и привлечение частного сектора к управлению государственными активами.

В настоящее время на республиканском уровне на этапе разработки находятся 8 проектов общей стоимостью строительства 290,7 млрд тенге. Среди них – большая Алматинская кольцевая дорога (БАКАД) с объемом инвестиций 124,5 млрд. тенге.

Два крупных проекта по линии министерства по инвестициям и развитию реализуется на сумму 71,8 млрд. тенге и 12 млрд. тенге – строительство обводной железнодорожной линии в обход железнодорожного узла станции Алматы и строительство автомобильной дороги «Юго-Западный обход города Шымкент» протяженностью 48 км.

По линии министерства труда и социального развития ведется строительство и эксплуатация многопрофильной больницы на 300 коек при РГКП «Казахский национальный медицинский университет имени Асфендиярова» в Алматы стоимостью 16,5 млрд. тенге и строительство и эксплуатация многопрофильной клинической больницы на 300 коек при РГП «Карагандинский государственный медицинский университет» -15,5 млрд. тенге.

По линии министерства образования и науки инвесторы внесут 25,7 млрд. тенге в организацию инновационного кластера КазНУ им. аль-Фараби, строительство бизнес-инкубатора, технопарка, производственного центра, лабораторных корпусов в НИИ и Дома молодого ученого - общежитие на 1500 мест.

В Алматы посредством ГЧП будет построена и сдана в эксплуатацию линия легкорельсового транспорта (ЛРТ) на сумму 96,3 млрд. тенге, а также построено пять детских садов.

В рамках Антикризисного плана действий Правительства на 2016–2018 годы в целях дальнейшего развития ГЧП на региональном уровне в Программы развития территорий в качестве целевого индикатора в каждом регионе РК включен показатель по реализации проектов через механизм ГЧП – не менее пяти ежегодно.

Однако основными проблемами развития ГЧП на уровне региональных проектов являются отсутствие доступного фондирования, особенно в национальной валюте, высокие процентные ставки банковских займов, недостаток квалифицированных кадров. Казахстанские институты развития ввиду долгосрочности проектов ГЧП, жизненный цикл которых составляет от 3 до 30 лет, высоких рисков возврата капитала активного участия в проектах ГЧП не принимают. Отечественные банки второго уровня, пенсионные фонды, страховые компании остаются незадействованными ввиду восприятия ими проектов ГЧП как рискованных инвестиций /3/.

В связи с тем, что в проекты заходят, как правило, зарубежные инвесторы, которые вкладывают средства в условных единицах, у них возникает вопрос, будет ли государство покрывать валютные риски. По проекту БАКАД было принято решение, что правительство Казахстана возьмет на себя валютные риски при реализации проекта и компенсирует инвесторам курсовую разницу в случае возникновения такой необходимости.

При реализации проектов в регионах страны возникает еще одна проблема- это отсутствие необходимого залогового обеспечения у отечественных инвесторов с применением механизмов ГЧП, необходимое для получения кредита в коммерческих банках. Банкам необходимы гарантии, кредиты выдаются на условиях платности, срочности и возвратности. За рубежом эту проблему решают посредством инструментов проектного финансирования. Механизм предполагает, что залогом выступают не твердые активы, а будущие денежные потоки, то есть банк дает кредит под гарантию того, что завтра этот проект принесет доход.

Слово « партнерство» означает сотрудничество, основанное на принципах взаимного уважения, равноправия и взаимовыручки. Поэтому объединение усилий государства и бизнеса в реализации проектов государственно- частного партнерства и решении его проблем важно для социально- ориентированного государства.

Список использованной литературы:

1. Айрапетян М.С. Зарубежный опыт государственно-частного партнерства. Москва. 2015
2. Агроскин В. Переходные меры и рецепты реформирования // www.prompolit.ru.

3. Егизбаев С. О государственно- частном партнерстве в Казахстане. Астана. 2016.

Дархамбаева А. Д.

к.ю.н., доцент кафедры конституционного, международного права и таможенного дела Евразийской юридической академии имени Д.А.Кунаева

Омиралы А.О.

к.ю.н., доцент кафедры конституционного, международного права и таможенного дела Евразийской юридической академии имени Д.А.Кунаева

МЕСТНОЕ САМОУПРАВЛЕНИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ИЗМЕНЕНИЯ И НОВШЕСТВА В ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ.

Местное самоуправление в Республике Казахстан развивается и формируется с учетом своих собственных особенностей, характерных для переходного периода своего развития.

Самоуправление является одним из наиболее распространенных политико-правовых образований, той социальной группой, которая в полной мере отражает идеалы демократических движений современного общества. Несмотря на многие попытки, перед государством, до сих пор стоит огромная задача по совершенствованию правовой основы местного самоуправления и ее реализации, которая бы позволила решить проблемы местного значения.

В нашем государстве местное самоуправление является одной из основ конституционного строя, основополагающим принципом осуществления публичной власти территориального коллектива совокупности людей, совместно проживающих в пределах определенной административно-территориальной единицы. Главным направляющим движением современных государств к введению реального института местного самоуправления является углубление демократических устоев государственного и общественного устройства, расширение прав и свобод граждан, их полноправного участия в управлении, особенно на его нижних и средних уровнях публичного управления. Эти уровни управления имеют весьма высокую социально-правовую и политическую значимость. Между тем практика современного государственного строительства убедительно доказала, что модель самоуправления народа как демократически организованной формы общества, управляемого из единого центра, в своей основе является не вполне совершенным механизмом.

В большинстве демократических государств именно местные органы управления непосредственно решают повседневные, наиболее важные общественные вопросы на местах. Это обуславливает сравнительно высокую управленческую заинтересованность и активность граждан в деятельности местных органов власти. К тому же непосредственное участие людей в управлении своей общиной, селом, районом, городом, предприятием не требует

высокого профессионализма и политической ответственности, необходимых при управлении делами централизованного управления в масштабе всего огромного государства. Все это создает благоприятные предпосылки для широкого воплощения самоуправленческих принципов на уровне местной административно-территориальной организации.

Важнейшее значение местного управления сводится к реализации идеи децентрализации власти. На сегодняшний день в свете административных реформ, проблема децентрализации государственного управления в Республике Казахстан является одной из центральных проблем. Здесь, на наш взгляд, важно учесть тот фактор, что перераспределение полномочий между ветвями и уровнями власти обязательно сопровождается ослаблением механизмов и институтов государственности. Именно поэтому задача сохранения и упрочения казахстанской государственности при одновременном росте влияния местного самоуправления предполагает научно-обоснованный анализ природы прав местных коллективов.

Действующая в Казахстане система местного государственного управления построена на основе принципа сближения местного государственного управления и самоуправления на местах. В Основном законе государства закреплено, что «в Республике Казахстан признается местное самоуправление, обеспечивающее самостоятельное решение населением вопросов местного значения.» [1] По мере совершенствования государственно-правовых институтов, укрепления государственности в целом, связь между государством и самоуправлением все более возрастала. Государство, будучи публичным образованием, стало передавать некоторые свои полномочия по управлению территориальными образованиями местным сообществам.

Важнейшим элементом гарантирования демократии здесь выступает связь государственного и общественного (самоуправляемого) начал, обеспечивающая политико-правовой баланс сил, при котором будет сохранено единство государственной власти и ее суверенитет. Конституция Казахстана закрепила, что «местное самоуправление осуществляется населением непосредственно, а также через маслихаты и другие органы местного самоуправления». [1] В данном случае государство отделяет весомую часть не только социальной, но и политической организации общества местной власти, реализуемой либо в форме самоуправления, либо государственного управления на местах. Государство в лице своих уполномоченных органов выполняет управленческие функции в сфере местной организации общества. Данная форма характерна для развивающихся, в том числе, постсоветских государств.

В 2021 году в законодательство «О местном государственном управлении и самоуправлении» от 23 января 2001 года были внесены определенные изменения и дополнения, которые вступят в действие в 2022 году. Определенные изменения были внесены именно в организацию деятельности местных представительных органов, а через них, согласно Основному закону, осуществляется самоуправление. Так мы можем видеть, что исключается такое лицо как председатель сессии маслихата, это должностное лицо

маслихата, избираемое из числа его депутатов, осуществляющее организационно-распорядительные функции на сессии маслихата. [2] исключаются все статьи где закреплён соответственно его правовой статус и функции. Председатель сессии маслихата соответственно исключается и из субъектов, через которые маслихат осуществляет свои полномочия. Согласно введённым изменениям мы видим, что очередная и внеочередная сессии маслихата теперь ведутся секретарем маслихата.

Адам мен азаматтың мәртебесін құқықтық реттеудің маңызды элементі болып жеке тұлғаның мәртебесі тұжырымдамасын бекіту, тұлғаның қоғамда және мемлекетте алатын орнын анықтау болып табылады. Адамның қоғам және мемлекет тіршілігінде алатын орны, оларға тиесілі құқықтары мен бостандықтары туралы түрлі адамзатпен қалыптастырылған дүниетанымдық тұжырымдамалар әзірленген болатын. Ол тұжырымдамалар зайырлы және діни, жеке және ұжымдық, құқықтық рәсімі бар және әдет ғұрып түрінде және т.б. Қазіргі заманғы конституцияларда жеке тұлғаның мәртебесін бекітетін үш тұжырымдамалар бар, олар: либералды (батыстық), мұсылмандық, маркстік-лениндік (социалистік). Әлем елдерінің конституцияларында тұлғаның мәртебесінің тұжырымдамалары адамның жеке, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтарын қамтиды. Біздің ойымызша, бірінші орында жеке тұлға ретінде адам, оның өмірі, қол сұғылмаушылығы, бостандығы болуы керек, екінші орында оның қоғамдық өмірде және мемлекет ісіне араласуға мүмкіндігі болуы керек, үшіншіден экономикалық үдерістердің қатысушысы болуына құқық беру керек.

Тұлғаның құқықтық мәртебесі қоғам дамуының деңгейін көрсетеді және оның болмысының әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани шарттарымен негізделеді. Мемлекет тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын бекітеді, сондай ақ қамтамасыз етуге қабілетті болатындай оны мазмұнмен толықтырады. Сондықтан да, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының деңгейі жоғары болған сайын саяси жүйенің демократиялық институттары дамыған. Қоғамның рухани өмірі бай, аталған қоғамның және мемлекеттің адамы мен азаматының құқықтық мәртебесі кең және мазмұнды бола бастайды. Осы бағытта заң шығарушы үшін бір белгі ол табиғи құқықтың қағидалары мен нормалары болып табылады. [9]

Адам құқығы - қоғам берген барлық игіліктерді пайдаланудың шынайы мүмкіндіктерінен тұратын субъективтік құқықтар. Олар тұлғаның түрлі қоғам салаларында бостандығының дәрежесін көрсетеді. Шынайы құқықтар мен бостандықтар қоғамның дамуының кешенді бағасының негізгі көрсеткіші болып табылады.

Құқықтық мәртебеге тек Конституция бекіткен негізгі құқықтар мен бостандықтар ғана жатпайды, оған сонымен қатар, мемлекеттің заңнамасынан, сонымен қатар халықаралық-құқықтық актілерден шығатын құқықтар мен бостандықтардың барлық кешені кіреді. [10]

Адам құқықтары бойынша күннен күнге дамып келе жатқан халықаралық актілердің маңызы зор болып табылады, олар қазіргі әлемде тұлғаның құқықтық мәртебесін кеңейтуге бағытталған болып отыр. Елде халықаралық актілердің бекітілуі мемлекеттегі заңнаманы осы актінің нормаларына сәйкестендіру қажеттігін тұғызады.

Адам тұлға және азамат ретінде кең қоғамдық қатынастың қатысушысы бола бастайды, түрлі әлеуметтік топтар мен қоғамға кіреді, азамат ретінде мемлекетпен міндетті байланыста болады. Тұлғаның өз құқықтары мен бостандықтарында түрлі көріністердің болуы құқықтық мәртебені топтастыруға негіз болып, мүмкіндіктер береді.

Бұл қағидат Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының 29 бабында тұжырымдалғандай: «Өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде әрбір адам басқалардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті мойындауды және құрметтеуді қамтамасыз ету және моральдың, қоғамдық тәртіптің, демократиялық қоғамдағы жалпы әл-ауқаттың әділ талаптарын қанағаттандыру мақсатында ғана заңмен белгіленген шектеулерге ғана ұшырауы тиіс» [11, 5б.].

Құқықтық шектеулер адамның өз пікірлерін кедергісіз ұстану, бұл пікірлерді жазбаша, ауызша, баспасөзде немесе өз қалауы бойынша өзге де тәсілдермен білдіру құқығын көздейтін «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» Халықаралық пактінің 19 бабында мазмұндалған. 19-баптың 3- тармағында бұл құқықтарды пайдалану ерекше міндет пен жауапкершілік жүктейтіні айтылған. Ол заңмен белгіленген және қажетті болып табылатын кейбір шектеулермен ұштасуы мүмкін:

- а) басқа адамдардың құқықтары мен беделін құрметтеу үшін;
- б) мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығын немесе имандылығын сақтау үшін [4, 11б.].

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіде кемсітушілікке, дұшпандыққа немесе зорлық-зомбылыққа арандатушылық болып табылатын антигумандық, аморальдық ісәрекеттерге – соғысты насихаттауға, кез келген ұлттық, нәсілдік немесе діни өшпенділіктің пайдасына тыйым салу мүмкіндігі көзделген. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакті көрсетілген құқықтардың табиғатымен үйлесімді және демократиялық қоғамдағы жалпы әл-ауқатқа ықпал ету мақсатында ғана құқықтарды шектеуге жол береді.

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның 11 бабының екінші бөлігінде: «Тәртіпсіздік пен қылмыстардың алдын алу, адамдардың денсаулығы мен имандылығын қорғау немесе басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында демократиялық қоғамда мемлекеттің қауіпсіздігі мен қоғамдық тыныштық мүддесіне қажет заңмен

көзделгендерден басқа аталған бұл құқықтарды жүзеге асыру ешқандай шектеулерге ұшырамайтындығы» баяндалған.

ҚР Конституциясының 39-бабында құқықтар мен бостандықтарды шектеу негіздері белгіленген: «Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін».

Адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу – кез келген мемлекет үшін өткір проблемалардың бірі. Қайсыбір құқық қорғаушылар «кез келген мемлекет, тіпті демократиялық мемлекеттердің өзі де адамның құқықтарын шектеп, қысым көрсетуге бейім тұрады, құқық қорғаушылардың ісі – осы проблемаға қарсы тұру» деп ойлайды [12].

Құқықтық шектеулер проблемасы қоғамдағы адамның бостандықтарының шегінен бастау алады. Әлеуметтік басқарудың барысында құқықтық шектеулер әртүрлі субъектілерге қолданылған. Адамзат қоғамында индивидтің немесе адамдар топтарының белсенділігі қоғамға залал келтіріп, ортақ мүдделерге қайшы келетін болса, оған шектеулер ежелден-ақ қойылып отырған. Алғашқы қауымдық құрылыс қоғамының әлеуметтік нормалары көбіне-көп табу нормасы, тыйым салу нормасы, шеңбер нормасы, шектеулер нормасы түрінде болған. Жүрістұрыс нормалары, әсіресе табудың нормалары биологиялық инстинкттерді тежеп отыру қажеттігінен туындаған.

Алғашқы қауымдық құрылыс ыдыраған дәуірде «қолданылып жүрген заңға тиісті қағида енгізіп, дәстүр-салттарда қалыптасқан шектеулерді заң жүзіндегі шектеулер етіп тіркеу қажеттігі пайда болды».

Құқық философиясында бостандық шектеулерсіз өмір сүре алмайды, өйткені «шын мәніндегі бостандық шекараларын сезіне біледі» деген пікір бар. Адамның құқықтарын рұқсаттар мен жүріс-тұрыстағы шексіз валлонтаризмнің жиынтығы ретінде пайымдауға болмайды. Бостандықтың бассыздықтан айырмасы осында. Осы орайда 1789 жылы қабылданған Адам және азамат құқықтарының француздық декларациясында былай деп жарияланды: «Бостандық басқаға залал келтірмейтін нәрселердің барлығын істеу мүмкіндігінен тұрады: осылайша, әр адамның табиғи құқықтарын жүзеге асыруы нақ осындай құқықтарды пайдаланатын қоғамның басқа да мүшелерін қамтамасыз ететін шектерде ғана шектеледі». Бір адамның бостандығының шекті шекарасы басқа біреудің бостандығы болып табылады. Бостандықтардың әрқайсысына міндеткерлік сәйкес келеді, ол, мысалы, басқа адамдардың құқығына қол сұқпаудың «жалпы мүддесін» сақтап отыру, әдет-салттарға құрметпен қарау, басқа азаматтардың мүдделерін қозғайтын қандай да бір ерікті, әсіресе күш қолдану әрекеттеріне жол бермеу түрінде болады.

Нақ сондықтан да қазіргі кезеңде құқықтар мен бостандықтарды түсіну оң және табиғи-құқықтық түсініктерді біріктіретін кешенді көзқарасқа келіп тіреледі. Өйткені адамның бостандығын, егер оған заңмен, оң тұрпатты құқықпен кепілдік берілмесе, іс жүзіне асыру мүмкін емес, ал оң тұрпатты құқықтың рухани негізі, моральдық-этикалық күші табиғи құқықта жатыр. Аталған екі көзқарас бірін бірі толықтырып тұрады және де ол мынадан көрінеді. Заңдарда (оң тұрпатты

құқықта) идеялар, қағидаттар, әділдік, бостандық, теңдік, сондай-ақ адамгершілік талаптары туралы жалпы адами ұғымдар бекіндіріледі.

Сөйтіп, құқықтық бостандық дегеніміз – бұл адамның білгілі бір жүріс- тұрыс нұсқасының сырттай, объективтік қажеттігін сезінуі және соған сай әрекет ету мүмкіндігі [7].

Егер құқық жеке тұлғаны мемлекеттік өкіметтің озбырлығынан қорғау құралы болса, құқықтар мен бостандықтарды шектеу қоғамды, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын (мүдделерін) құқық пайдаланушының озбырлығынан қорғауға арналған. Мұндай шектеулердің пайда болуын көпшілік мүдделерді қамтамасыз ету мақсатында халық өз бостандығының бір бөлігін о бастан-ақ мемлекетке беруімен түсіндіруге болады. Бұдан шығатын қорытынды – құқық пен бостандықтың өздері секілді, құқықтарды шектеудің пайда болуы да табиғи іс.

Осыған орай адамзат қоғамында құқықтық шектеулердің қажеттігін жоққа шығаруға болмайды. Қазіргі кезеңде қоғам дамуының қалыпты үдерісі азаматтардың құқықтарын жүзеге асыру барысында оларға шектеулер қойып отыру қажеттігін мемлекеттен талап етеді. Мемлекеттің мұндай іс-әрекеттерін қоғамдағы бостандықтың өлшемін өркениетті жолмен реттеп отыру тәсілі деп білеміз.

Құқықтық шектеулер – құқықтық реттеудің қажетті құралы. Оның мақсаты құқықты иеленушінің өзі үшін де, сондай-ақ басқа адамдар, тұтастай алғанда қоғам үшін де теріс салдарға соқтыруы мүмкін ісамалдарды тежеп отыру болып табылады. Құқықтық шектеулер қоғамдық қатынастарды реттеп отыру мақсатында белгіленеді және прескриптивтік (басқарушылық) сипатта болады. Сондықтан да құқықтық шектеулер объективті сипатта болады, олар түптеп келгенде қоғамның әлеуметтік- пайдалы мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995 жылы республикалық референдумда қабылданған (өзгерістерімен және толықтыруларымен 23 наурыз 2019 ж.). – Электрондық ресурс. Кіру режимі: https://online.zakon.kz/document/dos_id=1005029 (өтініш берген күні 01.04.2022 ж.).
2. Перевалов В.Д. Теория государства и права: учебник. – М.: Издательство Юрайт, Юрайт-Издат, 2010. – с. 375
3. Аристотель. Собрание сочинений в 4-х томах. – М., 1981–1984 гг. – 5с.
4. Pauline C. Westerman. The Disintegration of Natural Law Theory Aquinas to Finnis. - Brill's Studies in Intellectual History, Volume: 84. – 2014. P.90
5. Конституция Республики Казахстан. Принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.03.2017 г.). – Алматы, 2017. - 44 с.
6. United Nations. 1948. Universal Declaration of Human Rights. U.N. General Assembly Resolution 217A (III), A/810, 10 December.
7. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы.

Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. <http://adilet.zan.kz>.

8. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті. НьюЙорк, 1966 ж. 16 желтоқсан. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы. <http://adilet.zan.kz>.

9. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакт. БҰҰ, 1967. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашадағы N 87 Заңы. <http://adilet.zan.kz>.

10. Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенция (Адам құқықтары бойынша Еуропалық Конвенция). Рим, 4 қараша 1950 ж. (21 қыркүйек 1970 жылғы, 20 желтоқсан 1971 жылғы, 1 қаңтар, 6 қараша 1990 жылғы, 11 мамыр 1994 жылғы енгізілген өзгерістерімен). <http://adilet.zan.kz>.

11. Рогов И. Пределы ограничения прав и свобод // Юридическая газета. – 2005. – 3 июня.

12. Ибраева А.С. Правовое государство и свободное гражданское общество как цель конституционного процесса в Казахстане (философско- правовое обоснование социальных процессов в суверенном Казахстане) // Вестник КазГУ. Серия юридическая. – 2001. – No 3. – С. 72-76.

Ниязова С.С.

д. ю. н., и.о. профессора
кафедры уголовного права, криминологии
и противодействия коррупции Ташкентского
государственного юридического университета
s.niyozova@tsul.uz

РАЗВИТИЕ ПРОБАЦИИ КАК СРЕДСТВА ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ПРЕСТУПЛЕНИЙ

Созданная по инициативе Президента Республики Узбекистан Стратегия развития Республики Узбекистан с 2017-2021 гг. предусматривает 5 направлений. В этой Стратегии в качестве основного направления определено обеспечение верховенства закона и реформирование судебной-правовой системы. В целях реализации задач и мероприятий, намеченных в Стратегии действий по этому направлению принято 139 нормативно-правовых документов и проведено колоссальное количество реформ. Сам Президент Республики Узбекистан Шавкат Мирзиёев отметил, что нынешнее стремительно меняющееся время, когда на мировой арене обостряется

конкуренция, требует от всех нас мыслить по-новому, работать с еще большей отдачей [1].

Проведенные широкомасштабные реформы заложили прочный фундамент на обеспечение верховенства закона, прав и свобод человека, межнационального согласия и религиозной толерантности в обществе, создали достойные условия жизни для населения и реализации созидательного потенциала граждан. В связи с этим, с 1 апреля 2017 года вступил в силу Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Узбекистан в связи с принятием дополнительных мер по обеспечению гарантий надежной защиты прав и свобод граждан». В соответствии с данным законом упразднено уголовное наказание в виде ареста, с внедрением в систему уголовных наказаний «обязательных общественных работ».

На основании вышеизложенного, хотелось бы отметить, что на опыте передовых стран ключевой реформой в нашей стране стало создание службы пробации. Так, Постановлением Президента от 7 ноября 2018 года при Главном управлении исполнения наказания Министерства внутренних дел Республики Узбекистан организована Служба пробации. Данная служба, как и все органы правопорядка, занимается своевременным предупреждением преступлений путем изучения факторов и условий, способствующих их совершению. С лицами, склонными к совершению правонарушений и преступлений, проводим профилактические мероприятия.

Под особым контролем находятся лица, которым по приговору вынесен условный срок и которые условно-досрочно освобождены от исполнения наказания. Определяется опасность повторного совершения ими преступления. Для недопущения таких случаев проводятся соответствующие профилактические мероприятия. Их личности изучаются путем составления социально-психологического портрета.

В деятельности ряда стран по исполнению наказаний, не связанных с изоляцией осужденного от общества, употребляется термин «пробация». Обычно пробация предусматривается в отношении преступлений небольшой и средней тяжести и имеет своей целью снижение уровня рецидивной преступности и стимулирование правопослушного поведения, содействие включению правонарушителя в жизнь общества. Как показывают исследования зарубежных авторов, именно эти институты привлекают все большее внимание теоретиков и находят широкое применение в практике многих государств [2].

В международной практике пробация исторически сложилась как разновидность условного осуждения. Однако наряду с этим возможно понимание пробации в широком смысле как формы социально-правового

контроля, объединяющей меры воспитательного воздействия на преступников, находящихся на свободе в условиях испытания. С пробацией связан институт условно-досрочного освобождения от наказания, который также основывается на идее испытания правонарушителей, освобожденных не от наказания, а от его отбывания. Пробация обуславливается близостью правовой природы условного осуждения, отсрочки отбывания наказания, условно-досрочного освобождения.

В системе средств предупреждения преступности пробация занимает важное место. Она является формой социально-правового контроля, предусматривающей сочетание испытания преступника, наблюдения и надзора за его поведением и мер воспитательного характера, осуществляемых в отношении осужденного.

Наибольший опыт по применению института пробации накоплен в Великобритании, где данный институт исторически сложился как основа альтернативных мер наказания и своего расцвета достиг в 30-40 годы прошлого века, когда приказы о применении пробации выносились в отношении около 30% виновных лиц.

В США институт пробации относится к так называемым опосредованным санкциям и структурно в виде Службы пробации находится в судебной системе, осуществляя надзор за условно осужденными. Общее руководство Службой пробации осуществляет Административный офис при Верховном суде США, а непосредственное руководство на местах – местные суды. Следует отметить, что пробация как альтернатива лишению свободы используется в Америке достаточно интенсивно, в литературе приводятся сведения о том, что соотношение между лицами, находящимися в условиях тюремного заключения, и лицами, находящимися на пробации, составляет 1:2 [3].

В Нидерландах существует Служба по контролю за условно осужденными, являющаяся структурой в системе прокуратуры страны, и представляющая по существу службу пробации. Служба по контролю за условно осужденными аналогично английской модели имеет давние исторические корни, которые восходят к 1815 году, когда на основе частной инициативы возник первый институт такого рода контроля.

В данном параграфе мы решили остановиться более подробно на некоторых специфических и отличных от национального законодательства положениях и нормах УК зарубежных стран, регламентирующих уголовно-правовое воздействие на осужденных, но не лишенных свободы в виде института пробации.

Пробацию необходимо рассматривать в различных аспектах: как вид уголовного наказания; процесс исправления осужденного; систему исполнения данного уголовного наказания; форму социально-правового контроля; меру

предупреждения преступности и средство ресоциализации осужденных. Суть probation состоит в принудительном надзоре за поведением осужденного и выполнении обязанностей, возложенных на него судом, коррекции его поведения, содействии в социальной адаптации и предупреждении совершения им повторных преступлений (т.е. надзоре и социальной реабилитации).

Преимущества института probation в аспекте эффективной ресоциализации осужденных, перспективы его использования для осуществления общесоциальной и индивидуальной профилактики преступного поведения требуют всестороннего анализа современных особенностей уголовно-правовой системы и возможности дополнения отечественной системы наказаний.

Серьезность этого института выражается в том, что помимо значительных ограничений в повседневной жизни правонарушителя, он подстраховывается угрозой непосредственного заключения в случае несоблюдения поставленных условий.

В случае отсроченного тюремного заключения суд устанавливает срок наказания в виде лишения свободы, но откладывает его исполнение на период probation. Возможность применения условного тюремного заключения соответственно зависит от срока лишения свободы, назначенного по данному конкретному делу и подлежащего отсрочке. Большинство законов допускают отсрочку в отношении средних сроков тюремного заключения, то есть когда назначенный срок заключения не превышает двух лет. Так обстоит дело, например, в Германии, Италии и Финляндии. Некоторые юрисдикции, в частности Германия, применяют шкалу градации. В случае приговоров к срокам до 6 месяцев единственным предварительным условием отсрочки является несовершение правонарушителем в дальнейшем уголовных деяний. Если рассматривается вопрос об отсрочке приговора к заключению свыше 6 месяцев, принимается во внимание «защита правопорядка», то есть общие позитивные превентивные аспекты. Дополнительным предварительным условием отсрочки приговора к сроку заключения более одного года является наличие конкретных смягчающих обстоятельств в данном деле [4].

Помимо тяжести уголовного преступления, дополнительными ограничительными факторами для применения условного тюремного заключения являются личные характеристики правонарушителя: судимость в прошлом или по меньшей мере тюремное заключение на определенный срок до совершения рассматриваемого деяния во многих юрисдикциях не позволяет правонарушителю воспользоваться условным наказанием. В то же время есть примеры отмены таких ограничений в отношении прошлых проступков правонарушителя: в 1993 г. в Венгрии была принята поправка в Кодекс

исполнения уголовных наказаний, которая отменила прежнее положение, не допускающее отсрочку наказания в виде тюремного заключения в отношении рецидивистов [5].

Строгость режима при условном лишении свободы определяется в основном двумя факторами: вмешательством в личную жизнь, сопутствующим отсрочке, и продолжительностью периода probation.

Период probation в рассматриваемых странах длится, как правило, от одного года до пяти лет, при этом некоторые страны предусматривают более короткие максимальные сроки — три года в Финляндии и два года в Соединенном Королевстве [6].

В отношении обязательств, налагаемых на правонарушителя при отсрочке, прежде всего следует отметить, что в классической или консервативной форме осуждение правонарушителя на условное тюремное заключение не предусматривает никаких конкретных обязательств, кроме недопустимости повторного совершения правонарушения. Такая «чистая» форма условного тюремного заключения, с одной стороны, преследует исключительную цель оградить правонарушителя от вредного влияния реального тюремного заключения (в основном краткосрочного).

Однако в некоторых странах мы видим возврат к чисто условному тюремному заключению: так со времени проведения реформы в 1976 г. финское законодательство более не предусматривает других ограничений или условий в отношении поведения правонарушителя. (Однако следует отметить, что для повышения интенсивности воздействия санкции на правонарушителя в качестве дополнительного наказания может быть наложен штраф, и такой подход наблюдается во многих странах.)

Другая, довольно прагматичная задача «чисто» условного тюремного заключения может заключаться в сокращении количества заключенных. Например, в Англии эта мера была введена в 1967 г. просто в ответ на рост численности заключенных. Однако, некоторые сомневаются, что применение условных наказаний в конечном итоге приводит к реальному сокращению численности заключенных. Во-первых, они полагают, что отсроченные приговоры могли быть вынесены при обстоятельствах, которые не предусматривали немедленного тюремного заключения. Во-вторых, большинство лиц, повторно нарушивших закон, осуждаются на лишение свободы и в конце концов после отсрочки наказания приговоры, как правило, предусматривают более длительные сроки лишения свободы, чем в случаях немедленного тюремного заключения [7].

В отличие от условного тюремного заключения, когда суд назначает срок лишения свободы, а затем откладывает его исполнение на определенный

период, в случае назначения probation само вынесение приговора откладывается на период probation. Если не соблюдаются установленные условия, дело переходит в стадию вынесения приговора за первоначальное преступление. (Термин «probation» употребляется также в другом значении — как институт, сопровождающий условное лишение свободы, или отсрочку вынесенного приговора) [8].

Логика такой меры как probation подсказывает, что возможность применения может быть установлена на абстрактном уровне: законодатель определяет уголовные преступления, к которым может применяться probation, указав максимальный срок наказания, установленного за эти преступления. Обычно probation предусматривается в отношении уголовных преступлений, которые влекут наказание в виде лишения свободы сроком максимум до двух-трех лет.

Как показывает сам термин «probation», правонарушитель, в отношении которого вынесен приказ о probation, обычно подвергается определенному надзору со стороны сотрудника службы probation в течение установленного срока. (В некоторых странах исполнение приговора может быть отсрочено и без установления надзора над правонарушителем. В качестве примера можно привести Венгрию, где установление надзора со стороны сотрудника службы probation обязательно в отношении только несовершеннолетних и рецидивистов, а в других случаях решение этого вопроса отдается на усмотрение суда) [9].

Именно сама суть probation, то есть обязанность правонарушителя просто поддерживать контакт с сотрудником службы probation, привела к кризису этого института как раз в тех странах, где он глубоко укоренился и где считался «основой альтернативных мер наказания». В Соединенном Королевстве приказы о probation выносились в отношении около 30% всех правонарушителей, осужденных по обвинительному акту в течение 1930-х гг.; с тех пор применение этого наказания значительно сократилось. Помимо более широкого использования предупреждений и самых разнообразных общественных санкций, имеющих в распоряжении суда, причиной такого сокращения является утрата доверия к службе probation и восприятие probation как социальной реабилитации. В настоящее время подчеркивается, что probation представляет собой вид наказания и направлена на предотвращение преступлений, и предпринимаются попытки стимулировать более широкое применение probation как альтернативы тюремному заключению.

Аналогичный кризис probation происходит, как показано в соответствующем докладе, и в Соединенных Штатах. Основной причиной утраты доверия к этой мере наказания, по крайней мере в некоторых штатах,

явилось то, что, с одной стороны, пробация стала популярной и все более распространенной альтернативой, в то время как финансирование этой службы и численность ее персонала сокращались. В результате правонарушители, находившиеся на режиме пробации, практически пользовались неограниченной свободой, и их обязанность сводилась лишь к встрече раз в месяц с сотрудником службы пробации, что вызывало неприятие этой меры наказания со стороны общественности.

Для того чтобы преодолеть этот кризис, на правонарушителей, подлежащих пробации, были возложены более жесткие и обременительные обязательства. В рамках так называемого «интенсивного пробационного надзора» правонарушители, помимо выполнения работ, находятся под более строгим контролем со стороны сотрудника службы пробации. Вероятно, эта схема подходит к тем правонарушителям, которые не принадлежат к группе низкого риска, и в то же время не представляют серьезной опасности, но успех схемы зависит от наличия финансовых ресурсов. При отсутствии должного финансирования интенсивный пробационный надзор может ожидать та же участь, что постигла обычную пробацию. Очень хотелось бы этого избежать, так как помимо ограждения соответствующих правонарушителей от негативных последствий тюремного заключения, интенсивный пробационный надзор дает значительную экономию средств по сравнению с тюремным заключением.

Личный состав Службы пробации распределяется из расчета 100 заключенных - в городах, 75 - в районах. Это удобно, чтобы чаще беседовать с подконтрольными лицами, выявлять и устранять их проблемы. В этом процессе проводится совместная адресная работа с территориальными инспекторами по профилактике, активистами махаллей, представителями женских и молодежных организаций.

На основе опыта зарубежных стран в отделах пробации на договорной основе работают психологи. Им выделяются специальные служебные кабинеты и залы для тренингов. С каждым из подконтрольных лиц они проводят беседу. В ходе работы психологов подконтрольным лицам оказывается психологическая помощь. Определяются духовное состояние, жизненные проблемы. В ходе проверки рекомендуются профилактические мероприятия, направленные на устранение этих проблем и недостатков.

Более того, служба пробации сотрудничает с другими правоохранительными органами, министерствами занятости и трудовых отношений, народного образования, высшего и среднего специального образования и их низовыми звеньями. Также сотрудничает с фондами «Махалла», «Нуроний», Комитетом женщин и Союзом молодежи Узбекистана.

Большим отличием от прежней системы исполнения наказания не связанного с лишением свободы, являются выявление факторов риска и принятие профилактических мер по недопущению совершения поднадзорным контингентом повторных преступлений, изучается их личность с составлением социально-психологического портрета. Служба пробации осуществляет возложенные на неё задачи в тесном взаимодействии с другими государственными органами и организациями, а также общественными формированиями.

Анализируя зарубежный опыт и национальную практику в сфере пробации, хотелось бы констатировать некоторые факты. Наши исследования, посвященные оценке эффективности пробации и условного осуждения, достаточно противоречивы. В зарубежной литературе высказываются серьезные сомнения в достоверности полученных результатов и даже в самой возможности проведения сравнительного анализа эффективности тюремного заключения и «альтернативных» наказаний с точки зрения их влияния на состояние преступности и личность осужденного. Однако если количество повторных преступлений после отбывания лишения свободы и мер без изоляции от общества более или менее одинаково, то следует принимать во внимание и оценивать другие аспекты сравниваемых институтов, включая социальные, экономические и иные факторы.

Институт пробации позволяет проводить более гибкую, дифференцированную уголовную политику в отношении различных категорий правонарушителей. У осужденных есть возможность избежать нравственных, психологических, физических и иных негативных последствий изоляции, сохраняя навыки социального взаимодействия, развивая их под воздействием социальной среды и активной помощи квалифицированного персонала. Существует реальная перспектива исправления определенной категории осужденных. Данные меры обладают также значительными экономическими преимуществами, позволяют разгрузить пенитенциарные учреждения и направить усилия государства на решение социальных задач.

Исходя из вышеизложенного можем прийти к следующему умозаключению, существует реальная необходимость дальнейшего исследования института пробации, анализа особенностей законодательной и правоприменительной практики в зарубежных странах. Эта работа должна сочетаться с развитием мер, направленных на практическое воплощение пробации в уголовном праве нашей страны, а также повышением эффективности применения наказания, не связанного с лишением свободы.

Список использованной литературы:

1. Указ Президента Республики Узбекистан «О стратегии действий по дальнейшему развитию Республики Узбекистан» от 07.02.2017 г., № УП-4947. <https://lex.uz/docs/3107042>; Выступление Президента Узбекистана Шавката Мирзиёева на торжествах, посвященных празднованию 26-летия Независимости Республики Узбекистан // <http://uza.uz/>
2. Воронова Е.Л. Создание службы пробации для несовершеннолетних в России. Правовые и социальные аспекты ювенальной юстиции. Международная научно-практическая конференция. –Санкт-Петербург, 2005. – С.45.
3. Кристи Н. Борьба с преступностью как индустрия. –М.: РОО «Центр содействия реформе уголовного правосудия», – С. 32.
4. Власов И.С. Преступление и наказание в Англии, США, Франции, ФРГ. Общая часть уголовного права. –М., Юрид. Лит., 2001. – 57.
5. Поздняков В.М. Пенитенциарные системы зарубежных стран. –М., 2000. – 66.
6. Поздняков В.М. Пенитенциарные системы зарубежных стран. –М., 2000. – 66.
7. Власов И.С. Преступление и наказание в Англии, США, Франции, ФРГ. Общая часть уголовного права. –М., Юрид. Лит., 2001. –56.
8. Никифоров Б.С., Решетников Ф.М. Современное американское уголовное право – М.: Наука. 2000. – С. 153.
9. Поздняков В.М. Пенитенциарные системы зарубежных стран. – М., 2000.; Шатанкова Е.Н. Институт пробации: опыт зарубежных стран //Вест-ник Российской правовой академии. 2007. – № 4.

Нұрғалиев М.

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының
магистранты

Ғылыми жетекші: Таужанова Р.Ж.
профессор, з.ғ.к.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

1980-ші жылдың соңында және 1990-шы жылдың басында экономикалық, әлеуметтік, саяси аяда басталған түбегейлі реформалар әртүрлі әлеуметтік топтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қоғамдық

бірлестіктердің қалыптасуына әсер етті. Қазақстанда алғашқы болып экономиканың мемлекеттік емес секторында жұмысшылардың мүддесін қорғайтын тәуелсіз кәсіподақтар құрылды. Бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық және діни ұйымдар, саяси партиялар белсенді түрде институттана бастады. Ядролық полигонды жабу мақсатында «Невада - Семей» қоғамдық қозғалыс азаматтық сана-сезімнің анық көрінісі болды. Елдегі азаматтық қоғамның және оның институттарының белгілі дәрежеде дамуы осы процестің саяси-құқықтық жағдайын іске асыру үшін алғашқы рет 1991 жылы 27 маусымда «Қазақ ССР-нің қоғамдық бірлестіктері» туралы Заң қабылданды. Содан кейін «Қазақстанның халық конгресі», «Алаш», «Қазақстанның социал-демократиялық партиясы», «Қазақстанның социалистік партиясы», «Қазақстанның республикалық партиясы», Республикалық славяндық қозғалыс «Лад» және Қазақстанның азаматтық қозғалысы «Азат», «Мемориал» филиалы, «Единство» қозғалысы, зейнеткерлер қозғалысы «Поколение» және т.б. құрыла бастады.

1990-жылдары әртүрлі ұйымдар, партиялар, қозғалыстар аса маңызды қоғамдық мәселелерді қарау үшін, оларды шешу механизмдерін іздеу үшін бірігіп әлеуметтік қорғау Коалициясын құрды.

1994 жылы желтоқсан айында әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастары аясында әлеуметтік серіктестік бойынша республикалық үшжақты комиссияны құру туралы Қазақстан Республикасының Президенті қол қойды. Партиялар мен қозғалыстарды құру мен қызмет етуі және партиялық жүйенің әрі қарай дамуы үшін 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1996 жылғы «Қоғамдық бірлестіктер» туралы және «Саяси партиялар» туралы қабылданған заңдар себеп болды.

1998 жылы 7-қазан айында Қазақстан Республикасының Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар партиялық тізім бойынша сайлау жүйесін енгізді, бұл партиялық қалыптасу процесін тездетті.

Бұдан басқа, ұлттық мәдени орталықтарды біріктірген Қазақстан халқы Ассамблеясы белсенді дамудың үлгісі болды. Этнос аралық келісім реформа жүргізуді қамтамасыз ететін елдің іргетасына айналды.

1990 жыл азаматтық қоғам институттарының қызметін кәсібилендіру қоғамдық мәселелерді, қажеттіліктерді және мұқтаждықты шешудегі тиімділігін көрсетті.

Масс-медия нарығында бұқаралық ақпарат құралдарының, полиграфиялық кәсіпорындардың мемлекеттің қарамағынан шығуына байланысты сапалы өзгерістер болып жатты. Мемлекеттік қаржыландыру және дотациялау жүйесінен ақпараттық саясатты жүргізу үшін мемлекеттік тапсырысқа көшті.

2000 жылы қазан айында Президенттің Қазақстан халқына «Ерікті де еңселі әрі қауіпсіз қоғамға» атты Жолдауында халықтың әртүрлі мүдделерін іске асыру үшін Үкіметтік емес ұйымдарды (ҮЕҰ) ұйымдастыру үшін қажетті жағдайларды жасау туралы Үкіметке алғашқы тапсырмалар берілді. 2000-жылы мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу механизмін қалыптастыру үшін Қазақстанның Үкіметтік емес ұйымдарының Конфедерациясы құрылды.

Азаматтық қоғам институтын дамыту мақсатында, ҮЕҰ-ң ашықтығын қамтамасыз етуде Қазақстанда 2018 жылдың күз айынан бастап азаматтық қоғам ісі жөніндегі Комитет деректер базасын енгізді. Бұл деректер базасына ҮЕҰ-дың барлық қызметі және іске асқан жобалары туралы ақпарат енгізілді. Ол қызметтің ашықтығын қамтамасыз етеді, ҮЕҰ туралы мәліметтердің негізінде талдау жүргізуге жағдайлар жасалынады. Деректер базасына шетелдік ҮЕҰ да ақпарат жібереді. Осы деректер базасы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңмен, «Қазақстан Республикасы дін істері және азаматтық қоғам» туралы Министрдің бұйрығымен, 2016 жылғы Қазақстан Республикасының мәдениет және спорт Министрінің бұйрығына өзгертулер енгізу туралы, 2017 жылғы «Үкіметтік емес ұйымдардың қызметі туралы мәліметтерді және ол туралы базаны қалыптастыру» туралы Ережемен реттелінеді. Бұл талаптарды орындамау ҚР-ң әкімшілік құқық бұзқшылық кодексімен қаралады [1,1].

2000 жылы желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік серіктестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы атқару билігі органдары өкілдерімен, жұмыс берушілермен және жұмысшылар арасында келісімді қамтамасыз ету мемлекеттік саясат деңгейіне көтерілді.

2002 жылы шілде айында қабылданған және заң күшіне енген «Саяси партиялар туралы» жаңа Заң елдегі партия жүйесінің сапалы өзгерсіне себеп болды.

2001 жылы «Коммерциялық емес ұйымдар» туралы Заң, 2002 жылы Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау Концепциясы қабылданды. 2003 жылы Үкімет 2003-2005 жылдарға арналған Үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау Бағдарламасын бекітті, соған сәйкес облыстық бағдарламалар қабылданды. Осы жылы көрнекті діни қайраткерлердің, әртүрлі конфессия өкілдерінің қатысуымен әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің бірінші Съезі өтті. Мұнда «Бейбітшілік пен келісімге» атты Декларация қабылданып, бейбітшілік және тұрақтылық Форумы құрылды.

2003 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен бірінші Азаматтық форум өтті. Бұл үкіметтік емес сектордың саясылығын таныды және азаматтық қоғам институттарының мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуінің жүйелі механизмін қалыптастыруды бастады.

2005 жылы бизнес-ассоциацияның елдің қоғамдық өміріне қатысуына ықпал еткен екінші Азаматтық форум өтті. Орталық және жергілікті ұзақ уақыттық

«билік – қоғам» тұрақты серіктестіктің механизмін және түрлі сұхбат алаңын құру жөнінде белсенді жұмыс атқарылды.

2020 жылы қараша айының 23-27 күндері «Қоғам және мемлекет: 30 жыл серіктестік және «Birgemiz» даму» атты Азаматтық қоғам аптасы шеңберінде ІХ Азаматтық форум өтті.

Сонымен, 2005 жылы сәуір айында билік органдары мен ҮЕҰ-дың өзара қарым-қатынастарының түбегейлі жаңа жүйесін құрайтын «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар мен және сыйлықтар туралы» Заң қабылданды.

2003 – 2005 жылдары бірінен соң бірі азаматтық қоғамды әрі қарай демократизациялау және дамыту жөнінде Кеңес және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы азаматтық қоғамды демократизациялау және дамыту жөніндегі Ұлттық комиссия тұрақты қызмет атқарып отырды.

Бұлардың қызметі мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы Қазақстанның саяси дамуы туралы маңызды мәселелерді және саяси жүйені жетілдіру бойынша бірігіп іс-шараларды жасау, демократиялық жаңғыртуды жүргізу жөнінде жалпыұлттық сұхбатты жүргізуге бағытталды.

2006 жылы наурыз айында Қазақстан Республикасында демократиялық реформа бағдарламасын жасау және нақтылау жөнінде Мемлекеттік комиссия құрылды. Комиссия жұмысына саяси партияның өкілдері және қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысты.

Халық алдында барлық деңгейдегі әкімдердің есебі азаматтық бақылау нысаны сияқты қоғамдық сенім білдіру комитеті құрылды. Комитеттің тәжірибесі азаматтық қоғам институтының мемлекет органы қызметін бақылау бойынша жемісті үлгілі механизм ретінде зерттеуге тұрарлық.

Сонымен, елімізде өткен жылдары азаматтық қоғам институттары қалыптасып қазіргі уақытта тез дамып келеді – жалпы мемлекеттік емес сектор: саяси партиялар, коммерциялық емес ұйымдар, кәсіподақтар, ұлттық мәдени бірлестіктер, мемлекеттік емес БАҚ және басқа да институттар.

Осы және басқа да азаматтық қоғам институттары елдің әрі қарай демократизациялауының дамуының маңызды ресурсына айналды.

Бұнымен қатар, азаматтық қоғам институтының әрі қарай дамуымен ғана байланысты емес, елді әлемдік жаһандану процесіне тарту сияқты маңызды сұрақтар туындап жатыр. Олар азаматтық қоғамның үйлесімді дамуын тежейді, әрбір сегменттің ерекшелігі өзінің шешімін талап етеді. Мысалы, коммерциялық емес ұйымдардың мемлекеттік органдармен азаматтық серіктестіктегі тең құқылығы. Әсіресе, өңірлерде конкурс процедурасының ашықтығын және коммерциялық емес ұйымдардың осы кезде қажетті

бағдарламаны және жобаларды анықтауға қатысуын іске асыру механизмін жетілдіруді талап етеді.

Кәсіподақтар мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси саясатын құрастыруға және оны іске асыруға толық қатыспайды. Ұжымдық шарттар мен келісімдер еңбекшілердің құқықтарын қорғауда пәрменді механизм бола қойған жоқ.

Отандық БАҚ-тың бәсекелесе алатын дамуын нормативті құқықтық және экономикалық ынталандырудың жоқтығы тежейді. Көптеген БАҚ-та материалдық-техникалық база және қаржы жеткіліксіз, мемлекеттік ақпараттық саясат бағдарламасы шегінде бюджетке қол жетімсіз. БАҚ аккредитациялауда, мемлекеттік органдардан ақпарат алуда және өздерінің хаттарына, үндеулеріне жауап алуда қыйыншылық көреді. Журналистердің, БАҚ қызметкерлерінің төмен деңгейдегі құқықтық қорғалуы сөз бостандығының шектелуіне әкеп соғады [2,8].

Қорытындылай келе, азаматтық қоғам елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қажетті құрылыс, азаматтық қоғам мен мемлекет арасын байланыстыратын звено, ҰЕҰ елдің дамуына ықпал ететін кең спектрлі мықты ресурс. Жыл сайын сан жағынан өсуі және ҰЕҰ-ға бөлінген қаржының ұлғайуы азаматтық қоғамның қызметіне деген сұраныс көптігін көрсетеді.

Осыған орай, өзін-өзі реттеу мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту арқылы азаматтардың шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту. мемлекетке тән емес қызметтерді бәсекелестік ортаға және өзін-өзі реттеуші ұйымдарға беру көзделген. Үкімет мемлекетке тән емес және басы артық қызметтерді қысқарту есебінен неғұрлым ықшам бола түседі [3].

Бұл бағдарламаны іске асыру негізінде 2015 жылы 2 қараша күні «Қоғамдық кеңес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. 2016 жылдың басында Қоғамдық кеңес республикалық және өңірлік деңгейде қалыптаса бастады.

Қоғамдық кеңестердің мақсаты мен міндеттері

1. Азаматтық қоғамның қоғамдық маңызды мәселелер бойынша пікірін білдіру қоғамдық кеңестер қызметінің мақсаты болып табылады.

2. Қоғамдық кеңестердің міндеттері:

1) азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және республикалық және жергілікті деңгейлерде шешімдерді талқылау мен қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру;

2) орталық атқарушы органдар мен жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерінің азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл жасауын дамыту;

3) қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және орталық атқарушы органдар мен жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады [4].

Азаматтық қоғам мен мемлекет бірі бірін толықтырып отырады және бірі біріне бағынышты болады. Толыққанды азаматтық қоғамсыз құқықтық демократиялық мемлекетті қалыптастыру мүмкін емес, тек, саналы еркін азаматтар ғана адамзат қоғамының тиімді нысанын құра алады.

Азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзара байланысының әртүрлі нұсқаларынан саяси жүйенің тиімді жұмыс жасауы үшін күшті мемлекетке оны толықтыратын және теңестіретін азаматтық қоғам қажет. Мемлекеттің қызметін алдын-ала орау, оларды жасанды қысқарту немесе функцияны іске асыру мүмкін болмаса – бұл әлсіз мемлекеттің көрінісі. Ал, шексіз тәуелсіздік, қоғамға бақылаусыз болса – бұл қоғамның әлсіздіген көрсетеді. Мұндай мәселе біздің де мемлекетте өзекті. Себебі, халыққа деген күш көрсету фактілері жиі кездеседі.

Азаматтық қоғамның және мемлекеттің бірлігі олардың көптеген мақсаттары мен міндеттерінің үйлесуінен көрінеді. Құқықтық мемлекетті қалыптастыру да, азаматтық қоғамды құру да бір мақсатты көздейді: әлеуметтік институттар адамға қызмет ету үшін, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін құрылған [5,64].

Екіншіден, негізгі қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылыстардың ұйымдасуы мен қызметі Конституцияның және қолданыстағы заңнамалардың негізінде іске асады. Мысалы, азаматтардың бірлесу құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 23-бабында бекітілген. Біз көріп тұрғандай, бірлесу құқығы, яғни, заң талаптарына қарсы келмейтін мемлекеттік емес қызмет нысанына еркін, өзбетінше бірігуі. Мұндай бірлестіктер – азаматтық қоғамның ең қажетті элементі. Осы жағдайда айта кететін бір мәселе, экономикалық жүйе құқықпен негізделген кезде ғана азаматтық қоғам өмір сүре алады. Нарықтың болуы, тек, меншік иелері-субъектілерінің еркін болғанында. Ендеше, әрбір меншік иесі, мемлекеттің құқықтық ықпалынан емес, оларды тауармен қамтамасыз етушінің үстемдігінен қорғау және кепілдендіру қажет. Осы мағынада мемлекет адамның өзін-өзі анықтауға және бостандығын, оның ұсыныстарын және кәсіпкерлігін қамтамасыз етуге жағдай жасауы керек. Осындай жағдайда ғана адам азаматтың қоғамның субъектісі ретінде өзінің жеке және ұжымдық мүддесін іске асыра алады.

Азаматтық қоғамның және мемлекеттің бірлігі олардың бір мезгілде қалыптасатынан көрінеді. Азаматтық қоғам көпқырлы. Мұнда қанша адам, бірлестіктер болса, соншалықты мүдделер мен оларды көрсету болады.

Құқықтық мемлекет біреу ғана, ол қоғамның негізгі тірегі. Мемлекетке жалпы мүдделер және жалпы халықтың еркі маңызды. Егер құқықтық мемлекет болмаса, онда қоғам бір-бірімен бәсекелес және бір-бірімен күресуші топтарға бөлшектеніп кетеді. Құқықтық мемлекетсіз азаматтық қоғамның бір элементі ретінде қоғамдық бірлестіктер өз энергиясын қарым-қатынастарды анықтауға, бітпейтін дауларға, қақтығыстарға ысырап қылады.

Соңында, қаралып отырған әлеуметтік және мемлекеттік-құқықтық құбылыстарды демократиялық саяси режимнен көреміз. Мұндай режимнің мазмұны мемлекеттік билікті іске асыруда және азаматтарға бостандық беруде, қоғам өмірінде саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени аяда белсенді қатысуға өркениетті әдіс-тәсілдерді қолдану.

Азаматтық қоғам мен мемлекеттің айырмашылығы – олардың құрылысында, ерекше функцияларында. Құқықтық мемлекет – бұл азаматтық қоғамды қамтамасыз ететін жария биліктің ұйымы.

Азаматтық қоғам – бұл индивидтердің және ұжымның мүдделерін іске асыруға әрекет ететін мемлекеттен тәуелсіз қоғамдық институттар мен қарым-қатынастардың жүйесі. Бұл мүдделер мен қажеттіліктер азаматтық қоғамның отбасы, шіркеу, білім беру жүйесі, ғылыми және кәсіби бірлестіктер, ұйымдар, ассоциациялар сияқты институттар арқылы нақты өзін-өзі басқару негізінде (территориялық, өндірістік немесе жәй ғана мүдделер бойынша) іске асады. Айта кетсек, жоғары тұрған органдардың нұсқауымен емес «төменнен» қалыптасқан азаматтық қоғамның басқа институттарымен келісім негізінде қызмет атқаратын саяси партиялар. Барлық жағдайда мүдделер бірлігіне негізделген және өздерінің қызметін «көлденеңінен» іске асыратын құрылымдар. Сонымен, азаматтық қоғамның мәнді сипаты – оның шеңберінде барлық әлеуметтік күштердің, қоғамдық бірлестіктердің өмір сүруі. Осындай қоғамның басты тұлғасы – адам, оның мүдделері мен қажеттіліктері.

Мемлекеттің азаматтық қоғамнан тағы да бір айырмашылығы оның заң және басқа да нормативтік құқықтық актілерді шығару, заңмен көзделген негізде мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану қабілеттігі.

Бұл бір жағынан ғана. Екінші жағынан алатын болсақ, азаматтық қоғам да мемлекеттің, оның органдарының функциясын анықтай алады. Мысалы, мемлекеттің құқықшығармашылық қызметі азаматтық қоғамның құрылымдық элементі саяси партияның, қоғамдық ұйымдардың қызметімен тығыз байланысты.

Айта кетсек, азаматтық қоғам тек демократиялық нысанмен ғана сипатталса, мемлекетте диктаторлық басқару нысаны кездеседі. Демократиялық режим жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіреді, тікелей және өкілді демократияның дамуына ықпал етеді, әртүрлі пікірлерді білдіретін саяси

партиялардың белсенді қызметіне жағдайлар жасайды. Азаматтық қоғам нарықтық экономикаға, саяси плюрализмге, мемлекеттің аумағында тұратын барлық адамдардың бірлігіне негізделген. Яғни, демократиялық режимдегі азаматтық қоғам мемлекетпен өзара тығыз әрекеттеседі.

Азаматтық қоғам мен мемлекет, бірде, тіршілік ортасын жаулап алу үшін бір-біріне шабуыл жасаса, бірде, бір-біріне көмектесіп, жанашырлық білдіреді.

Сонымен, заңгер-ғалымдардың пікірлері бойынша, азаматтық қоғам – субъектілер арасында көлденең байланысқа негізделген, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі басқару сипатына ие болатын жүйе;

Нұсқамалық актілер көңіл бөлерлік актілер, олардың ерекше сипаты жөнінде заң ғылымдарының кандидаты И.А. Мухинде айтқан болатын, оның пікірінше, «ТМД қатысушы-мемлекеттерінің негізгі мәселесі бұл «заңдардың сәйкес келмеуі болып табылады», бірақ ТМД қатысушы-мемлекеттерінде заң актілерінің құқықтық реттеу аясы бірдей болып келеді, ал олардың заң актілеріндегі реттеу тәсілдері бір-біріне сәйкес келмейді немесе қайшы келеді... Осы мәселені шешу үшін Парламентаралық Ассамблея өз Регламентімен (15-бапта) ТМД қатысушы-мемлекеттеріне нұсқамалық актілерді қабылдау мүмкіндігін көздеген еді. Бұл заң актілері үлгілі сипаттағы заң актілері, ондағы нұсқамалар қоғамдық қатынастардың аясындағы кез келген сұрақтардың құқықтық шешу жолдары. Нормалардың «үлгілілігі» бұл келешектегі мемлекетшілік актілердің негізін қалаушы және қатысушылардың мінез-құлқының образы» [15].

Осындай пікірлес ұғымды заң ғылымдарының докторы, профессор С.Ж. Айдарбаев та қолдайды, оның пікірінше: «Қазақстанның әлемдік экономика мен халықаралық қатынастарға жылдан жылға интеграциялануы, аймақтық экономикалық интеграция процестерінің жеделденуі мемлекет заңдарының халықаралық стандарттарға сай келуін талап етеді», - деп көрсеткен [16].

Ресей ғалымдары экологиялық қауіпсіздіктің заңда белгіленген анықтамаларынан өз анықтамасын беріп отыр.

Заң ғылымдарының докторы, профессор О.Л. Дубовиктің пікірінше, «экологиялық қауіпсіздік - бұл қоршаған ортаның, халықтың, аумақтың, шаруашылық және өзге де объектілердің, антропогендік қызметтің, табиғи құбылыстар мен құқыққа қайшы әрекеттердің нәтижесінде қоршаған орта компоненттерін кері өзгерту салдарынан туындайтын әртүрлі қауіптерден қорғалу жай-күйі» [17, 55 б.].

Заң ғылымдарының докторы М.Н. Копылов, экологиялық қауіпсіздік ретінде «тұлғаның, қоғамның, табиғаттың және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін қоршаған ортаға антропогендік немесе табиғи әсерлерден пайда болатын нақты және әлеуетті қауіптерден қорғауды қамтамасыз ету процесін» түсінеді [18, 51 б.].

Бұл пікірді барлық ресей ғалымдары қолдай бермейді, олардың кейбірі қазақстандық заңшығарушы тұрғысын да қолдайды. Оларға В.В. Петров (экологиялық қауіпсіздік бұл адамның ерекше экологиялық мүдделерінің қорғалу жай-күйі, әсіресе таза өмірге қолайлы қоршаған табиғи ортаға құқығы) [19, 36 б.], Соңғы онжылдықта адамзат ЭИ қол жетімділігі мәселесін шешуге маңызды қадам жасады. 1998 жылы Орхус қаласында (Дания) Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Еуропалық экономикалық комиссиясы Орхус конвенциясы ретінде танымал "Ақпаратқа қол жеткізу, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот төрелігіне қол жеткізу туралы" конвенцияны қабылдады. Бұл құжат БҰҰ-ның осы мәселе бойынша ұстанымын көрсетеді. БҰҰ Қоршаған орта және даму жөніндегі конференциясында (Рио-де-Жанейро, 1992) қабылданған қоршаған

орта және даму жөніндегі декларацияда тұрақты дамуды қамтамасыз етуге бағытталған адамзаттың жаңа бағыты туралы айтылады.

"Экологиялық ақпарат жазбаша, аудиовизуалды, электронды немесе кез-келген басқа материалдық нысандағы кез-келген ақпаратты білдіреді:

а) ауа және атмосфера, су, топырақ, жер, ландшафт және табиғи объектілер, биологиялық әртүрлілік және оның компоненттері, соның ішінде генетикалық өзгерген организмдер және осы элементтер арасындағы өзара әрекеттесу сияқты қоршаған орта элементтерінің жай-күйі;

б) заттар, энергия, су және сәулелену сияқты факторлар, сондай-ақ әкімшілік шараларды, қоршаған орта саласындағы келісімдерді, саясатты, заңнаманы, жоғарыда "а" тармақшасында қамтылатын қоршаған орта элементтеріне әсер ететін немесе ықпал етуге қабілетті жоспарлар мен бағдарламаларды және шығындарды талдауды қоса алғанда, қызмет немесе шаралар талдау және басқа да экономикалық талдау және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау кезінде пайдаланылған жол берулер;

в) адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігінің жай-күйі, адамдардың өмір сүру жағдайлары, мәдениет объектілері мен ғимараттар мен құрылыстардың жай-күйі оларға қоршаған орта элементтерінің жай-күйі ықпал ететін немесе әсер етуі мүмкін дәрежеде немесе осы элементтер арқылы жоғарыда б) тармақшасында айтылған факторлар, қызмет немесе шаралар".

Экологиялық проблемаларды шешу мүмкіндіктері экологиялық ақпараттың қол жетімділігімен тығыз байланысты. Мемлекеттің экологиялық саясаты экологиялық ақпаратқа (ЭА) еркін қол жеткізу туралы мәселені қамтитын экологиялық заңнаманы дамыту арқылы азаматтардың салауатты қоршаған ортаға құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Қоршаған ортаның жай-күйі және оған антропогендік әсер ету деңгейі туралы толық, анық және уақтылы ақпарат барлық азаматтар үшін ашық әрі қолжетімді болуға және мемлекеттік немесе өзге де құпияны құрамауға тиіс. Экологиялық проблемаларды шешу ақпараттық кеңістікті дамытуды талап етеді.

"Тұрақты даму-бұл қазіргі заманның қажеттіліктерін қанағаттандыратын, бірақ болашақ ұрпақтардың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетіне қауіп төндірмейтін даму". Орнықты даму біздің табиғи ресурстарымызды пайдалану ауқымын ұлғайтпай, планетаның бүкіл халқының өмір сүру сапасын жердің экологиялық жүйе ретіндегі мүмкіндіктерінен асып кетуіне әкеп соғатын дәрежеге дейін арттыруды көздейді.

Ойымызды қорытындылай келе, 2019 жылы жетекші сарапшылар мен бизнес-қауымдастық үздік халықаралық тәжірибеге негізделген ҚР жаңа экологиялық кодексін әзірлеу бойынша үлкен жұмыс атқарды. ҚР Экологиялық кодекс 7 негізгі қағидаттан тұрады, олардың ең бастысы — "ластаушы төлейді және түзетеді". Өзгерістер барлық табиғат пайдаланушылардың емес, "бірінші санаттағы" ірі кәсіпорындарға қатысты ғана қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ) рәсімін қолдануды көздейді. Бұл ретте қоғам экологиялық сараптама кезеңінде бір рет емес, ҚОӘБ-нің барлық сатыларына қатысатын болады. 2025

жылдан бастап "бірінші санаттағы" ірі объектілер үшін кешенді экологиялық рұқсаттар (КЭР) қолданылады және қоршаған ортаға шығарындыларды азайтуға бағытталған ең озық қолжетімді технологиялар (ОҚТ) тетігі енгізіледі. ОҚТ ауысқан компаниялар эмиссия үшін төлемнен босатылады, қалған шығарындылар үшін төлем ставкалары 2028 жылдан бастап (2025 жылдан бастап топ-50 ірі кәсіпорын үшін) әр үш жыл сайын 2, 4, 8 есе біртіндеп артады. КЭР алу жаңадан іске қосылатын кәсіпорындар үшін міндетті болады.

Бұл ретте жергілікті атқарушы органдар табиғатты қорғау іс-шараларын түсетін экологиялық төлемдер есебінен 100% көлемінде қаржыландыруға міндетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының "Қазақстан-2030" стратегиясы <https://adilet.zan.kz/>
2. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. // <http://www.akorda.kz/>
3. «2010-2014 жылдарға арналған «Жасыл даму» салалық бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 қыркүйектегі № 924 Қаулысы // «Заң» деректер базасы.
4. Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев "Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауы. <https://www.akorda.kz/>
5. Қазақстан Республикасында 2012 жылдың 12 айы бойынша экологиялық қылмыстар жөнінде мәліметтер <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPPageGroup/Services/Pravstat>
6. Бекишева С.Д. Экологиялық қауіпсіздік аясындағы қылмыстық саясат - ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізі // «Ғылыми-білім беру кластері инновациялық индустриализация тренді (жаһандану және әмбебаптық мәселелері): халық. ғыл.-тәж. конф. - Қайнар (Астана), 2010. – 46 б.
7. Соловьев А. Совет безопасности констатировал недостаточность усилий, предпринимаемых госорганами, по соблюдению экологического законодательства. Отмечена необходимость решения экологических проблем в комплексе с экономическими // Панорама. - 2003. - №2. - С.2.
8. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы <https://adilet.zan.kz/>
9. Қазақстан Республикасының экология кодексі <https://adilet.zan.kz/>
10. Абдраимова М.Ж. Тұрақты өсу жолында // Егемен Қазақстан. - 2012, 28-қыркүйек. // www.egemen.kz
11. Бринчук М.М. К вопросу о криминологической характеристике экологических преступлений // Социально-экономическая политика России при переходе на инновационный путь развития: 4-я межд. научно-практич.

конф./под общ. ред. И.К. Мищенко, В.Г. Притупова, Д.Ю. Филиппева. - Барнаул:Концепт, 2012.- 110с.

12. Қосдаветов К.К. https://nauka.kz/page.php?page_id=708&lang=1

13. Нұрпейсов Д.К. <https://bulletin-law.kaznu.kz/>

14. Ресей Федерациясының «Қоршаған ортаны қорғау туралы» федералды

заңы http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34823/

15. Қазақстан Республикасында 2011 жыл мен 2013 жылдың 6 айы бойынша экологиялық қылмыстар жөнінде мәліметтер [//http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat](http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat).

16. Қазақстан Республикасында 2012 жылдың 12 айы бойынша экологиялық қылмыстар жөнінде мәліметтер <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat>

17. Дубовик О.Л. Экологические риски: расчет, управление, страхование: уч. пос. - М.: Высшая школа, 2007.-220с.

18. Копылов М.Н. Анализ и оценка факторов природно-экологического риска. - Москва, 2003.-180с.

19. Петров В.В. Топливо-энергетический баланс Республики Казахстан: - Астана: Агенство РК по статистика, - 168с.

Скагиева А.

к.ф.н., профессор

юридическая академия имени Д.А.Кунаева

ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ – ТІЛ

Жаңа Қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі.

Қазақ тілі және тілдердің ұштұғырлылығы саясаты баршамызға мәлім. Нақтырақ айтсақ тіл – ана тілі – қазақ тілі біздің рухани негізіміз. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен жолыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға міндетіміз. Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде деп зарлап келеміз. Егер әрбір қазақ ана тілінде сөйлесе, сөйлеуге ұмтылса әлдеқашан Ата Заңымыздағы мәртебесіне лайық орнын иеленер еді.

Қазақ тілі туралы айтқанда, істі алдымен өзімізден бастауымыз керектігі ұмыт қалады. Ұлттық мүддеге қызмет ету үшін әркім өзгені емес, алдымен өзін қамшылауы тиіс.

Өнердің түрі көп емес пе: кескін өнері (живопись), сымбат өнері (скульптура), сәулет өнері (архитектура) т.б. Ал, әдебиет, тіл қандай өнер?

Әдебиет – сөз өнері. Неге? Негесі – сол, мүсіншінің құралы – саз, суретшінің құралы – бояу, әншінің құралы – үн, бишінің құралы – қимыл болса, әдебиетшінің құралы – тіл. «Сөз – әдебиеттің құрылыс материалы» (Федин).

Қоғамдық сананың айрықша саласы – көркемөнер десек, мұның жалпы адамзат мәдениетінен алар орны өзгеше, адамдардың парасат дүниесінде атқарар қызметі орасан зор. Фиди статуясы, Рафаэль картинасы, Шекспир трагедиясы, Глинка музыкасы, Абай лирикасы мезгіл межелерінен аттап өтіп, уақыт сынына мүдірместен, көрген, тыңдаған, оқыған адамдар жанын сусындатумен келеді және сусындатқан үстіне сусындата бермек.

Көркемөнердің көп салаларының ішіндегі ең бір қадірлісі әрі қасиеттісі – көркем әдебиет. Оның өнердің өзге түрлерімен елгідей бірлігі бола тұра өзгешелігі де мол. Сөз өнері сурет пен музыка секілді жалпыға бірдей жетімді деу қиын: сөз – бояу, немесе дыбыс емес, барлық халыққа бірдей түсінікті бола алмайды. Әр ұлттың өзгеден ерекше өз тілі бар, әдеби шығарма сол тілде ғана туады. Бұл – көркем әдебиеттің халықаралық өрісіне біраз бөгеу, тіпті тұсау екені рас. Бірақ, мұның есесіне, әдебиеттің тілі музыка тілінен гөрі нақты, театр тілінен гөрі затты: симфонияны тыңдаушының бәрі нақты түсіне бермейді, театр сахнасында бүгін кеште жүріп жатқан спектакльдің ертеңгі ұрпаққа мұра болып қалғандай қолға ұстар затты дерегі бола бермейді, ал әдебиетте екеуі де – нақтылық та, заттылық та – бар. Кескін, сәулет, сымбат өнерлері затты, нақты болғанмен жансыз, қимылсыз, ал әдебиет кез келген шындықты қимыл, қозғалыс үстінде құбылта, құлпырта көрсете алады. Дәл осы тұрғыдан алғанда, сөз өнерін – бар өнердің басы, «Өнер атаулының ең қиыны және күрделісі» (Бальзак), «Ең жоғарғы түрі» (Белинский) десек, асырып айтқан болмаймыз. Қазақ халқының «Өнер алды – қызыл тіл» деген білгір тұжырымы да тегіннен тегін тумаған – ды.

Көркем сез – құдіретті нерсе! Оны езілге саю да, оны әжуалау да – ақылдан кенде пенденің, қылығы. Тарих мұнары бұлдыратып тастаған заманалар мен дәуірлерге қараңыз! Парасат дүниесінің биік шындары ғана ақыл мен ой аспанының алып тіреулеріндей қадау-қадау шаншылып тұрып қалған. Олар кімдер? Хан ба, патша ма? Жоқ, білім мен өнер иелері – ғалымдар, жазушылар... Осы ғасырдың нақ басында А.С. Суворин езінің күнделік дәптеріне былай деп жазды: «Біздің патшамыз екеу: II Николай мен Лев Толстой. Екеуінің қайсысы күшті? II Николай Толстойға тук қыла алмайды, оны тақтан қозғай алмайды, ал Толстой ше: қаһарға мінсе, Николайдың тағын династиясымен қоса теңселтіп, төңкеріп түсіре жаздайтыны күмәнсыз». Бұл арада сөз өнерінің адам қоғамындағы аса зор қуат-күші жатыр.

Қазақстан жеріндегі сөйленістермен қатар, айтылым сөз белгілі бір тілдік жағдайда өзге аймақтарда, өзге тілдік ортада өзіндік жазбаша және ауызша да әдеби нормаларын қалыптастырып, өз бетінше дамып келе жатқан қазақтардың тілінің мәртебесін тек сөйленіс, диалект дегеннен гөрі аймақтық тіл деп аталады. (Ауызша айту)

Латын графикасы – әлемдік ғылым мен технология тіліне негізделген. Ағылшын тілінің жазылуы латын әліпбиіне негізделгенін ескерсек, бұл әріптердің қазақ тілінің әлмдік тіл сахнасына алып шығатынына көз жеткізуге болады. Қазақ тілі – әлемдегі ең бай тілдердің бірі. Мағыналық және бір-біріне ұқсас синонимдік қатарды жиі қолданатын қазақ тілінің мәртебесін көтеріп

отырған тек Қазақстан екенін бағамдасақ, алдағы бірнеше жылдың ішінде, оның ішінде Елбасы тапсырмасы бойынша, 2025 жылға дейін толық латын графикасына өтуді атап өтсек, қазақ тілінің болашағы жарқын екеніне тағы көз жеткізе аламыз. (Ауызша айту)

Жалпы латын графикасына көшу кеше не бүгін пайда болған түсінік емес. Оған әрине біздің ағартушы, алашорда мүшесі Ахмет Байтұрсыновтың жасаған әліпбиі негіз бола алады.

Елдің ғылымы мен тілін дамыту үшін әлемнің жазуында жаза отырып, соған сай талаппен өмір сүру керек. Бұл заман талабы. (Ауызша айту. Қазақ тілінің дамуы және қолдануы жеткіліксіз. Мысалы, әрбір жұмыс орнында көбінесе орыс тілінде сөйлейді)

Мен қазақ тілін дамытуда көптеген іс-шараларға қатысамын және азаматтық парызым деп білемін (Көшедегі жарнамалар, телевидение, радио, ақпарат құралдарында үнемі атсалысамын...)

Сюрикпаева А. О.

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясының
Азаматтық- құқықтық пәндер кафедрасының
докторанты, аға оқытушысы, з.ғ.м.

Лаушанова С. Б.

заң ғылымдарының кандидаты
Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық
заң академиясы

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Қазақстанда тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен, Қазақстан Республикасының Сауда қызметін реттеу туралы, Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы, Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Заңдарымен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту мәселелеріне 2010 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында айтарлықтай көңіл бөлінді. Атап айтқанда, тұжырымдамада азаматтардың мемлекеттік емес ұйымдарға өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, оның ішінде қарау мерзімдерін сақтау, ұйымдар мен олардың лауазымды тұлғаларының өз қызметтерін тұтынушылардың өтініштерін қарау үшін жауапкершілігін белгілеу, сондай-ақ

тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың жаңа жүйесін енгізу, меншік құқықтары мен шарттық міндеттемелерді қорғауды күшейту мәселелері бойынша өтініштерімен байланысты қатынастарды реттеу қажеттілігі көзделген. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауында тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігіне сараптама жүргізу, сапасыз өнімдер тізбесін жариялау және оны өндірушілер бойынша мүмкіндіктерді кеңейтуді қоса алғанда, тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық ұйымдардың әлеуетін институционалдық күшейту және белсенді пайдалану қажеттігі туралы міндет қойылды.

Қазіргі уақытта тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесі орталық және жергілікті атқарушы органдардан тұрады. ҚР сауда және интеграция министрлігі Бақылау-қадағалау функцияларын қолданбай саясатты іске асыруды және ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті орган болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 Жарлығымен Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрлігіне тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі функциялар мен өкілеттіктер берілді[1]. Осы Жарлықты іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысымен тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды[2].

Комитеттің негізгі миссиясы тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында тұтас және тиімді саясатты қалыптастыру болып табылады (Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті 2019 жылғы 25 шілдедегі № 7 бұйрығымен бекітілген Комитет және оның аумақтық бөлімшелері туралы ереже) [3].

Комитет алдында екі негізгі міндет анықталды:

1) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету бойынша Мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

2) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Комитеттің өңірлерде 17 аумақтық департаменттері бар, олардың штат саны 64 бірлік (17 бірлік – орталық аппарат, 47 бірлік – аумақтық департаменттер).

Қызмет бағыттары:

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Салааралық үйлестіру.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес құрылды (Үкімет жанынан кеңес, жылына кемінде 1 рет отырыс жасап АҚ және үкіметтік емес ұйымдардың саласындағы қызметін бағалайды). Кеңестің негізгі міндеті тұтынушылардың құқықтарын қорғау және тұтынушылардың

құқықтарын қорғауды жетілдіру мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу болып табылады.:

1) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясат жүргізеді;

2) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың, тұтыну дауларын сотқа дейін реттеу субъектілерінің және тұтынушылардың заңды мүдделері өкілдерінің қызметі арқылы жүзеге асырылады;

3) Қазақстан Республикасының Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнамасына ұсыныстар жасайды;

4) тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерінің, қауымдастықтардың (одақтардың), оның ішінде олардың қоғамдық бақылауды жүзеге асыруы жөніндегі қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша сотқа жүгіну саласында 25 маусымда Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі заңға түзетулерге қол қойды, Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Заңына қол қойды. Атап айтқанда, заңда жаңа ережелер мен форматтар енгізу қарастырылған[4].:

1) шағымдарды қараудың 3 сатылы жүйесі енгізілді (I деңгей-сатушы және/немесе дауларды сотқа дейін қарау институттары; II деңгей – уәкілетті орган; III деңгей – сот органдары); – бизнеске мәселені өз бетінше шешуге мүмкіндік береді;

2) тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында шағымдарды қабылдаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін құру (тұтынушы үшін оның құқықтарын қорғау бойынша "бірыңғай терезе" құру);- мобильдік қосымша арқылы тұтынушылардың шағым беруін барынша оңайлату, тұтынушыларды тәулік бойы техникалық қолдау;

4)тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органның рөлін күшейту;

5) тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес құрылды.

Ал енді тұтынушылардың өтініштерін қарау мәселесіне тоқталсақ ел тұрғындары күн сайын тауарлар мен қызметтерді сатып алады, сонымен бірге олардың сапасы төмен немесе сатушы тарапынан жосықсыз қарым-қатынасқа тап болады. Өкінішке орай, бұл тауар-ақша қатынастарының шектерінде тұтынушылардың құқықтары жиі бұзылған кезде орын алады.

Осыған байланысты тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті тұтынушылық құқықтарды қорғау саласында мақсатты саясат жүргізеді. Азаматтар тұтынушыларға қатысты әділетсіздікке тап болған кезде, олар әрқашан департаменттен көмек сұрай алады. Тұтынушылық құқықтардың бұзылғаны туралы жеделхат-бот (kzpp_bot), электрондық үкімет порталы (бұдан әрі-портал) арқылы хабарлауға болады.

https://egov.kz/cms/ru/services/citizen_and_the_government/e_app), "жедел" телефон желісі+7 (7172) 75-06-42, 75-16-32, 74-98-32, 74-98-36 немесе жазбаша өтініш жазады.

Ал 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап халық тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы өтініш бере алады. Пилоттық жоба іске қосылды, демек, әрбір тұрғын ұялы телефонның немесе компьютердің көмегімен weask.kz өзінің бұзылған құқықтары туралы мәлімдей алады. "Alser", "Lamoda", "Магнум" және "Анвар" төрт сауда нүктелері жобаның сынақ нұсқасына қатысуға өз еріктерімен келісіп, жүйеге тіркелді. Уәкілетті органға хабарласпас бұрын, тұтынушы мәселені тікелей сатушымен шешуге тырысуы керек. Алайда, егер сатушы 10 күн ішінде шағымға жауап бермесе, ол тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетіне түседі. Бірыңғай жүйе-бұл тұтынушылар, қызмет көрсетушілер, үкіметтік емес ұйымдар және мемлекеттік органдар үшін платформа. Бұл өтініштер берудің және оларды қарауды бақылаудың бірыңғай терезесі. Ол тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында барынша қамтуды қамтамасыз етуге және бұл ретте мемлекеттік органдармен және бизнеспен қарым-қатынас рәсімін жеңілдетуге көмектеседі.

Осы орайда тұтынушылар құқығын қорғау туралы комитет 2020 жылдың 10 айында Комитет пен аумақтық департаменттерге 17 мыңнан астам өтініш келіп түсті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3 есе көп. Біз сондай - ақ шағымдар нысаны бойынша статистика жүргізудеміз, жазбалардың жалпы санынан – 5079, "жедел" желіге 9370, telegram bot – 2033, азаматтарды қабылдау кезінде – 907, министр блогына – 87, Төраға блогына-331 өтініш қарастырыпты.

Мүдделі тараптардың жұмысын жүйелендіру мақсатында Комитеттің аумақтық департаменттерінің басшылығымен тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп оқыту іс-шаралары, семинарлар мен вебинарлар өткізілді, оның негізгі тақырыбы бұқаралық ақпарат құралдарымен ашық және тиімді жұмыс істеу болды.

Қазақстанда қазір жұмыс істеп тұрған тұтынушылардың 65 қоғамдық бірлестігі бар, олардың 40-қа жуығы бізбен белсенді өзара іс-қимыл жасауда. Айта кету керек, бүгінгі таңда Комитет құрамына еліміздің 15 өңіріндегі 30 қоғамдық ұйым кіретін Қазақстанның республикалық тұтынушылар қауымдастығымен тығыз ынтымақтастық орнатқан.

Қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп тұрақты негізде тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласын одан әрі дамыту жоспарында министрлік бастамаларын талқылау бойынша кездесулер, конференциялар өткіземіз. Мәселен, таяудағы Үкімет отырысында біздің министр бірқатар бастамаларды ұсынды. Олардың бірі-барлық қоғамдық ұйымдарды өңірлердегі өкілдіктермен бірыңғай ұлттық тұтынушылар қауымдастығына біріктіру және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесінде азаматтық сектордың рөлін нығайту үшін омбудсмен институтын енгізу. Бұл ұсыныстар азаматтық

қоғаммен жоғары бағаланып, толық қолдау тапты, өйткені оларды алдыңғы қатарлы шет елдер сынап көрді.

Біздің барлық бастамаларымызды іске асыру мақсатында Комитет тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың біртұтас жүйесін құру үшін іс-шаралар жоспарын әзірледі, оны таяу уақытта Үкімет бекітетін болады.

Комитет тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы өзара іс-қимыл және ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды:

- Тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы ҚБ
- Тұтынушылардың ұлттық лигасы РҚБ;

Комитеттің аумақтық департаменттерінде қоғамдық бірлестіктермен тұрақты өзара іс-қимыл жүргізіледі (дөңгелек үстелдер, меморандумдар жасасу, заң нормаларын түсіндіру, халықпен кездесулер, көшпелі кездесулер және т.б.).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 Жарлығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

2. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

3. "Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің м.а. 2019 жылғы 25 шілдедегі № 7 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

4. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 25 маусымдағы № 346-VI ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>

Тағай А.А.
к.э.н., доцент
Университет иностранных языков и деловой карьеры
г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ СТАНОВЛЕНИЕ И РАЗВИТИЯ АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА

По итогам 2020 года доля агропромышленного комплекса в структуре ВВП страны составляет 4,5% и около 19% трудовой занятости. Казахстан является одним из основных производителей зерна и входит в десятку крупнейших экспортеров пшеницы в мировой экономике. Увеличение платежеспособного спроса населения на импортные продовольственные товары привел к тому, начиная с 2004-2005г.г. РК стал чистым импортером сельскохозяйственной продукции[1].

Самыми развитыми регионами по валовому выпуску продукции (услуг) сельского хозяйства являются Алматинская – 16,1% , Северо-Казахстанская - 13,9 %, Туркестанская – 12,2 %, Восточно-Казахстанская – 10,2 %, Акмолинская -9,5 % и Костанайская – 6,8 % области.

АПК РК можно охарактеризовать как стабильно развивающуюся систему. Так прирост объема валовой продукции сельского хозяйства по итогам 2020 года составил 5,6 % (6,2 трлн. тенге) по сравнению с уровнем 2019 года, который был обеспечен за счет роста объемов производства в растениеводстве на 7,8 % (3,6 трлн. тенге) и в животноводстве на 3 % (2,6 трлн. тенге). В соответствии с этим за этот же период возросло и производство продуктов питания на 4% и достигло 1,9 трлн. тенге.

Наиболее важным подспорьем такой положительной динамики является рост инвестиции в основной капитал АПК 2020 году на 15% , общий объем который составил 573,2 млрд. тенге. Прирост объема инвестиции в сектор производство продуктов питания составил 13,5 % и достигло 104 млрд. тенге

Анализ структуры товаропроизводителей показывает, что если крупные сельскохозяйственные предприятия производят основную долю пшеницы, ячменя, риса и масличных культур, на мелкие сельские хозяйства приходится более 50% производства картофеля, мяса, молока и шерсти. Эти мелкие производители зачастую сталкиваются с трудностями выхода на сельскохозяйственные рынки и преодоления недостатков, связанных со своим размером.

Региональная специализация в сельскохозяйственном производстве коррелирует с типом фермерского хозяйства и структурой землевладения. Для северных районов характерны крупные капиталоемкие зерновые и животноводческие хозяйства, которым свойственна экономия за счет увеличения масштабов производства.

Стремясь получить доступ к цепочкам поставок, мелкие производители Казахстана сталкиваются с рядом сложностей, конкурируя с крупными

сельскохозяйственными предприятиями и преодолевая неэффективность производства, связанную с его масштабом. Неэффективность включает более высокие удельные затраты на сбор и транспортировку продукции, высокие риски для безопасности пищевых продуктов, неравномерное качество продукции, ограниченное предоставление услуг по распространению знаний и предоставлению консультаций в сфере сельского хозяйства, слабую систему кредитования малого бизнеса, нормативные и административные преграды приобретению земель сельскохозяйственного назначения, а также ограниченные вертикальные связи между перерабатывающими предприятиями и мелкими фермерами.

В этом отношении сельскохозяйственные кооперативы могут помочь мелким производителям увеличить объемы выпуска продукции и улучшить продуктивность, получить доступ сельскохозяйственным рынкам, а также преодолеть структурные недостатки, связанные с их размером. Благодаря коллективной работе, группы сельскохозяйственных производителей могут достигнуть экономии за счет увеличения масштабов производства путем снижения удельной стоимости средств производства и услуг, объединения капитала и ресурсов, совместного пользования сельскохозяйственной техникой и транспортными средствами, организации перерабатывающих предприятий и совместной реализации произведенной сельскохозяйственной продукции[2].

В этой связи, дальнейшее внедрение и развитие кооперативного движения должно основываться на принципах корпоративного управления

На наш взгляд, «корпоративное управление» (corporate governance) - это эффективный механизм менеджмента направленный на реализацию руководство комплексами отраслей, обособленными отраслями а также деятельностью отдельной компании (*обобщая - организации*) с конечной целью получения максимальной прибыли от их деятельности.

Под продуктовыми подкомплексами АПК понимается совокупность отраслей нацеленных на «производство, транспортировку, переработку, заготовку, хранение и реализации» (далее-«ПТПЗХР») однородной продукции сельскохозяйственного происхождения (рис.1).



Рисунок 1-Подкомплексы АПК;

В составе регионального агропромышленного комплекса Туркестанской области РК можно выделить: хлопковый, мясо-молочный, плодоовощеконсервный и виноградо-винодельческой подкомплексы. Такое выделение подкомплексов на основе их специализации и направления вызвано объективной необходимостью обеспечения эффективной деятельности отраслей и производств, связанных единой технологической цепочкой с целью снижения потерь при межотраслевых производственно-экономических связях в процессе выработки и сбыта конечной продукции. Тем самым, обособление новых интегрированных структур и требует иного подхода к управлению ими, чем при традиционном способе управления. На наш взгляд, выделенные продуктовые подкомплексы могут быть рассмотрены как корпоративная структура – подсистема отраслей и производств, ориентированная на достижение конечных целевых результатов продуктового подкомплекса. Называя продуктовые подкомплексы (далее - ПП) подсистемой регионального АПК мы исходим из понятий того, что отрасли и производства составляющие ПП выступают как элементы и составные части единого целого. На наш взгляд, ПП могут быть эффективно управляться путем применения механизма корпоративного управления. Как отмечалось выше, корпоративное управление представляет собой совокупность отношений между органами управления и должностными лицами отраслей и компании ПП, а также их взаимодействие с внешней средой. Поэтому, важным условием достижения эффективного корпоративного управления также является наличие государственной экономической стратегии регулирования, соответствующей действующим рыночным отношениям на определенный момент времени и включающей определенные системные решения.


В рамках корпоративного управления ПП на наш взгляд, представляется целесообразным создание отдельной управляющей структуры, которая обеспечивала бы выполнение следующих задач:

- оптимальное сочетание отраслей и производств ПП, позволяющие достичь эквивалентного взаимоотношения между взаимосвязанными отраслями и производствами в процессе ПППЗХР сельскохозяйственной продукции;
- координация и взаимодействие управленческих структур ПП с региональными государственными органами управления, на основе взаимовыгодного партнерства;
- взаимная увязка и контроль стратегических и текущих планов продовольственного подкомплекса как в целом, так и производственных программ совместной деятельности хозяйствующих субъектов, входящих в ПП;
- разработка стратегии стимулирующие привлечение зарубежного капитала;
- освоение и расширение сегмента рынка на отечественном и международном фондовом и товарном рынках посредством разработки и реализации соответствующей корпоративной стратегии.

Как отмечалось выше, отдельные звенья ПП – участники интеграционного процесса преследуют интересы, которые могут не совпадать со стратегической - в одних случаях, но сходятся в других, где выше интересы корпоративного управления.

Предлагаемая нами система корпоративного управления продовольственными подкомплексами, схематично выглядит следующим образом (Рис. 2).

Из схемы следует, что корпоративное управление региональным АПК и ее продовольственными подкомплексами, базируется на деятельности менеджеров с осуществлением внешнего контроля со стороны акционеров (владельцев).






Рисунок 2 - Схема корпоративного управления продовольственными подкомплексами регионального АПК ; *Разработан автором с учетом разработок: [4]

Внешний контроль проводится решением Общего собрания акционеров и Совета директоров, директива которых является стратегическим направлением и основой для службы менеджмента, которая является исполнительной структурой осуществляющая выполнение задач поставленных перед подкомплексом. В настоящее время, наблюдается организация продовольственных подкомплексов в виде акционерных обществ, в деятельности которой принимают участие инвесторы из других отраслей экономики, а также финансовых структур.

Тем самым степень эффективности корпоративного управления зависит от рационального сочетания централизации и децентрализации управленческих функции, т.е. четко определить какие функции должны быть в компетенции центрального аппарата управления, а какие – на уровне отдельных структурных подразделений продовольственного подкомплекса регионального АПК.

Предлагаемый нами подход корпоративного управления продовольственного подкомплекса регионального АПК ориентирован на налаживания производственно-экономических связей между хозяйственными субъектами составляющие ПП, а также внешних бизнес-партнеров по технологической цепочке «производство-заготовка-переработка-хранение и реализация продукции». Такая интеграционная структура управления в первую очередь нацелена на взаимную увязку отраслевых интересов и на эффективное использование потенциальных возможностей отраслей и производств ПП, с целью максимизации выпуска продукции при наименьших затратах труда и средств.

Список использованной литературы:

1. <http://www.stat.gov.kz>. Комитет по статистике МНЭ РК;
2. Минсельхоз совершенствует механизм субсидирования сельхозтоваропроизводителей / Официальный интернет-ресурс Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан. <http://mgov.kz>.23.09.2019. http://ranking.kz/reviews/bzor_kreditovaniya_selskogo_hozjajstva;

3. ОЭСР дала рекомендации по развитию кооперации в АПК Казахстана 26 ноябрь 2018/<https://inbusiness.kz/ru/last/oesr-dala-rekomendacii-po-razvitiyu-kooperacii-v-apk-kazahs>;

4. Гусаков Егор. Научные основы и организационно-экономический механизм эффективного функционирования кооперативно-интеграционных объединений в АПК. РУП «Издательский дом «Беларуская наука», 2015;

Тарап Ж.Д.

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Тал бесіктен бастау алған тәрбие жемісті болмақ. Баланың иманды, қайырымды азамат болып ер жетуі ең алдымен ата-ананың тәлім-тәрбиесіне, қоршаған ортаның үлгі-өнегесіне байланысты. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мәйекті сөз тегіннен айтылмаған. Десек те, келешегіміздің кілті, шаңырақтың шаттығы саналық ұрпақ тәрбиесін дәл қазір жақсы деп айта аламыз ба?

Тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеу саласының бірі – құқықтық тәрбие, ол қоғамның әрбір адамзатының заңдарды аса жауапкершілікпен орындап отыруы талаптарымен тығыз байланысты. Әсіресе, елімізде жүріп жатқан жариялық, құқықтық және зайырлы қоғам орнату үрдісімен байланысының маңызы ерекше. Ол үшін адамзаттық негіздегі өнеге нормаларын қоғамның әрбір жеткіншек жастарының сана-сезімі мен күнделікті мінез-құлықтарын қалыптастыру қажет.

Жастар – еліміздің саралы жолын дамытудың болашағы. Қазіргі таңда жастар қоғамды дамытудың барлық саласында белсенділік танытуда. Соған қарамастан жастар арасында қылмыстың өсе түсуі, жағымсыз мінез-құлықтар мен әдеттердің көрініс алуы кездесіп отыр. Сандық мәліметтерге сүйенсек, көп жағдайда қылмыскерлер мен бұзақылардың жастық ерекшеліктеріне аса мән берілмейді. Бұл топтағы жастар отбасын құрып, мемлекетіміздің белсенді жасаушысы болмақ түгілі, өздерінің және өзгелердің өмірлеріне жауапсыз

қарайтындығы анық. Батыс мәдениетіне еліктеушілік жастардың бойында жағымсыз қылықтардың дамуына алып келіп отыр.

Кәмелетке толмағандардың түрлі деформацияларға бейім құқықтық санасын бағалау, субъектілердің мінез-құлқына әсер етуге, олардың позитивті әрекеттерімен байланысты құқықтық бағыттарды қалыптастыруға арналған заңи құралдармен қатар тұратын құқықтық тәрбиелеудің маңызын жоғарылатады. В.В. Сорокин: «құқықтық сананың сәйкес деңгейі объективті қажеттіліктің автоматты салдары болып табылмайды. Ол құқық субъектілерінің құқықтық ағарту және тәрбиелеу жолдарындаөздігінше мақсатты бағытталған әрекеті барысында қалыптасады» деген пікірі біздің ойымызша әділетті [1, 63 б.].

Кәмелетке толмағандардың құқықтық тәрбиесінің міндеттерін, мақсаттарын, басым нысандарын анықтау, аталған түсінікті жалпы теориялық тұрғыдан сипаттауды талап етеді. Ғ.С. Сапарғалиев жалпы тәрбиелеуге мынадай: Тәрбиелеу - дегеніміз оқушының тұлғалық дамуына, қалыптасуына бағыт-бағдар берер жағдайлар жасау арқылы басқару. Тұлғалық дамыту дегеніміз - гуманизм қасиеттерін қалыптастыру, оқушы шығармашылығын дамыту, өмірге қалыптасуын игерту, ұжымдылық қасиеттерін дамыту, интеллекттігін тәрбиелеу рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру деп анықтама береді [2, 15 б.].

Құқықтық тәрбиенің атқаратын қызметтерінің мәнін Б.А. Жетписбаев зерттеу жұмыстарында былай түсіндіреді: «Біріншісі заң білімдерін, құқықтық ақпараттану деңгейін кеңейтуге бағытталса, екіншісі – жеке тұлғаның диспозициялық құрылымының құндылықты-нормативті ядросын пайда болуымен,оның құқықтық санасының мінез-құлықтық компонентінің қалыптасуымен, құқықтық құндылықтарды меңгеру және пайдаланумен байланысты; үшіншісі құқыққа сай мінез-құлықты, құқықтық тәртіпті қорғау және қолдауды қамтамасыз ететін құқықтық тәрбиелеу қызметтерінің кешенінде көрініс табады» [3, 98 б.].

Құқықтық тәрбиелеуді жүзеге асыруда аталған бағыттар, тек мемлекеттік билік органдар мен арнайы құзіретті құрылымдар мен тұлғалардың ғана үйлесімді күш жұмсауын талап етпейді. Бұл жерде азаматтық қоғамның, құқықтық қорғау ұйымдарының барлық институттарының, сондай-ақ жеке тұлғалардың құқықтық әлеуметтену үрдісінде қатысатын жекелеген азаматтардың құқықтық тәрбиелеудегі елеулі рөлі туралы әңгіме болып отыр.

«Құқықтық тәрбиелеу» және «құқықтық әлеуметтену» категорияларын ажырату қажет. Құқықтық әлеуметтену жеке тұлғаның құқықтық қатынастарға түсуі, белгілі бір құқықтық білім алу және құқықтық кеңістікте бағыт таба алу қабілетіне ие болу, алынған құқықтық дағдыларды жүзеге асыруын білдіреді.

Осы орайда С.Б. Бейсебаева жастардың құқықтық әлеуметтенуі өте күрделі үрдіс. Бір қоғамдық қатынастар жүйесінен екінші жүйеге өтіп жатқан қазіргі кезеңде, құндылықтарда, өзгеріске ұшыраған заманда жастарға әсер ететін мәдениет нормаларының, жүйелі түрде білім беруді және құқықтық тәрбиенің, мінез-құлық нормаларының дұрыс меңгеруінің маңызы зор деп есептейді [4, 27 б.].

Бұл жағдайда құқықтық әлеуметтену мен құқықтық тәрбиелеу үрдісінің қоғам үшін күтілген нәтижелердің бірлігі жөнінде айтуға болады. Айырмашылықтар келесідей болмақ:

1) құқықтық әлеуметтену тек қана жеке тұлғаның құқықтық қасиеттерін қалыптастыруға байланысты, арнайы өңделген құқықтық әдістер, құралдар, бағдарламалар мен тұжырымдамалар тарапынан жеке тұлғаға әсер ету үрдістерін қамтымайды. Әлеуметтену сұрапыл құбылыс та болуы мүмкін, бұл жерде де жеке тұлғада құқықтық дағдыларын, білім, сенімдерін дамытумен бірге жүреді, алайда, олардың қалыптасуы жеке тұлғаның әлеуметтік ортасымен жүзеге асырылады және жеке тұлғаға қажетті құқықтық қасиеттері жөніндегі қоғам мен мемлекеттің пікірлерімен сәйкес келмеуі де мүмкін;

2) құқықтық әлеуметтену үрдісі, жеке тұлғаның белсенді қатысуын күтеді. Мұнда жеке тұлға үшін белгілі-бір нормаларды, құндылықтарды, бағыттарды, игеру және оларды әлеуметтік мінез-құлықпен бекіту – күнделікті өмірдің ажырамас құрамы, яғни құқықтық тәрбиелеудің қатаң анықталған нысандары мен әдістерімен байланысты емес, табиғи үрдіс болып табылады.

Жеке тұлғаның құқықтық санасының қалыптасуы – адамның бүкіл өмірінде жалғасатын, көптеген түрлі факторлармен бірге жүретін, ұзақ үрдіс. Өзінің даму сатыларының әрқайсысында жеке тұлға тек белгілі-бір құқықтық білім, құқықтық тәжірибелерге ие болып, оны жетілдіреді.

Құқықтық тәрбиелеу өзінің негізгі міндеті етіп, жеке тұлғаның құқықтық қасиеттерін дамыту деп, ал нақтырақ айтсақ, оның құндылықты – құқықтық қасиеттерімен тығыз байланыстыларын дамыту деп қояды. Тәжірибелік тұрғыда олар келесідей негізгі талаптарға жауап беру керек:

- жеке тұлғаның құрылымының тұрақты құрамы болу;
- мемлекеттік-құқықтық ақиқатты көрсету;
- жеке тұлғаның құқықтық әрекет ету саласындағы әлеуметтік құндылығын анықтау;
- жеке тұлғаның «заңи» мазмұнының әрі қарай дамуының ішкі талаптарын дайындау.

Осы орайда жалпы тәрбиенің қағидаларын келтіре кетсек:

- Жас азаматтың қоғам алдындағы жауапкершілігін қалыптастыру қағидасы;

- Тәрбиеші-тәлімгердің әкімгердіктен, әміршілдіктен, педагогикалық культтен арылу қағидасы;

- Тәрбиенің индивидтік нысанына басымдық беріп, екінші кезеңде ұжымдық тәрбиеге көшу қағидасы;

- Шәкірттің тәрбиеге құлықтылық дәстүрін қалыптастыру қағидасы;

Осы қағидалар негізінде тәрбиенің мынадай міндеттері шығады:

1) Жас ұрпаққа берілетін тәрбие алдымен мемлекеттік мүддеге қызмет етуі тиіс;

2) Тәрбие – мемлекеттің қауіпсіздігі мен оның күш қуатын нығайтуға ықпал етуі тиіс;

3) Тәрбие – отбасы тәрбиесі мен қоғамдық тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз етуі тиіс.

4) Тәрбие – азаматтық тұлға қалыптастырудың кепілдігін қамтамасыз етуі тиіс.

Жеке тұлғаның құқыққа қатынасын сипаттайтын, негізгі құқықтық қасиеттерінің ішінен, мыналарды бөліп қарастырсақ: жауапкершілік, құқықпен ниеттестік, әділеттілік, заңдылық, құқықтық парыз, заңды (құқықты) сыйлау сезімдері.

Жауапкершілік сезімі деп, жеке тұлғаның өзінің құқықтары мен міндеттеріне саналы түрде қатынас, өзінің әрекеттерін бағалау және түсінуді айтады.

Құқықпен ниеттестік құқықтық нормаларымен келісімге негізделген қатынас, бұл жерде адресаттың нормалармен келісім деңгейі, мұндай келісімнің негізінде жатқан мотивтерге байланысты түрлі болуы мүмкін. Әділеттілік сезімі жеке тұлғаның мемлекеттік құрылым мен оның құқығының әділеттілігіне ықылас білдіру деңгейі, жеке жеке тұлғаның өзге тұлғалардың құқықтары мен мүдделеріне, өзінің мінез-құлқына жауап бере отыра қатысты әділетті болу деген талаппен, қатынасымен көрініс табады.

Заңдылық сезімі құқықтық жағдайларда құқыққа сай мінез-құлық нұсқасын таңдауды қамтамасыз ететін, көрсетілген бағытта құқықтық ұстанымдарды сақтауға дайындық, жеке тұлғаның тек заңи мінез-құлықты таңдауға, тіпті егер ол адресаттың мүдделеріне дәл осы сәтте жауап бере алмаса да іштей көңіл қою сияқты жеке тұлғаның әлеуметтік-құқықтық психикалық қисынының жағдайы ретінде сипатталады.

Құқықтық парыз сезімі жеке тұлғаның құқықтық құралдардың маңызын түсіну, оларды тәжірибелік қызметте қоғамдық мүдделерді немесе басқа тұлғалардың мүдделерін қамтамасыз етуге дайындық деңгейін түсіну сипатын көрсетеді.

Занды сыйлау құқық нормаларын оған сенім, сыйлау қатынасымен жеке өзіндік құндылық ретінде қабылдауға негізделген, мінез-құлықты тек заңмен келісім берілген ниеттер бойынша таңдаумен себептелетін, құқықтық позициялардың ең жоғары, дамыған түрін анықтайтын, жеке тұлғаның құқықтық құрылымының интегральды қасиеті ретінде қарастырылады.

Қарастырылған қасиеттердің негізінде жеке тұлға құрылымында өзінің мінез-құлқын құқықтық салада анықтауға мүмкіндік беретін, құндылықты-құқықтық бағыттар кешені орын алады, ол өз кезегінде жеке тұлғаның құқықтық мәдениетінің деңгейінің белгілік сипаттамасы болып табылады. Аталған құқықтық қасиеттердің кәметке толмағандарда қалыптасуы, оның ішкі құқықтық қасиеттерінің, сау құқықтық сана мен құқықтық мінез-құлықтың позитивті бағытының дамуының қажетті талаптары болып табылады [5, 227 б.].

Құқықтық сана мен құқықтық тәрбиелеудің өзара байланысы айдан анық, бірақ, олардың байланыстылығы қатаң емес, өйтпесе құқықтық сананы құқықтық әсер ету өлшемдерімен көтеру мәселесі әлдеқашан шешілген болар еді. Әрі қарай зерттеушінің құқықтық сананың құрылымының кез-келген компоненттерін жасанды өзгерту мүмкіндігі жөніндегі ойы, құқықтық мәдениетті «өзін-өзі қамтамасыз етуші құқыққа сай мінез-құлыққа» жағдай жасау мақсатында, жетілдіру және өзгертудің объективті шындығы жөнінде қорытынды жасауға алып келеді. Соңғы ескертумен келісуге болады, өйткені, құқықтық тәрбиелеудің мақсаты, қандай нысаны жөнінде әңгіме болмасын, әрқашанда құқықтық мінез-құлыққа жағдай жасау, мінез-құлықтың тұрақты бағытталған ниеттерін өңдеу болып табылады.

Жинақталған тәжірибені қорыта келіп Г.К. Пралиева ұйымдастырылған тәрбие жұмыстарынан төмендегі әдістемелік жүйені ұсынады.

1) Құқықтық тәрбие беруде оқушылардың жас және өмір тәжірибелерін ескеру және шаралар ғылыми принциптер негізінде ұйымдастырылуы тиіс.

2) Мектептегі сабақтардың, сыныптан тыс жұмыстардың праволық білім мен тәрбие берерлік мүмкіндіктерін нәтижелі пайдалану.

3) Ішімдікке, нашақорлыққа қарсы күресуде жұртшылықты, ата-аналарды, қоғамдық ұйымдарды, дәрігер-нарколог өкілдерін жұмылдыру, жасөспірімдерді осы жағымсыз істерге тартушы адамдарды тауып, жазаға тартуға үлес қосу.

4) Оқушылар арасында ішімдікке, нашақорлыққа бейімі бар жасөспірімдерді анықтап, анонимді түрде дербес жұмыстарын жүргізу және алғашқы емдік шараларды қолдану

5) Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеуіне бақылау жасау [6, 69 б.].

Республика мектептерінде құқықтық білім беру саласын арттыру, жасөспірімнің ізденушілік, танымдық іс-әрекетін қалыптастыруда құқықтық

тәрбиенің кейбір нысандары – құқықтық лекториялар, кинолекториялар, жасөспірімдердің заңтану мектептері, құқықтық факультативтер, «құқықтық білім» дебаттары, құқықтық білім олимпиадаларын ұйымдастыру жұмыстарын орындау әлі де жетіліп, жаппай орындалып жатқан жоқ. Оның бір себебі жоғарыда айтылып кеткеніндей, білім мен тәрбие беру жүйесінің және мектеп оқушыларына құқықтық тәрбие беру бағдарламасының жүйеленбеуі салдарынан туындап отыр. Осы мәселені ұйымдастыру мақсатында құқықтық тәрбиенің тиімді нысаны ретінде мынандай бағдарламалық әдісті қолдану нәтижесі маңызды болмақ:

- құқықтық лекториялар: мектептегі жасөспірімдерді еліміздің заңдарына және халқына деген құрмет сезімін білдіруге тәрбиелеу, құқықтық білімді насихаттау мақсатында бір жылдық жоспармен дәріс тақырыптары, «құқықтық мәдениет», «құқықтық сана және демократиялық қоғам», «жеткіншек шақ және құқық», «жастардың құқығы мен міндеттері», «азаматтық, қылмыстық және еңбек заңдары» және т.б. сияқты маңызды мәселелер төңірегінде жүргізу;

- кинолекторияларды жеткіншек жастағы балалар үшін ұйымдастыруда кинофильмдерді көркемдік, хроникалық-құжаттық, нормативтік-құқықтық сюжетте таңдап, мінез-құлқы, құқықтық тәрбиеге байланысты оқиға желісін оқушылармен талқылау, олардың түсінігін анықтау сияқты бағытта жүргізу оқушылардың құқықтық білімі мен сана сезімін адамгершілік тәрбиесін қалыптастыруға септігін тигізеді;

- жасөспірімдердің заңтану мектептері жас жеткіншектерді құқық пен еңбек, азаматтық және қылмыстық заңдар жайлы біліммен хабардар ету мақсатында мұғалімдер басшылығымен, құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен бірігіп жүргізілетін семинарлар және тәжірибелік сабақтар арқылы түрлі тақырыптық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге болады;

- мектеп оқушыларына құқықтық тәрбие берудің келесі бір тиімді нысаны ретінде құқықтық білім факультативтерін пікір-талас (дебат), олимпиада, кештер, сайыстар, әңгіме тақырыптарын жүргізуді айтуға болады.

Сондай-ақ, құқықтық тәрбиелеу мәселесі жеке тұлғаның дамуымен өзара тығыз байланыста болатынын айта кету керек. Бүгінгі таңда, қоғамда рухани-өнегелік тәрбиелеудің жетілдіру сұрақтарына көп назар аударылады. Құқықтық білім беру жүйесі әлемнің құндылықты қатынастарын қорғайтын, заманауи жаһандық мәселелерді шешуге, қатысуға, әлеуметтік қоқан-лоққыларға қарсы тұра алатын жеке тұлғаны тәрбиелеуге бағытталуы керек.

Сондықтан да, құқықтық тәрбиелеуді жүзеге асыру құқықтық білімді қалыптастырумен ғана байланысты, нақты-тәжірибелік сипаттағы шаралармен шектелмейді. Жалпы сипаттағы бағыт ретінде құқықтық тәрбиелеу этикалық, діни, мәдени, психологиялық және өзге де дәстүрлі тәрбиелеумен тығыз

байланысты. Аталғандар өздерінің жиынтығымен заңдылықтың, құқықтық тәртіптің бекуіне, құқықтық мәдениеттің жоғарылауына септілігін тигізеді [7, 36 б.].

Осы орайда айта кететін бір жәйт, халықтың дәстүрлі рухани мұрасының көне нұсқасын ұрпаққа үйрету – бүгінгі таңда қажет-ақ. Халқымыздың ғасырлар бойы қолданған озық тәрбиесінде негізгі түйін – сыннан өткен салт дәстүрін педагогикалық тәжірибеде қолдану. Әр халықтың жас ұрпақ тәрбиелеудегі өзіне тән мәдени мұрасын оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің ықпалы зор. Еліміздің ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық өнерінің болмысын тану, оның озық үлгілерін пайдалану ұрпақ тәрбиелеуде өмір талабына сай демекпіз. Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Тәуке ханның Жеті Жарғысы атанып кеткен заңдарында өрнегі өшпес өнегелі баптар берілген. Соның ішінде Жеті Жарғы көшпелі елдің ел билеу заңына айналды. Өйткені өзіне дейінгі жарлықтарға қарағанда қатал кесім, қанды өлімге тыйым салынып, жазалары барынша жеңілдетілді.

Жарғының екінші саласында үй ішілік тірліктегі сыйластық, байланыстылық, әке мен бала, ене мен келін арасындағы қарым-қатынас, үлкен мен кіші арасындағы сыпайыгершілік, ата-анаға деген құрмет, жастарды тәрбиелеу, баулу сияқты инабаттылық, имандылық шаралары қарастырылды. Өйткені «баланы жастан» дейтін қағиданы қатты ұстанған халқымыз ұл-қызын ибалылыққа үйретіп, имандылық қасиетке икемдеп отырған ғой. Мәселен, ата-анасына тіл тигізген ұлды мойнына құрым байлаған күйі қара сиырға теріс мінгізіп, өзін қамшымен сабап, ауылды айнала шапқылатады, ал қыз баланы қол-аяғы байланып, анасының билігіне беріледі деген ережесі ата-ананы сыйламаған ұл мен қызды бүкіл халықтың көзінше масқаралап, ұялту жазасы арқылы өскелең ұрпаққа тәрбие ретінде көрсету деп түсінеміз [8, 76 б.].

Ендігі жерде қазақ халқын оқу білімге, мәдениетке үндеп, халық ағарту саласында көп еңбек сіңірген бірқатар қазақ демократ ағартушыларының ой-пікірлерін келтірсек. Халқымыздың аса көрнекті ағартушылары - Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов өсер ұрпаққа ұлттық тәлім тәрбие беруде қосқан үлестері мол. Мысалы, Ы. Алтынсарин мектепте ана тілін оқытуға ерекше мән берді. Балаларды халықтық дәстүр, аңыз, әңгіме, мақал-мәтел негізінде оқытып тәрбиелеуге көңіл бөлді. Ол өзінің хрестоматиясында ауыз әдебиеті арқылы жастарды ерлікке, өнерге, жақсы адамгершілік қасиеттерге баулитын үлгілерді енгізді. Ал Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып білім алған.
Би болған, болыс болған мақсат емес,

Олардың бұдан өзге бәрі жалған, - дей келе «білімдіден шыққан сөз талаптыға кез болса екен» - дейді. Абай жастардың дүниетанымдық белсенділігін арттыруға тырысады. Шәкәрім «Өнер ғылым үйренсең еңбек етіп, Мазаң болмай елдікке жетер қолың – деп, білім – ғылым арқылы адамдардың сана сезіміне, наным-намысына, іс-әрекетіне, жүріс-тұрысына әсер ету арқылы қазақ халқын жақсартуды мақсат етеді. А. Байтұрсынов тәрбиелік тағылым аса зор жәйттің бірі – тіл тәрбиесі, жас ұрпақты ана тілінде уызынан жарытып тәрбиелеу мәселесін қозғайды. Ұлттық салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен суырылып, жан-жақты адам болып өсуінің басты шарты, қай жұрттың баласы болмасын алғашқы өз тілінде сауатын ашпайынша, дұрыс кемеліне келе алмайды дейді. Мұның барлығы егеменді елімізге қажетті тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін, ұстанымдары мен қағидаларын белгілеуде қатерлі адасушылықтардың етек алуының алдын-алуда ұлттық тәрбиенің орны ерекше екенін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сорокин В.В. Правосознание в переходный период общественного развития // Журнал российского права. - 2002. № 2. – С. 61-63.
2. . Сапарғалиев Ғ.С. ҚР Этномәдени білім беру тұжырымдамасы.- Алматы, 1991. – 157 б.
3. Жетписбаев Б.А. Ювенальная юстиция. – Алматы: Дәнекер, 2001 – 144с.
4. Бейсебаева С.Б. Жастардың құқықтық мәдениеті: заң ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2004. – 120 б.
5. Матузов Н.И. Правосознание и правовая культура // Матузов Н.И., Малько А.В. Теория государства и права: Учебник.- 2-е., перераб. и доп. - М.: Юристъ, 2003. –776 с.
6. Пралиева Г.К. Правосознание современного Казахстанского общества: Проблемы формирования и перспективы дальнейшего развития: дисс. канд. юрид. наук. – Алматы, 2008. – 148 с.
7. Бейсембаева А.О.Мектеп оқушыларының құқықтық мәдениетін қалыптастыру мәселелері: заң ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2006. -113б.
8. Өсеров Н.Ө. Жеті жарғы. – Алматы: Жеті жарғы, 1995. - 80 б.

Таужанова Р.Ж.

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының
акад.профессоры, з.ғ.к.

Кокешбаева М.Р.

аға оқытушы, қ.м.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ПАЙДА БОЛУЫНЫҢ ШАРТТАРЫ

Құқықтық қатынастар – бұл мемлекетпен қорғалатын қоғамдық қатынастар оңды құқық нормаларының адам тәрбиесіне ықпал етуде пайда болады және субъективтік құқықтарының болуымен және оның қатысушыларындағы заңды міндеттермен сипатталады. Қандай болмасын құқықтық қатынастардың арнайы-ланған белгілері болады:

- заңдық нормалардың негізінде құрылады, құқықтық қатынастардың нысанымен мазмұнын белгілейді;

- екі жақтың өзара субъективтік құқық пен заңды міндеттердің болғанына негізделген;
- бұл ерікті қатынастар себебі құқық нормаларынан басқа қоғамдық қатынастарға қатынасушылардың еркі қажет. Мұнда ерік екі жаққа бірдей (неке, сату-сатып алу) не біржақты (алдын ала тергеу процесінде қылмыстық іс қозғау – мемлекеттің еркі);

- әр уақытта мемлекетпен қорғалады.

Бұл заңды қарым-қатынас, осы бапта көрсетілген, оның ұғымы және ерекшеліктері өздері пайда жоқ екенін түсінген жөн. Олар алдында [заңды фактілер](#). Бұл күнделікті өмірде нақты мән-жайлар болып табылады. Олар құқықтық қатынастардың өзгерістер мен тоқтату, көрінісін әсер етеді. Құқықтық фактілер ресми мемлекеттік ережесі болжамдарын осы болып табылады. Сонымен қатар, осы санаттағы сорттары бар. заңдық фактілердің ең көп таралған сыныптамасы бойынша іс-шаралар мен іс-әрекеттер бөлінеді.

«Заңды факті» атауының пайда болуы неміс заңгері Ф.К.Фон және Савиньидің (тарихи құқық мектебінің негізін салушылардың бірі) атымен тығыз байланысты. Ол өзінің «Система современного римского права» атты еңбегінде (1840 ж.) былай жазған: «Мен пайда болуға әсер ететін, не құқықтық қатынастардың бітуін көрсететін оқиғаны заңды фактілер деп атаймын».

Қазіргі заң әдебиеттерінде заңды фактілерді жүйелеуге көңіл бөлінеді, ал түсініктің өзі көлеңкеде қалады. Авторлар әдетте заңды факторларды белгілеумен шектеледі, ал тәжірибеде бірбеткей құрылады және былай естіледі: «Заңды фактілер – нақтылы өмірлік жағдайлар, құқық нормалары құқықтық қатынастардың пайда болуымен, өзгеруімен, не тоқтатылуымен байланысты».

Құқықтық қатынастардың теориясын зерттеуді бітіру үшін, оның пайда болуына жағдайлар жасайтын айғақтарды еске түсіруміз қажет. Ол үшін бұрынғы, талданған ережелерді біріктіріп, қимылдардың пайда болуы және іске асырылуы тұрғысынан қарап, қайта талдағанымыз жөн, сонда ғана, құқық

қатынастарының мазмұнын оның әлеуметтік - құқықтық бағытын дәл және тереңірек білуге мүмкіндік болады.

Құқық қатынастардың алғы шарттарына құқық нормалары, заңды айғақтар және құқыққа иелік (правосубъектность) жатады. Тек қана, үш алғы шарттар болғанда ғана құқықтық қатынастар пайда болады және қызмет жасайды. Құқықтық қатынастардың пайда болуын және қозғалу динамикасын содан алған мысалдармен қарауымызға болады. Мысалы, белгілі адам ауылды жерден үй сатып алуды шешті. Ол адам өзінің шешімін құқықтық реттеу аясынан тыс іске асыра ала ма, яғни сатушыдан азаматтық құқық нормаларынсыз сатып алуға мүмкіндігі бар ма, ондай келісімдер заңды ма, не заңсыз ба – деген сұрақтарға жауап. Сатып алынатын үйдің иесі болу үшін үш шартты орындау қажет:

1) сатып алушы және сатушылардың құқықтық қабілеттігі және әрекеттілігі болуы қажет;

2) белгілі адамның үйді саяып алуы құқық нормаларына сай болуы керек;

3) сатып алушы сатып алу – сату келісімі бойынша сатушыға ақша төлеп, келісім өз мәнінде дайындалуы қажет. Тек, жоғарыдағы көрсетілген талаптар орындалса ғана, құқық қатынастар пайда болып, өзінің мақсатын орындайды: сатып алушы үйді меншігіне алады, ал сатушы үй үшін өзіне тиесілі ақшасын алады.

Ал енді, құқық қатынастарының туындауының алғы шартының құрамына жоғарыда айтылып кеткендей, құқық нормалары, құқықтық субъектілік және заңды фактілер (айғақтар) жатады.

Құқықтық қатынастар пайда болады, өзгереді не болмаса белгілі өмір жағдайларына байланысты жойылады. Мысалы, шын мәнінде әскерге шақыру айғағы, әскерге шақырылушының әскери қызметтегі құқықтық қатынастарға түсуге негіз болады, одан босату керісінше, құқықтық қатынастарды тоқтатады. Кәмелеттік жасқа келу құқықтық қатынастарды туғызады, яғни азаматтар мемлекеттің жоғарғы өкімет органдарын сайлауға қатынасады. Баланың тууына байланысты, ерлі – зайыптылардың оны өсіріп тәрбиелеу міндеттері туады.

Заңды айғақтар (фактілер) – құқық нормаларымен байланысты құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі не болмаса жойылуы жөніндегі айқын өмір жағдайлары. Заңды айғақтар, құқық нормаларының болжамымен құрылады. Заңды айғақтар, басқа сөзбен айтсақ, құқық нормаларында алдын – ала көрсетілген негізіне байланысты, субъектілердің арасындағы қатынастар арқылы пайда болады [1,48].

Заңды айғақтардың, қоғамдық қатынастарды реттеуге іс жүзінде үлкен маңызы бар. Заңды айғақтардың барлығы не болмаса жоқтығына байланысты, белгілі субъектінің құқығы мен міндеті белгіленеді. Соған байланысты, заңгердің жұмысындағы жан – жақты тексеру және заңды фактілерді дұрыс анықтаудың үлкен маңызы бар. Ол қанадай құқықтық қатынас бар екенін белгілейді, оның мүшелерінің қандай құқықтары мен міндеттері барлығын анықтайды. Мысалы, қылмыс жасау – қылмыс жасаған адаммен жауапты лауазымды адамның (тергеуші, сот) арасындағы қылмыстық – құқықтық

қатынастарды туғызатын заңды айғақтарды дәлелдейді. Тергеуші, сот, белгілі адаммен қылмыс жасалғанын, дәл айғақтарға сүйеніп анықтауы қажет, ол қылмыстық – құқықтық қатынастардың пайда болуына негіз болады.

Құқықтық қатынастардың пайда болуларының алғашқы шарты құқық нормалары болып табылады. Бірақ, мемлекет қабылдаған құқықтық нормалар өзінен - өзі құқықтық қатынастарды реттемейді. Реттеу процесі, тетіктері іс жүзіне асу үшін өмірде болатын жағдайлар қажет. Тек ғана адам әрекеттері және табиғи оқиғалар құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне және жойылуына тікелей әкеліп соқтырады. Бірақ, өмірде, адамның тыныс – тіршілігінде өмірлік жағдайлар өте көп, сан алуан, әр түрлі. Бұлардың барлығы құқықтық қатынастарды қалыптастырмайды. Құқықтық қатынастардың пайда болуы үшін құқық нормаларының гипотезасында көрсетілген, бекітілген өмірдегі жағдайлар қажет. Тек сонда ғана құқықтық қатынастар пайда болады. Өмірдегі болатын жағдайлар заңды маңызы бар фактілер деп аталады.

Тараптарда субъективтік құқық пен міндеттерінің болуы құқықтық қатынастарды әлі тудырмайды, себебі бұл құқықтар мен міндеттер әзірше қағазда қалады. Оларды «жандандыру» үшін белгілі арнайыланған әрбір нақтылы құқықтық қатынастар үшін құқық нормаларымен алдын ала белгіленген жағдайы болуы қажет. Ондай жағдайларға не факторларға заңды фактілер жатады.

Заңды фактілер – нақтылы өмірлік жағдайлардағы құқық нормаларымен байланысты құқықтық қатынастардың пайда болуы, өзгеруі не күшін жоюы.

Заңды факторларға қарапайым тұрмыстық не экстрорди-нарлық (кәдімгідей емес) кездер жатпайды, тек сол өмірлік кездер жатады, егер оған тікелей заңды нормалар көрсетсе (мысалы, Н-нің жоғары оқу орнына түсуге құқығы бар, белгілі деңгейдегі құқықтық қабілеттілігі бар, бірақ ол мүмкіндікті іс жүзіне асыру үшін бір ғана жағдай жетіспейді, сонымен қатар түсуге лайықты тапсырылған емтиханның жоқтығы) [2,112].

Заң ғылымында заңды маңызы бар фактілер деп, өмірде болған жағдайлардың заң және құқықтық нормалары арқылы құқықтық қатынастардың заң және құқықтық нормалары арқылы құқықтық қатынастардың пайда болуын, өзгеруін және тоқтатылуын айтады.

Заңды айғақтар, әрекет ретінде, адамның еркімен байланысты болады. Жекелеген құқық салалары қандай қоғамдық қатынастарды реттеуіне байланысты, өздеріне тән заңды айғақтарды көрсетеді. Әрине, қоғам тек қоғамға пайдалы әрекеттерді реттеуге құштар, сондықтан олар негізгі азаматтардың, ұйымдардың тек құқыққа сай тәртіптерін реттейді. Қоғамға зиян келтіретін әрекеттерді қоғамға қауіпті деп жариялап тиым салады.

Дегенмен, заңды айғақтарды түсініктеме сипатында, олардың мынандай ерекшеліктерін атап өтуге болады:

1. Заңды айғақтар өзінің әлеуметтік табиғатына қарай - өмірлік жағдайлар, олар өзінен-өзі қасиетімен заңды нәтижелерді туғызбайды. Ондай сапа оларға заң нормаларымен беріледі және былай болуы да мүмкін, яғни заң шығарушы қоғамдық қатынастардың дамуындағы бір кезеңде құқықтық нәтижелерді осы

заңды айғақтармен байланыстыруды тоқтатады. Дегенмен, жасалу да заң шығарушының тілегі емес, тек қоғамдық даму заңдылығының ықпалы. Сондықтан, заңды айғақтардың терең қоғамдық табиғаты бар және ол құқықтың тағы да бір тәжірибеге шығуы, тағы да бір рет құқықтық әлеуметтік аямен байланысатын кезі. Сонымен, заңды айғақтар – бұл қоғамдық-заңды құбылыс.

2. Заңды айғақтар құқықтық қатынастардың қимылына жанама түрде көмектеседі (пайда болу, өзгерту, тоқтату). Егер құқықтың субъективтікті ереше жағдайдағы заңды құқық ретінде, жанаса жалпы реттеушілік қалыптағы құқықтық қатынастар, олай болса айғақтар негізіндегі құқықтық субъективтік (жасы, есі дұрыстығы т.с.с.) өзінің табиғатына қарай және әрекет тетігіне байланысты заңды айғақтарға жатады.

3. Заңды айғақтар тек құқықтық нормаларымен қарым-қатынаста болғанда ғана құқықтық нәтижелерді туғызады. Заңды айғақ «жіберетін тетіктің» рөлін құқық нормасына сай орындайды, оны әрекетіне жібереді. Осыған қарағанда заңды айғақтарды құқық нормалары мен құқықтық қатынастардың байланыстырушы ретінде қарау дұрыс сияқты.

4. заңды айғақтарға нұсқау және оларды түсіндіру заң нормаларының гипотезасында көрсетілген. Нормалармен және субъектілермен қатар, заңды айғақтар құқықтық қатынастардың пайда болуының алғышарттарының бірі ретінде көрінеді.

Заңды айғақтар әртүрлі өмірлік жағжайлар сияқты, әралуан және әртүрлі негіздерге байланысты жүйеленуі мүмкін: а) заңды нәтижелердің сипатына байланысты; ә) әрекет сипатына байланысты – бір реттегі әрекет айғақтар (уақыттың өтуіне байланысты, материалдық зиян келтіруіне байланысты) және басқа да жағдайлар (туысқандық жағдай, жұмысқа өабілетсіздік жағдайы); б) құқықтық қатынастар қатысушыларының жекелеген еріктерінің байланысының сипатына сайлық – заңды әрекеттер және заңды оқиға.

Заңды айғақтар, олардың жекеленген субъектілерінің еріктеріне байланысты екі топқа бөлінеді:

Заңды маңызы бар фактілер екі түрге бөлінеді: қимыл (әрекет) және оқиға.

1. Әрекет немесе әрекетсіздік бұл адамның саналы түрде, еркі арқылы, ойлау қабілетімен жасалатын қимылдары. Мысалы, адам , субъект сатып алуда, айырбас жасағанда, құқық бұзушылық жасағанда саналы әрекет немесе әрекетсіздік арқылы өзінің тілегін, мақсатын іс жүзіне асырады. Әрекет екі түрге бөлінеді: құқыққа сай әрекеттер және құқыққа қарсы әрекеттер. Құқыққа сай әрекеттер құқық нормаларының талаптарын бұлжытпай орындаудан туындайтын мінез – құлық. Құқыққа қарсы әрекеттер заң және құқық нормалары тыйым салынған әрекеттер мен құқық бұзушылықтардың жасалуы. Мысалы жұмыста қыдырымпаздық жасау, қызыл светофордан өтіп кету, қылмыс істеу.

Қимыл (әрекет) – болуы адамдардың еркінің сапасына байланысты заңды фактілер. Заңдылық жағынан көзқарас бойынша, барлық адамдардың

қимылдары құқыққа сай және құқыққа сай еместік (құқық бұзушы яғни, қылмыс және етріс қылық) болып екіге бөлінеді.

Құқыққа сай әрекеттерге – құқық нормаларымен алдын – ала белгіленген адамдардың заңды құқықтары мен заңды міндеттерінің пайда болуы жөніндегі өзіне тартатын, заңды айғақтар. Құқыққа сай әрекет заңды айғақтардың негізгі көп бөлігіне жатады және құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне, не болмауына ықпал етеді. Олар құқық нормаларына негізделген әрекеттер болады. Ондай әрекетті адамдардың заңды нәтиже туғызу үшін мақсатпен, не болмаса мақсатсыз жасалуына байланысты.

Өз жағынан құқыққа сай әрекеттер заңды актілерге және заңды қылықтарға бөлінеді.

Заңды актілер – белгілі құқықтық қатынастарға кіру мақсатында, адамдармен арнайы жасалатын құқыққа сай әрекеттер. Мысалы, сатып алу – сату шарты, тергеушінің қылмыстық іс қозғау туралы қаулысы. Әлеуметтік қамтамасыз ету органдарының зейнетақы тағайындау туралы шешімін айтуға болады. Бірінші жағдайда, мүлктік құқықтық қатынастар пайда болса, екіншіде – қылмыстық құқықтық, үшіншісінде – зейнетақылық қатынастар пайда болады. Заңды актілер – құқық нормаларында көрсетілген мақсатқа жету үшін жасалған, адамдардың заңды әрекеттері. Заңды актілер арнайы мақсатпен, заңды нәтиже шығару үшін, қоғамдық игілікті бөлу үшін. Не болмаса заңды міндеттерді жүктеу үшін жасалады. Мысалы, мекеме директорының еңбектегі табыстары үшін жұмысшылар мен қызметкерлерге сыйлық беру туралы бұйрығын айтуға болады.

Заңды қылықтар - құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне не болмаса жойылуына арнайы бағытталмаған, дегенмен өзінің артынан сондай ізін қалдырған құқықтық әрекеттер. Мысалы, азамат газетке бір көкейтесті мәселе жөнінде хат жазады. Газетке мақала шыққаннан кейін, хат иесіне авторлық құқық пайда болады, бірақ ол алдына ондай мақсатты қоймаған болатын. Заңды қылықтарды жасаған кезде, ешкім де белгілі құқықтық нәтиже шығаруды көздемейді, олардың мақсаты өзінің еңбегімен, қабілетімен іс жүзіндегі нәтижеге ие болу.

Құқықтық емес әрекеттер (құқық бұзушылық) – құқықтық нормалардың талабына қарсы келетін заңды айғақтар. Құқықтық емес әрекеттер, еліміздегі белгіленген құқықтық тәртіпті бұзады. Барлық құқық бұзушылық қылмыс және қылық болып екіге бөлінеді. Қылмысқа – қылмыстық құқық бұзушылық жатады. Қылықтар – тәртіптілік, әкімшілік және азаматтық – құқыққа бөлінеді.

Қиындық деңгейіне байлансты заңды оқиғалар жекеше заңды актілер және айғақтарға сай құрамдар (заңдылық айғақтар жүйесі) болып бөлінеді.

Құқықтық мәртебе (статус) – белгілі адамдардың және ұйымдардың құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы (азаматтар, азаматтығы жоқтар, шетел азаматтары, ұйымдар, лауазымды адамдар, заңды тұлғалар).

Заңды тұлға - өз алдына мүлкі болады, құқықтық қабілеттілік берілген, өз атынан мүлктік құқығы бар және міндеттер атқарады, сотта, арбитражда және

үштік сотта жауапкер, арызданушы бола алады, банкте есеп ашады, өзінің мөрі болады.

Мүліктік және азаматтық – құқықтық қатынастардың субъектісі бола алады.

2. Оқиға – адам санасынан тыс болатын жайттар. Мысалы жай түсу, тасқынның болуы, жер сілкіну, табиғи өлім, өрттің шығуы. Оқиға негізінде табиғи апаттардың салдарынан болатын құбылыс. Мысалы үйге жай түсіп, өртенген болса, егер ол сақтандырылған болса, сақтанушы болған заңды тұлға үйдің құнын төлеуге міндетті. Бұл жерде сақтандырылған мен сақтандырушының арасында сақтандыру келісім шарты бойынша құқықтық қатынастар пайда болады [3,121].

Заңды айғақтар туғызатын оқиғалар, адамның еркімен байланысты емес, олармен жоспарланбайды. Олар табиғаттың құбылысы ретінде болады, табиғи күштің нәтижесі ретінде көрінеді: жай түсу, жер сілкінісі, судың тасуы және т.б. Оқиғалардың бәрі бірдей, заңды айғақтарға жатпайды, тек қоғамдық қатынастарға ықпалын тигізетін құқықта алады – ала көрсетілгендері ғана жатады. Кейбір кездерде әрекет және оқиға өздерінің нәтижелеріне байланысты бір – біріне дәл келеді және бірдей болып көрінуі мүмкін. Қандай кезде болмасын оқиға ма, не адамдардың әрекеті ме, білу мақсатында талдау жүргізілуі керек. Мысалы, кенеттен қойма өртеніп кетеді, өрт адамдардың әрекетімен (от қою), табиғи күштің әсері (жай түсу) болуы мүмкін, сонда ғана оқиға болып есептеледі.

Оқиға мен әрекет сияқты қатарлас, үшінші топтағы заңды айғақтар бөлініп шығады – күй (хал – жай). Олардың ерекшелігі сонда, олар адамдардың еркіне тәуелді және тәуелсіз де болуы мүмкін. Мысалы, адамдардың бір – бірімен келісімі бойынша некеге тұрмай-ақ шын мәнісіндегі, некелік қатынаста болуы, сот арқылы әке болуды мойындаудың негізі бола алады.

Оқиғалар абсолютті және салыстырмалы болуы мүмкін.

Абсолютті оқиға адам еркімен байланысты емес (мысалы, табиғи қиыншылықтар).

Салыстырмалыға сол құқықтық қатынастың қатысушыларының еркіне байланысты емес оқиғалар жатады, бірақ басқа адамдарың еркіне байланысты болады. Мысалы, кісі өлтіру қылмыстық құқықтық қатынастарға заңсыз әрекет болса, мұрагерлік, азаматтық құқықтық қатынастарға – заңды оқиғаға жатады.

Заңды айғақтар және оны жіктеу. Заңды айғақтарды толық зерттеуге және оларды белгілеп шешуге іс жүзінде, көмек беру үшін, оларды ғылыми түрде жіктеу қажет. Өндіріс процесінде және күнделікті өмірде адам көптеген әртүрлі анық айғақтармен қоршалған, олар әртүрлі бағамен маңыздылыққа ие. Олардың кейбіреулері құқық тұрғысынан бағаланса, басқалары - әлеуметтік нормалар тұрғысынан болады.

Заңды айғақтарды оқып білудегі ғылыми бағалылықтың іс жүзіндегі мәні сонда, олар құқықты өмірмен байланыстырады, оған «күш» береді, содан кейін, құқық өзінің алдындағы негізгі мақсатын орындауға кіріседі. Құқықтық қатынастардың болуы үшін, әдеттегідей тек құқықтық нормалардың болуы

жеткіліксіз. Оның қимылы өз - өзінен құқықтық қатынастарды туғызбайды. Құқықтық нормалар мен құқықтық қатынастардың екеуіне ортақ – заңмен белгіленген заңды айғақтар жатыр. Заңды айғақтарда оны қолдану, не іске асырудың жағдайлары көрсетілген және құқық нормаларының болжамымен қамтылады.

Заңды айғақтар тұрақта бекім қалмайды. Уақыт өткен сайын олардың мемлекеттік бағасы өзгеріп отырады. Мысалы, біраз уақыт бұрын мекемелерді басқарушылардың шаруашылық туралы бастамалары мемлекетпен мойындалған, бірақ, кейбір кездерде қылмыстық жауапқа да тартуға болатын.

Бір кездерде, құқықтық қатынастар бір ғана, заңды айғаққа байланысты болса, басқа кездерде, олардың жиынтығына байланысты болады. Ондай жиынтық, не заңды айғақтар жүйесі, заңды құрам деп аталады. Қоғамдық қатынастардың қиындығы, заңды айғақтардың арасындағы қарым – қатынастар, тұтас заңды құрамның құқықтық қатынастардың пайда болуына негіз ретінде қажеттігін белгілейді. Бірен – саран айғақтар белгілі адамға субъективтік құқықпен заңды міндеттер туғызбайды, тек ондай мүмкіншіліктің болуына алғышарттар, олар тағы да бірнеше заңды фактілер болса ғана, шындыққа айналады. Олардың өздерінің жиынтығымен белгілі құқықтық қатынастардың пайда болуына қажетті негіз бола алады. Мысалы, жоғарғы оқу орнының студенті болу үшін, бірнеше заңды айғақтар қажет: орта мектепті бітіргендігі туралы құжат тапсыру, ректордың бұйрығы мен конкурсқа байланысты оқуға тіркелу.

Заңды құрамда, барлық заңды айғақтар бір – бірімен қисынға сәйкестілікке және қарым – қатынаста болады. Олардың бірінің жоқ болуы, барлық заңды құрамды бұзады және сондықтан оның артынан жүруге міндетті құқықтық қатынастар болғандықтан, заң шығарушылар, істердің айғақтарға сай толық тексерілуін және олардың бұлтартпайтын дәлелдерге сүйенуін талап етеді. Субъектілерге игілік жасау және міндеттер жүктеу, әр уақытта істің материалдарымен негізделінуі қажет. Көптеген заңды айғақтар, ресми құжаттармен расталады: куәліктермен, төлқұжатпен, еңбек кітапшасымен, дипломмен т.б. Егер, сол не басқа құжаттардың дұрыстығы күмәнді болса, онымен белгілі мемлекет органдары тексеріс жүргізуге құқығы бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Өміржанов Е. Мемлекет және құқық теориясы. – Астана, - 2014. – 245 бет.
2. Ағдарбеков Т.А., Ағдарбекова З.Т., Данишбаева М.С. Мемлекет және құқық теориясы. – 2012 ж. – 112 б. .
3. Найманбаев С.М. Сақтандыру құқығы. – Алматы: Жеті жарғы. 2007. -- 448 бет.

Тасыбаева С.К.
Д.А. Қонаев атындағы
Еуразиялық заң академиясының 3 курс докторанты
Тасыбаев Р. Н.
старший преподаватель кафедры правовых дисциплин Казахской Академии
труда и социальных отношений

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗАМАТТАРДЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау мәселесі қашан да қоғам үшін өзектілікке ие. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 23-бабында әрбір адамның еңбек етуге, жұмысты еркін таңдауға, әділ және қолайлы еңбек жағдайларына және жұмыссыздықтан қорғалуға құқығы бар екендігі айқындалған. Жұмыс істейтін әрбір адам өзінің және оның отбасының лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететін әділ және қанағаттанарлық сыйақы алуға құқылы.

Жұмыскер мен жұмыс беруші арасында еңбек қатынастары туындағанда, жұмыс беруші тарап басымдыққа ие болғандықтан, тәжірибеде екінші тараптың еңбек құқықтарын бұзу қаупі туындап отырады. Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) жұмыскерлердің құқықтарын қорғаудың ұлттық құқықтық тетіктерінің тиімділігін арттыру мәселесіне елеулі алаңдаушылық білдіре отырып, еңбек құқықтық қатынастары туралы 15.06.2006 жылғы өз ұсынымында еңбек құқықтарын қорғауды ұйымға мүше мемлекеттер әзірлеуі және жүргізуі тиіс ұлттық саясат дәрежесіне көтерді. ХЕҰ өмір сүру кезеңінде еңбек саласындағы барлық мәселелерді қамтитын конвенциялар мен ұсыныстар қабылдады [1, 63].

Өз кезегінде Қазақстан Республикасы Конституцияға сәйкес өзін әлеуметтік мемлекет деп орнықтырады, әлеуметтік мемлекеттің негізгі саясаты адам және азаматтың лайықты өмірі мен дамуын, олардың денсаулығы мен еңбек құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге жағдай жасауға бағытталған, сондай-ақ әркім қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сәйкес келетін жағдайларда жұмыс істеуге құқылы. Сәйкесінше, еңбек саласында азаматтарға тиісті жағдай жасау мемлекет пен қоғамның маңызды міндеті болып табылады.

2020 жылы тыныс-тіршіліктің барлық саласына соққы берген covid-19 коронавирустық инфекция пандемиясы салдары мемлекетке халықты әлеуметтік қорғау және карантиндік шектеулердің қолайсыз салдарын жеңілдету мәселесін аса өзекті етті. Елде төтенше жағдай енгізілгендіктен елімізде азаматтардың еңбек құқықтары мен бостандықтары едәуір шектеуге ұшырап отырды. Оның ішінде жұмыссыз қалу, карантинге байланысты еңбек

ету уақытының қысқаруы, кейбір жеке меншік кәсіпкерліктердің жабылуы және т.б. жағдайлар орын алды.

Халықтың әлеуметтік әл-ауқаты тұрақталмай, кейбір жұмыс берушілердің жұмыскерлердің еңбекақыларын уақытылы төлемей қоюы, еңбек қатынастарын дұрыс ресімдеуі, жалақыны ұстап қалуы сияқты әрекеттердің салдарынан ҚР Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің атына ел тұрғындарынан арыздар, оның ішінде әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша 22 өтініш келіп түскен [2]. Еңбек заңнамасын бұзу жағдайлары жиіледі және көп жағдайда жұмыс беруші тарапынан олқылықтар көптеп кетіп жатады.

ҚР Еңбек кодексіне сәйкес, әркімнің қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай келетін жағдайларда еңбек етуге, еңбегі үшін қандай да бір кемсітушіліксіз сыйақы алуға құқығы бар [3].

Қазақстан Республикасының Конституциясында 24-бабының 1- тармағына сәйкес: «Әрбір адам еңбек еркіндігіне, мамандық және қызмет түрін еркін таңдауға құқылы. Еріксіз еңбекке тек сот үкімі бойынша, яки төтенше немесе әскери тәртіп жағдайында жол беріледі» делінген [4].

Конституцияның 24- бабының 1- тармағында бекітілген еңбек еркіндігі құқығы, өз бетімен өзінің еңбек мүмкіндіктерін басқару, қызмет түрі мен мамандықты таңдау, тек қана әркімнің өз құқығын түрлі жолдармен ерікті қалауын білдірген кезде жүзеге асады, еңбек келісім шарты бойынша жалдау, кез келген жеке меншік түріндегі ұйымдарда, әскери және мемлекеттік қызметті атқару, арнайы білімі жоқ заңды тұлға немесе шаруашылық серіктестік қатысушысы, өндірістік кооператив немесе шаруашылық (фермерлік шаруашылық) мүшесі, сонымен қатар азаматтық- құқықтық келісім шарттар шеңберінде (авторлық келісім шарт, мердігерлік келісім шарт, тапсырма келісім шарты және т.б) кәсіпкерлік қызметпен айналысу әрбір тұлғаның еркіндігін қамтыған.

Қазіргі кезде еңбек қатынастары саласында екі жағымсыз үрдіс пайда болды, атап айтқанда жұмыскерлердің еңбек құқықтарының бұзылуы санының өсуі және оларды сотпен қорғаудың төмендігі. Жұмыскерлерді жұмыстан босату, жалақыны кеш төлеу немесе мүлдем төлемей, зейнетақы төлемдерінің болмауы, сондай-ақ еңбек кітапшаларында жазбалардың болмауына байланысты талап арыздар саны, тиісінше соттардағы азаматтық істер саны едәуір артқан. Мысалы, 2019 жылы тек Көкшетау қалалық сотымен еңбек өтілін белгілеу туралы 274 өтініш қаралған [5, 69].

Адамның құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау – мемлекеттің негізгі міндеті. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Әркімнің білікті заңгерлік көмек алуға құқығы бар [4].

Бірақ белгілі болғандай, елімізде халықтың басым бөлігі өздерінің құқықтары туралы, тіпті оларды қорғау жолдарын біле бермейді.

Мысалы, азаматша А.Р. Утегенованың жұмысқа қайта алу және амалсыз бос жүрген уақыт үшін ақы төлеу туралы талап арызын талдайық. (азаматшаның тегі, аты, кез-келген басқа жеке деректер әдейі өзгертілді).

Азаматша А.Р. Утегенованың Шу аудандық сотында қойған талабы келесідей:

1. Жамбыл облысы, Шу ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «Ермұхан Бекмаханов атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры М.М. Оразовтың 2020 жыл 3 наурыздағы еңбек шартын бұзу туралы № 100 ж/қ бұйрығын заңсыз деп тауып, талапкер А.Р. Утегенованы ағылшын тілі пәнінің мұғалімі лауазымына қайта алу;

2. Еңбек шартының заңсыз бұзылуына байланысты амалсыз бос жүрген уақыты үшін ала - алмай қалған жалақы мен өзге де тиесілі төлемдерді өтеу;

3. Азаматтық істі қараумен байланысты сот шығындарын жауапкерге жүктеу болып табылады.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-IV Салық кодексінің 616-бабына сәйкес соттарда еңбекке ақы төлеу сомаларын өндіріп алу туралы талап қою және еңбек қызметіне байланысты басқа да талаптар бойынша талапкер мемлекеттік баж төлеуден босатылады [7].

А.Р. Утегенова (бұдан әрі - Талапкер) 2017 жылы Жамбыл облысы, Шу ауданы әкімдігінің білім бөлімінің «Ермұхан Бекмаханов атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры М.М. Оразовтың (бұдан әрі – Білім мекемесі) 2017 жылғы 1 қыркүйектегі № __ бұйрығы негізінде ағылшын тілі пәнінің мұғалімі лауазымына тұрақты түрде жұмысқа қабылданған.

Алайда Еңбек шарты Білім мекемесі директорының 2020 жыл 3 наурыздағы еңбек шартын бұзу туралы № 100 ж/қ (бұдан әрі – Бұйрық) бұйрығымен Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің (бұдан әрі – Еңбек Кодексі) 52 бабы 1 тармағының 8, 14 және 16 тармақшаларына сәйкес бұзылған.

Талапкер А.Р. Утегенова Білім мекемесі директорының жұмыстан шығару туралы бұл бұйрығын негізсіз деп санайды және Білім мекемесінің бұл бұйрығымен келесі негіздер бойынша келіспейтіндігін мәлімдейді :

1. Еңбек Кодексінің 53 бабының 6 тармағына сәйкес жұмыскермен осы Кодекстің 52-бабы 1-тармағының 8,14 және 16 тармақшаларында көзделген негіздер бойынша еңбек шартын бұзу осы Кодекстің 65-бабында көзделген

тәртіптік жаза қолдану тәртібі және осы Кодекстің 66-бабының талаптары сақтала отырып жүргізілуі тиіс болатын.

Кодекстің 65 бабының 5 тармағына сәйкес Жұмыс беруші тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрық шығарылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде тәртіптік жазаға тартылған жұмыскерге қолын қойғызып хабарлауы тиіс. Жұмыскер жұмыс берушінің актісімен танысқанын қол қойып растаудан бас тартқан жағдайда, жұмыс беруші тәртіптік жаза қолдану туралы актіде бұл туралы тиісті жазба жазуы тиіс.

Білім мекемесінің талапкерге қатысты шығарған сөгіс бұйрықтары негізсіз және заң бұзушылықтарға жол берілген. Себебі, біріншіден, Білім мекемесі талапкер А.Р. Утегеноваға бұйрықпен заңмен белгіленген мерзімде таныстырмаған, екіншіден, бұйрықта талапкердің бұйрықпен танысудан бас тартқаны туралы тиісті жазба жасалмаған, үшіншіден, Білім мекемесінің талапкер А.Р. Утегеноваға қатысты шығарылған бұл бұйрығы Еңбек Кодексінің 65 бабының 5 тармағының талабына сай рәсімделмеген және негізсіз деп танылады. Демек, талапкердің тарапынан жоғарыда көрсетілген 2020 жылғы 3 наурыздағы еңбек шартын бұзу туралы № 134 ж/қ бұйрыққа арқау болған Еңбек Кодексінің 52 бабы 1 тармағының 14 тармақшасының талабы бұзылған жоқ.

Сонымен, жоғарыда көрсетілген еңбек шартын бұзу туралы бұйрыққа негіз болған Еңбек Кодексінің 52 бабы 1 тармағының 16 тармақшасы - тәртіптік жазасы бар жұмыскер еңбек міндеттерін дәлелді себепсіз қайталап орындамауы.

«Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 9 нормативтік қаулысының 16 тармағына сәйкес Сот көзделген негіз бойынша жұмыстан шығарылған адамды бұрынғы жұмысына қайта алу туралы талап қоюды шешу кезінде жұмыскердің бұрын сол үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылған теріс қылық жасаған-жасамағаны, осы тәртіптік жазаны қолданудың заңнамалық актілерде белгіленген тәртібі мен мерзімдерінің сақталған-сақталмағаны, жұмыскердің еңбек міндеттерін дәлелді себептерсіз қайталап орындамау немесе қайталап тиісінше орындамау белгісінің бар-жоғы туралы дәлелдемелерді зерттеуге міндетті [6].

Егер сот істі қарау кезінде адамды бұрын жасалған теріс қылығы үшін тәртіптік жауаптылыққа тарту заңнаманы бұза отырып жүргізілгенін анықтаса, онда қайталану белгісі алып тасталып, талап қоюшы бұрынғы жұмысына қайта алынуға тиіс. Сондай-ақ қайталануды айқындау кезінде жұмыскерде, оның бірінші теріс қылыққа ұқсас қандай тәртіптік теріс қылықты қайталап жасағанына немесе басқа тәртіптік теріс қылық жасағанына қарамастан,

тәртіптік жазаның қолданылу кезеңінде оның түрлерінің (ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс) біреуінің бар болуын басшылыққа алу қажет. Еңбек шартын бұзудың негізінде жұмыскерге еңбек міндеттерін дәлелді себептерсіз қайталап орындамағаны немесе қайталап тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік жаза қолдану көзделген.

Бұл ретте, сот жұмыскердің Еңбек кодексінің 65-бабында көзделген тәртіппен тәртіптік жауаптылыққа тартылған бұрын жасалған тәртіптік теріс қылығы болған кезде ғана еңбек шартын осы негіз бойынша бұзуға мүмкін болатынын назарда ұстауы тиіс.

Ал Білім мекемесі басшылығы жоғарыда көрсетілген еңбек шартын бұзу туралы бұйрықта ешқандай дәлелді себепсіз талапкер А.Р. Утегеноваға қатысты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 16 тармақшасын қолданған.

Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 9 нормативтік қаулысының 22 тармағына сәйкес Жұмыс беруші тәртіптік жаза түрін айқындаған кезде Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18) тармақшаларында көзделген жағдайларда еңбек шартын бұзуды қолдануға құқылы. Алайда, егер сот еңбек тәртібін бұзғаны үшін еңбек шарты бұзылған адамды жұмысқа қайта алу туралы істі қарау кезінде теріс қылық шынында да орын алған, бірақ еңбек шартын бұзу ҚР Еңбек кодексінде белгіленген тәртіптік жаза қолдану тәртібін немесе мерзімін бұза отырып жүргізілген деген тұжырымға келсе, жұмыскер жұмысқа қайта алынуы мүмкін.

Еңбек кодексінің 159 бабы 1 тармағына сәйкес жұмыс беруші мен микрокәсіпкерлік субъектінің, жұмыскерлерінің саны он бес адамнан аспайтын коммерциялық емес ұйымның жұмыскері, үй жұмыскері, заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органы, заңды тұлға атқарушы органының басшысы, сондай-ақ заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басқа да мүшелері арасында туындайтын дауларды қоспағанда, жеке еңбек дауларын - келісу комиссиялары, ал реттелмеген мәселелер не келісу комиссиясы шешімінің орындалмауы бойынша соттар қарайды.

ҚР Еңбек кодексінің 160 бабының 1) тармақшасында жұмысқа қайта алу туралы даулар бойынша - еңбек шартын тоқтату туралы жұмыс беруші актісінің көшірмесі келісу комиссиясына табыс етілген немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап бір ай, ал сотқа жүгіну үшін - реттелмеген даулар бойынша жүгінген кезде не еңбек шарты тарапы келісу комиссиясының шешімін орындамаған кезде келісу комиссиясы шешімінің көшірмесі табыс етілген немесе табыс

етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы жіберілген күннен бастап екі ай мерзім көрсетілген. Сонымен бірге осы баптың 2) тармақшасы мен соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 9 нормативтік қаулысының 4 тармағында жеке еңбек дауының тарабы Еңбек кодексінің 160-бабында көзделген келісу комиссиясына жүгіну мерзімін өткізіп алған жағдайда да, келісу комиссиясы Конституцияның 13-бабы 2-тармағының және Еңбек кодексінің 159-бабының ережелерін негізге ала отырып, оның арызын шешім шығара отырып қарауға тиіс, бұл осы шешіммен келіспейтін тараптың одан әрі сотқа талап қойып жүгіну құқығын іске асыруына мүмкіндік береді және де жеке еңбек дауларын қарау бойынша жүгіну мерзімінің өтуі қаралып жатқан еңбек дауы бойынша медиация туралы шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ келісу комиссиясы болмаған жағдайда, ол құрылғанға дейін тоқтатыла тұрады деп көрсетілген. Ал Білім мекемесінде келісу комиссиясы атымен болмаған. Оған дәлел талапкер А.Р. Утегенованың жоғарыда көрсетілген жұмыстан заңсыз шығарылуына байланысты берген өтінішіне жауапты Білім мекемесінің келісім комиссиясы емес Аудандық білім бөлімінің бөлім басшысының м.а. Ж. Давыдованың беруі.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 121-бабы 1 тармағына сәйкес жұмыс беруші жұмыскердің алмай қалған жалақысы мен оған тиесілі өзге де төлемдерді жұмыскер басқа жұмысқа заңсыз ауыстырылған, жұмыскер жұмыс орнына заңсыз жіберілмеген, еңбек шартының талаптары біржақты заңсыз өзгертілген, жұмыстан заңсыз шеттетілген, еңбек шарты заңсыз бұзылған жағдайларда, оған өтеуге міндетті [3].

Жоғарыда көрсетілген мысалда Білім мекемесі тарапынан еңбек заңнамасын өрескел бұзушылық көрінеді. Талапкер А.Р. Утегенованың жазған арызы еш жерде тіркелмеген. Себебі, келісім комиссиясына жүгіну құқығы мерзімінің өтіп кетуіне байланысты Білім мекемесі қабылдамаған. Осы жерде мәселе туындайды: біріншіден, талапкер мүлдем құрылмаған келісім комиссиясына қалай жүгінеді және қашан қаралады, қандай құрамда?! соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 9 нормативтік қаулысының 4 тармағында жеке еңбек дауының тарабы Еңбек кодексінің 160-бабында көзделген келісу комиссиясына жүгіну мерзімін өткізіп алған жағдайда да, келісу комиссиясы Конституцияның 13-бабы 2-тармағының және Еңбек кодексінің 159-бабының ережелерін негізге ала отырып, оның арызын шешім шығара отырып қарауға тиіс, бұл осы шешіммен келіспейтін тараптың одан әрі сотқа талап қойып жүгіну құқығын іске

асыруына мүмкіндік береді және де жеке еңбек дауларын қарау бойынша жүгіну мерзімінің өтуі қаралып жатқан еңбек дауы бойынша медиация туралы шарттың қолданылу кезеңінде, сондай-ақ келісу комиссиясы болмаған жағдайда, ол құрылғанға дейін тоқтатыла тұрады деп көрсетілген. Демек, талапкердің талабы орынды.

Бұл елімізде орын алған және шешімін тапқан бір ғана мысал. Ал қоғамда өз құқықтарын қорғай алмай жүрген азаматтардың қаншалықты көп екендігін ескерсек, еңбек дауларының алдын алу және оларды сотта қорғау, медиация, келісім комиссиясын құру, яғни еңбек заңнамасына қайта өзгеріс енгізу қажет екендігін ұғынамыз.

Жалпы алғанда, жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау ұғымын кең және тар мағынада ажырату керек. Тар мағынада - бұл еңбек құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету, оларды бұзудан қорғау, оның ішінде алдын-алу, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру. Кең мағынада, еңбек құқықтарын қорғау деп еңбекті қорғау функциясын жүзеге асыруды түсіну керек.

Демек, еңбек құқықтарын қорғау кең мағынада тар мағынада қорғауды, сондай-ақ осы құқықтарды қорғаудың келесі әдістерін қамтиды:

1) еңбек жағдайларының деңгейін, еңбекке тұрақты ақы төлеуді, еңбек заңнамасымен және жергілікті деңгейде ұжымдық шарттармен, келісімдермен, еңбек заңнамасымен толықтырылатын, арттырылатын, дамитын негізгі еңбек құқықтарының кепілдіктерін заңнамамен белгілеу. Яғни, қызметтің барлық салаларында дұрыс жұмыс істеу, жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасындағы жанжалды жағдайларды азайту үшін еңбек жағдайларының тиісті деңгейін құру қажет.

2) тікелей және өкілдік ретінде өндірістік демократияны дамыту (кәсіподақтар және қызметкерлердің басқа да өкілдері арқылы), қызметкерлердің өздері ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын айқындауға да, ұжымдық шарттарды ұйымда жасасу міндеттілігін белгілеуге де қатысатын болса, осының бәрін тек жұмыс берушінің шешуіне бермей-ақ қоюға құқылы. Қарапайым тілмен айтқанда, жұмысшылардың өкілдеріне «дем беру» қажет.

3) жұмыскерлер арасында еңбек заңнамасын барлық тәсілдермен (БАҚ арқылы дәрістер, семинарлар, жиналыстар және т. б. арқылы) кеңінен насихаттау, сондай-ақ тиімді тәсілдерді көрсету практикасын пайдалана отырып, оның жұмыс берушілері мен олардың өкілдерін (әкімшілікті) оқыту қажет болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бекияшев Д.К. Международное трудовое право (публично-правовые аспекты) Учебник. Москва : Проспект, 2015 г. – 280 с.;
2. ҚР Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2020 жылғы есебі. <https://www.gov.kz/memleket/entities/ombudsman/documents/details/166034?lang=kk>;
3. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. 07.07.2020 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен (<http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414>);
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2019.23.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі;
5. Бухаева А. А., Смагулова А.А. «Конституционное право на защиту труда в Республике Казахстан». Журнал «Science & Reality» № 4 . 2020. С.69.
6. «Соттардың еңбек дауларын шешу кезінде заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 6 қазандағы № 9 нормативтік қаулысы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P170000009S>
7. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ.

Тимурұлы А.

Д.А.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының
магистранты

Ғылыми жетекші: Таужанова Р.Ж.

профессор, з.ғ.к.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ

Еліміздің Ата Заңында демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялануымен қатар, өзінің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандығы екенін, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық екенін айқындап бергелі және осы қағидалардың толықтай қамтамасыз етілгеніне 30 жылдай болып отыр. Ал осы сөйлемнің екінші жолынан мемлекеттің ең басты байлығы – халық, әрбір азамат екендігі анық көрініп тұр. Сонымен бірге, экономиканың өрлеуі мен халықтың әл-ауқатының жақсаруына да ықпал етті. Тоғыз бөлімнен тұратын

Конституцияда «Адам және азамат» деп аталатын бөлім елдің ең асыл қазынасы – адам және оның құқықтары мен бостандығын қорғауға арналған. Атап айтқанда, 30-бап адамның құқығы мен бостандығы өмірге келген сәтінен бастап, оған тиесілі екенін және оған ешкімнің қол сұғуына жол берілмейтінін бекітеді [1].

Адам құқықтары мен бостандықтары – тұлғаның рухани және материалдық игіліктерге жетуінің құралы, биліктің механизмі, ерік білдірудің заңды түрі, өз мүдделерінің жүзеге асуының басты факторы. Сонымен қатар, тұлғаның өзін-өзі дамытуының міндетті алғышарты, оның қоғамдағы орнын нақтылау, әрі артықшылықтарын көрсетудің бір түрі. Осыған сәйкес Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалу кепілдігін нығайта түсті.

